

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті

А.Ж.Утешева

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Оқу құралы

Шымкент
2021

УДК 80(075.8)

ББК 81.2-5 я7

У 82

Оқу құралы Халықаралық гуманитарлық техникалық университетінің оқу-әдістемелік кеңесінің шешімімен басылымға ұсынылған
(хаттама №4 «25» ақпан 2021 ж.)

Пікір жазғандар:

Коваленко И.В.- педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы,
М. Сапарбаев институты
Досбаганбетова А.Т. - ҚР Мәдениет саласының үздігі, ОҚМПУ

Утешева А.Ж.

У32 Сөйлеу мәдениеті : оқу құралы.- Шымкент : ХГТУ, 2021. -80 б.

Утешева А.Ж.

ISBN 978-9965-03-321-6

Оқу құралында болашақ музыка пәні мұғалімнің сөйлеу мәдениеті және оның тұлғаның іс-әрекетін ұйымдастырудағы ролі, атқаратын функциясы, сөйлеу мәдениеттілігінің тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсері, сөйлеу тілінің мәдениеттілігі, сапалық көрсеткіштері, шеберлігі сипатталған. Мұғалімнің сөйлеу тілінің коммуникативтік және экспрессивтік қызметі.

Оқу құралы 6В01401 - Музыкалық білім беру бағдарламасының студенттеріне арналған. Оқытушыларға, магистранттарға, жоғары және арнаулы орта оқу орындарының студенттеріне ұсынылады.

УДК 80(075.8)

ББК 81.2-5 я7

ISBN 978-9965-03-321-6

Басылымға жауапты Утешева А.Ж.,2021
© Халықаралық гуманитарлық техникалық университеті, 2021

Кіріспе

Келе жатқан дәуір ұлттық бәсеке, мәліметтілік сайыс, гуманитарлық технологиялар, психологиялық өзгерістер сияқты көрінісімен елестейді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматты өсіру мемлекетіміздің ең маңызды стратегиясы. Сондықтан интеллектуалды ірі мемлекеттік позицияны сақтап қалу, тіпті ұлттық қауіпсіздік пен стратегиялық приоритетіміздің бір шешімі болашақ ұстаз қолында.

Жалпы білім беретін қазақ мектептерінің оқушыларына ұлттық тәрбие берудің және оған болашақ мұғалімдерді дайындаудың бағдарлы идеялары еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2030» халыққа Жолдауының «Қазақстан мұраты» бөлімінде былай айтылған: «...Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, кәзіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар... күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады... Олар ұрпақ тәрбиесінде дана болады: оның саулығына, біліміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды...». Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері: ...азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, ...әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру», - делінген.

Мұғалім қызметі - өскелең ұрпақтың мәңгі өзгермелі қарама-қайшылығы мол жан дүниесіне ене білуде. Әлі толықпаған сәби жанын жасытып, жаралап алмас үшін мұны әрқашан да есте сақтау қажет. Педагогтың шәкірт пен шынайы достық қарым-қатынасын ешбір оқулықпен алмастыруға болмайды. Парасаттылық ақыл - оймен, ар-ұят – парыздылықпен, өз ұлтына деген сүйіспеншілік – соған адал қызмет етумен тәрбиеленеді.

Мұғалімді адам жанының инженері, мінез-құлық сәулетшісі, ауру шипагері, ақыл-ой мен естің жаттықтырушысы, ой мен сезім дирижері, тәрбиеленушінің әділ қазысы, жас өркенді мәпелеуші бағбан деп атайды.

Болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын сөйлеу мәдениеттілігі тұрғысынан қалыптастыру, яғни мұғалімнің тек кәсіби сапасына ғана емес, тұлғалық сипатына, адамгершілік қасиетіне, моральдық бет-бейнесіне ден қою көп көңіл аударарлық мәселе.

Педагог тұлғасы біршама сапалық қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Бұл сапалық белгілер тұрақты түрде дәлелденуі тиіс. Мұғалім тұлғасы дәстүрлі

түрде психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде сапалық жіктеліміне қарай мынадай топтарға бөлінеді: іскерлік, тұлғалық, жалпы, ерекше және жеке.

Мұғалім-дәрігер мамандығы сияқты ертеден келе жатқан мамандықтың бірі. Ол ұрпақтар арасын байланыстырушы. Орыстың ұлы педагогі К.Д Ушинский мұғалім жайлы былай дейді: “Жас жеткіншекті тәрбиелеуде оқулық арқылы да , моральдік көтермелеу арқылы да, жазалау арқылы да әсер ете алмайтын күшті мұғалімнің жеке жақсы оқу бағдарламасы, тәрбие әдісі болсын, ол тәрбиеші болмаса, жай сөз болып қала береді. Тәрбиеші ешқашан айтқанды көзсіз орындаушы бола алмайды, ол өз жүрегінің жылуын беруші, жанымен сезінуші болғанда ғана тәрбиеші бола алады”.

Ұлы педагог және қоғам қайраткері Ы.Алтынсарин: “Мектепте мұғалім – басты тұлға, онымен басқа ешкім теңесе алмайды” - дейді.Ы.Алтынсарин өз еңбектерінде адам және оны биік адамгершілік тұрғыда тәрбиелеудің жолдары туралы айтады. Ол адамның шығармашылық күшіне сенеді. Адамның адамдық қасиеті, өмірдегі орны еңбек арқылы көрінетіндігін айтады. Тәрбие ісінде Ы.Алтынсарин халық даналығына сүйенеді.

Осының бәрін іске асыру үшін аға ұрпақтың ісіне сәйкес кәсәби шеберлігін шыңдауға шаршамайтын, ұстаздықта жалықпайтын, жаңалыққа құштар, ізденімпаз, өз ісіне адал, сөйлеу мәдениеттілігі жоғары музыка мұғалімін даярлау қажет. Осы қасиетке ие болуды «Сөйлеу мәдениеті» пәні қарастырады. Болашақ музыка пәні мұғалімнің сөйлеу тілі және оның тұлғаның іс-әрекетін ұйымдастырудағы ролі, атқаратын функциясы. Сөйлеу мәдениеттілігінің тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсері. Сөйлеу тілінің мәдениеттілігі, сапалық көрсеткіштері, шеберлігі. Мұғалімнің сөйлеу тілінің коммуникативтік және экспрессивтік қызметі. Мұғалімнің тиімді сөйлеу тәртібі ұғымы және оның үлгілері, ережелері т.б. мәселелер педагого мамандар даярлау үрдісіндегі басшылыққа алатын нормалар.

1. Сөйлеу мәдениет ұғымы және оның мәні

Келе жатқан дәуір ұлттық бәсеке, мәліметтілік сайыс, гуманитарлық технологиялар, психологиялық өзгерістер сияқты көрінісімен елестейді. Сол кезеңге сай интеллектуалды, дені сау, ой-өрісі жоғары дамыған, халықаралық деңгейге сәйкес білімі бар азаматты өсіру мемлекетіміздің ең маңызды стратегиясы. Сондықтан интеллектуалды ірі мемлекеттік позицияны сақтап қалу, тіпті ұлттық қауіпсіздік пен стратегиялық приоритетіміздің бір шешімі болашақ ұстаз қолында.

Жалпы білім беретін қазақ мектептерінің оқушыларына ұлттық тәрбие берудің және оған болашақ мұғалімдерді дайындаудың бағдарлы идеялары еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан 2030» халыққа Жолдауының «Қазақстан мұраты» бөлімінде былай айтылған: «...Олар бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, кәзіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. Олар ... күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады... Олар ұрпақ тәрбиесінде дана болады: оның саулығына, біліміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды...» . Сондай-ақ Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің міндеттері: ...азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін қастерлеуге, ...әлемдік және отандық мәдениеттің жетістіктеріне баурау, қазақ халқы мен республиканың басқа да халықтарының тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, орыс, шетел тілдерін меңгеру», - делінген.

Мұғалім қызметі - өскелең ұрпақтың мәңгі өзгермелі қарама-қайшылығы мол жан дүниесіне ене білуде. Әлі толықпаған сәби жанын жасытып, жаралап алмас үшін мұны әрқашан да есте сақтау қажет. Педагогтың шәкірт пен шынайы достық қарым-қатынасын ешбір оқулықпен алмастыруға болмайды. Парасаттылық ақыл - оймен, ар-ұят – парыздылықпен, өз ұлтына деген сүйіспеншілік – соған адал қызмет етумен тәрбиеленеді.

Мұғалімді адам жанының инженері, мінез-құлық сәулетшісі, ауру шипагері, ақыл-ой мен естің жаттықтырушысы, ой мен сезім дирижері, тәрбиеленушінің әділ қазысы, жас өркенді мәпелеуші бағбан деп атайды.

Болашақ мұғалімнің жеке тұлғасын сөйлеу мәдениеттілігі тұрғысынан қалыптастыру, яғни мұғалімнің тек кәсіби сапасына ғана емес, тұлғалық сипатына, адамгершілік қасиетіне, моральдық бет-бейнесіне ден қою көп көңіл аударарлық мәселе.

Педагог тұлғасы біршама сапалық қасиеттердің жиынтығынан тұрады. Бұл сапалық белгілер тұрақты түрде дәлелденуі тиіс. Мұғалім тұлғасы дәстүрлі түрде

психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде сапалық жіктеліміне қарай мынадай топтарға бөлінеді: іскерлік, тұлғалық, жалпы, ерекше және жеке.

Мұғалім-дәрігер мамандығы сияқты ертеден келе жатқан мамандықтың бірі. Ол ұрпақтар арасын байланыстырушы. Орыстың ұлы педагогі К.Д Ушинский мұғалім жайлы былай дейді: “Жас жеткіншекті тәрбиелеуде оқулық арқылы да, моральдік көтермелеу арқылы да, жазалау арқылы да әсер ете алмайтын күшті мұғалімнің жеке жақсы оқу бағдарламасы, тәрбие әдісі болсын, ол тәрбиеші болмаса, жай сөз болып қала береді. Тәрбиеші ешқашан айтқанды көзсіз орындаушы бола алмайды, ол өз жүрегінің жылуын беруші, жанымен сезінуші болғанда ғана тәрбиеші бола алады”.

Ұлы педагог және қоғам қайраткері Ы.Алтынсарин: “Мектепте мұғалім – басты тұлға, онымен басқа ешкім теңесе алмайды” - дейді. Ы.Алтынсарин өз еңбектерінде адам және оны биік адамгершілік тұрғыда тәрбиелеудің жолдары туралы айтады. Ол адамның шығармашылық күшіне сенеді. Адамның адамдық қасиеті, өмірдегі орны еңбек арқылы көрінетіндігін айтады. Тәрбие ісінде Ы.Алтынсарин халық даналығына сүйенеді.

Осының бәрін іске асыру үшін аға ұрпақтың ісіне сәйкес кәсәби шеберлігін шыңдауға шаршамайтын, ұстаздықта жалықпайтын, жаңалыққа құштар, ізденімпаз, өз ісіне адал, сөйлеу мәдениеттілігі жоғары музыка мұғалімін даярлау қажет. Осы қасиетке ие болуды «Сөйлеу мәдениеті» пәні қарастырады. Болашақ музыка пәні мұғалімнің сөйлеу тілі және оның тұлғаның іс-әрекетін ұйымдастырудағы ролі, атқаратын функциясы. Сөйлеу мәдениеттілігінің тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсері. Сөйлеу тілінің мәдениеттілігі, сапалық көрсеткіштері, шеберлігі. Мұғалімнің сөйлеу тілінің коммуникативтік және экспрессивтік қызметі. Мұғалімнің тиімді сөйлеу тәртібі ұғымы және оның үлгілері, ережелері т.б. мәселелер педагог мамандар даярлау үрдісіндегі басшылыққа алатын нормалар.

Әрбір ұлт, ұлыс өз тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін қалай құрметтесе, өзінің ана тіліне де солай қарауы керек. М. Әуезовтің “кімде-кім қазіргі уақытта ана тілін, өзінің әдебиетін сыйламаса, бағаламаса, оны сауатты, мәдениетті адам деп санауға болмайды” деген пікірінің маңызы өте зор. Олай дейтініміз өткенімізге, тарихқа үнілсек, қаһарлы хандар да, айбынды батырлардың өзі де аузынан от шашқан орақ тілді шешендердің уәжді сөзіне тоқтап отырған. Адамдарды ажалдан, өлімнен, ауыл мен ауылды жауласудан құтқарған, татуластырған сөздің құдіреті, қасиеті екені бәрімізге мәлім. Осыдан дуалы, киелі сөздің қасиеті мен құдіреті бүгінгі күнге дейін өз күшін жойған жоқ және жоймайды да деп ашық та айқын айта аламыз.

Осындай сөздің қасиеті мен құдіретін терең түсінідіріп, ұғындырып, жүректен жүрекке жеткізіп оқытатын пәннің бірі және де бірегейі – тіл болып

табылады. Тіл әдемі, таза, анық, шешен, мәдениетті сөйлеуге үйретеді, дұрыс деммен дыбыстауға, әуезді, жұмсақ, тартымды дауыспен сөйлеуге, сөздің аяғын жеп қоймауға, жақтың ашылуына көмектесетін пән. Бұның бәрі мұғалімдерге, дикторларға, журналистерге, әншілерге, лекторларға, адвокаттарға, соттарға, бүгінгі заман талабына сай жаңа мамандарға, яғни менеджер, интервьюер және т.б. маман иелеріне өте қажет. Бұл жаттығулардың бәрін күнделікті жасаған адамдар дауыстарының ауырмауына, азды-көпті тіл кемістігіне төтеп беруге, төзімділікке жаттықтырылады. Жалпы сөзді яғни, дауысты тәрбиелеу мәдениеті Италиядан басталады делінген, сол себепті те болар, ең даусы әдемі, құлаққа жағымды халық итальяндықтар болып саналады. Керемет дауысты атақты әншілер де сол Италиядан шыққан. Мүмкін бұның бәрі олардың табиғат ерекшеліктеріне де байланысты шығар, дегенмен адамның бойындағы талант ол Алладан болады, бірақ сол таланттың қыр-сырын ашу – адамның өз қолында екенін де бүгінде сол Италия мектебі дәлелдеп отыр. Ал, енді осының бәрін үйрететін тілінің шығу тарихына тоқталар болсақ, онда алдымен шешендік өнерінің тарихына аздаған шолу жазағанмыз дұрыс болар.

Шешендік өнерінің бастауы сонау көне Грек және көне Рим елдерінен бастау алады. Көне Эллада мен Рим елінде Демосфен, Цицерон сынды даңқты шешендердің тағдыры мемлекет тағдырымен тәркіндес болғаны аян. Олар мемлекеттің көркеюіне, мәңгілік тұғырына жарқырап көтерілуіне, жақсылыққа, бақытқа, жарқын заманға ұмтылуына зор үлес қосты. Бұл қасиетті, киелі өнерді ыждаһатпен үйрену әрбір грек азаматының асыл парызы болған. Мінеки, осы уақытта риторика ғылымы шықты. Шешендік өнерге баулитын тәлімгер ұстаз (ритор) мамандығы пайда болды. Ал оратор – латынша *orare* яғни сөйлеу, ғайыпты болжау деген мағынаны білдіреді.

Ежелгі грек шешендік өнерінің аса көрнекті өкілдерінің бірі Демосфеннің тілі негізінен о баста тұтықпа болған екен. Ол өзінің алдына шешен болуды мақсат тұтып, осы өзінің бойындағы табиғи кемшілік-тұтықпадан арылуға өз бетінше әрекет етеді. Демосфен өзінің табандылығы мен қайраттылығының арқасында тілінің мүкістігінен арылған. Ол сөйлеу мүкістігінен арылу үшін аузына ұсақ тастарды толтыра салып, күнде екі сағат теңіз жағасында жүріп әр түрлі жаттығулар жасаған. Бұл оның тұтықпалығын кетіріп, Демосфен дұрыс, анық, таза, шешен әрі мәдениетті сөйлеуге қол жеткізген екен. Бұл әдіс кім-кімге болса да, ғибрат аларлық өнеге. Демосфеннің Афинаның өзін-өзі билеуі үшін Македонияға қарсы жүргізген күресі кезінде айтқан саяси сөздерінің мәні аса ерекше. Демосфен Македонияға қарсы құрылған партия басшысы болған, оның Македония патшасы Филиппке қарсы айтылған сөздері тарихта бүгінге дейін сақталып қалды. Риторика Демосфеннің атын шығарды, сөйтіп ол шешендік

өнердің ұстазы деп мойындалды. Демосфен сөз құрау өнері мен сөйлеу техникасын жоғары дәрежеге жеткізген

Римнің атақты шешені Цицерон былай деген екен: «Шешеннің қуаты тыңдаушының көңілін бүтіндей аударып, бағындыра білуінде. Қызыл тілді шешен деп, кім форумда және азаматтық сот процестерінде тыңдаушыны иландыра алса, сүйсіндіре алса, өзіне бағындыра алса, соны айтамыз». Сонымен қатар, Цицерон трактаттарында сөз құрау, сөз стилі, сөзді әзілмен, сынмен жеткізу, басқа да әдеби ерекшеліктерді пайдалану, сөзді дыбыстық әдістермен құлпырту т.с.с. шешендер үшін құндылығы аса зор нұсқаулар келтірілген. Бұл нұсқаулардың бәрі барлық маман иелеріне күнделікті сөз сөйлеуде өте қажет. Өйткені, егер де мұғалім студенттерге лекция оқығанда бір сарынмен оқитын болса, онда ол студенттерді әбден жалықтырып, ақыры сабақтың бұзылуына әкеліп соқтырады. Сөзді ырғақпен, екпінмен, таза, анық, құлаққа жағымды болатындай сөйлеу қажет.

Ал, орыстың бұқаралық сөз сөйлеу теориясының дамуына ерекше үлес қосқан ғалым – М.М. Сперанский өзінің «Тамаша ділмарлық ережесі» («Правила высшего красноречие») атты шығармасында бұқаралық сөздің құрылымы, дәйектемесі, композициясы, әсерлілігі туралы мәселелерді қарастырған. М.Сперанскийдің пікірінше, шешендіктің басты мақсаты – адамның «ойына қозғау салып, жүрегін баурап алу». Ол шешеннің алдына бір-бірінен ажырамас үш талап қояды: сөзді ойлап табу, орналастыру және сөйлеу. Әсіресе, шешен айтатын сөзінің мазмұнын анықтап алғаннан кейін сөздің қуаты мен мазмұнын ақиқаттығы анық көрінетіндей етіп құра білуі керектігі айтылады.

Негізінен орыс халқының шешендік өнерінің ішіндегі ең жақсы дамыған түрі ол сот шешендігінің даму жолы аса қызықты. Оған Н.П. Карабчевский, Ф.Н.Плевако, П.А.Александров, С.А. Андреевский т.б. еңбектерін жатқызуға болады. Ф.Н.Плевако сөйлегенде бүкіл ресей халқы театрға келгендей ұйып тыңдаған екен. Сот шешендік теориясына, әсіресе орыстың атақты оқымысты юристерінің П.С. Пороховщиков пен А.Ф. Конидің қосқан үлестері зор болды. П.С. Пороховщиков орыс сот шешендігі бойынша өзіндік үлкен ерекшелігі бар «Соттағы сөз өнері» атты кітабында сотта сөйлеушінің тілі, материалды ұйымдастыру, тыңдаушыны сөзіне ұйыта білу сияқты мәселелерге тоқталып, тиісті ақыл-кеңестер ұсынады. Бұл еңбек күні бүгінге дейін өз маңызын әлі жойған жоқ.

Қазақтың шешендік өнері – ұлттық ауыз әдебиетінің бір саласы ретінде қазақ фольклорының өзіндік бітім-болмысын айқындайтын, халық дүниетанымын көрсететін ерекше жанр. Ал әлеуметтік феномен тұрғысынан алғанда, шешендік дәстүр – белгілі бір әлеуметтік ортада, қоғамда, қалайда бір адами қағидаға байланысты туып, қалыптасып, айрықша тапқырлықпен,

суырыпсалмалықпен, көркем тілмен айтылатын үлгілік ойлар, мұраттар, тұжырымдар үрдісі.

Әл-Фарабидің айтуынша: «Адам – сөйлеуші; сөйлеушінің түбірі – сөз, ал «сөз» деген тіл арқылы пікір айтуды білдіреді. Адам өзінің ойында барды тілмен айтып жеткізеді... және оның дұрыстығының құралы... деп сипатталады. Қазіргі біздің «парламенттік риторика» деп жүргенімізді Әл-Фараби «Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері» атты трактатында сол кездің өзінде-ақ айтып кеткен болатын. Яғни, шешендік өнерді меңгермейінше, шешен болмайынша қала (халық) басқару мүмкін емес. Сонымен қатар «Халықтар мен қалаларды ерікті түрде оқытып, үйрету үшін пайдаланылатын адамдар бойына ізгі қасиеттер мен шешендік өнері дамыған адамдар» болу керектігі бүгінгі күні қажеттілік ретінде қалыптасуда .

Шешендік өнері қай мамандыққа болса да өте қажет. Өйткені, тіл, сөз байлығы мол, тілі таза, анық, сөзге шешен, шебер, мәдениетті сөйлейтін адамды кімде-кім болса да бар ықыласымен тыңдайды. Сол себепті де, тіл өнер оқу орындарымен қоса, басқа да жоғары оқу орындарында үйретудің негізгі әрі басты ерекшелігі ол сөйлеу мәдениетін, шеберлігін, шешендігін, іскерлігін, оның түрлерін, ауызша және жазбаша қалыптарын меңгеруге көп септігін тигізеді. Сөйлеу мәдениеті, шеберлігі, шешендігі, іскерлігі, сөйлесімнің түрлерін оқытудың қай-қайсысы болсын, сапалы әдіспен жалпы әдістеме мәселесіне келіп тіреледі.

Өнердің түрі көп, мысалға: кескін өнері, мүсін өнері, сәулет өнері, т.б. Ал, сахна тілі қандай өнер? Сахна тілі – сөз, тіл өнері. Мүсіншінің құралы – бояу, әншінің құралы – үн, бишінің құралы – қимыл болса, ал шешеннің құралы – сөз, тіл. Сөз сахна тілінің құрылыс материалы болып табылады.

Қоғамдық сананың айрықша саласы – өнер десек, мұның жалпы адамзат мәдениетінен алар орны өзгеше, адамдардың парасат дүниесінде атқарар қызметі орасан зор. Микеланджело жасаған мүсін, Шекспир туғызған трагедия, Глинка шығарған музыка, Абай жазған лирика, Суриков салған сурет мезгіл межелерінен аттап өтіп, уақыт сынынан мүдірместен, көрген, тыңдаған, оқыған адамдар жанын сусындатумен келеді және суысындатқан үстіне сусындата бермек те. Сол өнердің көп салаларының ішіндегі ең бір қадірлісі, әрі қасиеттісі ол – сахна тілі болып есептеледі.

Сөз өнері сурет пен музыка секілді жалпыға бірдей жетіледі, естіледі, бірақ жалпыға бірдей түсінікті деуге де болмайды. Өйткені, сөз – бояу немесе дыбыс емес, ол барлық халыққа, адамға бірдей жағдайда түсінікті бола бермейді. Бейнелеу, сәулет, мүсін өнерлері затты, нақты болғанымен, олар жансыз, қимылсыз заттар, ал сахна тілінің ең бір құдыреттері – ол кез-келген шындықты, оқиғаны қимыл-қозғалыс үстінде бола тұрып құбылта да, құлпырта да,

жандандыра түсіп халыққа жеткізе алады. Дәл осы тұрғыдан біз сөз өнерін – барлық өнердің басы, “өнер атаулының ең қиыны және күрделісі” әрі де “жоғары түрі” деп айтсақ жаңылыспаймыз және де асырып айтқан да болмаймыз. Қазақ елінің “өнер алды – қызыл тіл” деген білгір тұжырымы да тегіннен-тегін айтылмағанды.

Төл тіліміздің сөздік қоры өте бай екендігіне ешкім де бүгінде таласа алмас. Әсіресе, тәуелсіздік алғалы бері елімізде қаншама басылымдардағы әдеби-көркем, саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-мәдени, тұрмыстық қарым-қатынаста туындаған жаңа да тың, соны сөздер, сөз орамдары мен сөз тіркестері де сөздік қолданысқа еніп кетті. Бастапқыда сол сөздерді өгесінгенімізбен, өзегімізді талдырмайтындығына, өлтірмейтіндігіне көзіміз жетті. Көне сөздерге жатқызуға бейімделіп қалған ұлттық ерекшеліктер – киіз үй, ою-өрнектер, мал шаруашылығы, байырғы соғыс өнеріне қатысты сөздер соны мәнге ие болып, жаңара бастады, жаңғырды. Мәселен, киіз үйге қатысты туырлық, уық, ергенек, кереге, шаңырақ деген сөздер күні кешегі күннің заттары секілді өз мағынасы мен мәнін жоғалта бастағаны жасырын емес-ті. Өз тіліміздегі өз сөзіміз көңілімізге, көкейімізге томпақ тиіп, оны баяғы замандағы көшпелі халықтың, көне ата-бабаларымыздың көшіп-қонып жүргендегі сөз қолданысы деген де ойда болатынбыз.

Рас, тәуелсіздік ұлттық болмысымызды оятты, сергітті. Ата-бабамыздың, түп тамырымыздың түбіне, өзегіне, тереңіне үңіле түсуге ықпал етті. Оң әсерін тигізді. Біздер ешкімнен де кем емес, өз тарихы, өз мәдениеті мен өзіндік рухы бар әрі болмысы биік ұлт екендігімізге сенімімізді күшейтті.

Ал ендігі мәселе – сөз мәдениетіне келелік. Ашығын бірден айталық. Сөз мәдениеті бүгінде өз деңгейінде ме? Ия деуге де негіз бар. Біріншіден, білім беру мекемелерінде, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында, онда өтілетін дәрістерде, лекцияларда, семинарлар мен тренингтерде, түрлі пікірталастар мен сұхбаттар сәтінде сөз мәдениетіне еріксіз түрде, ішкі түйсікпен бойымызды, ойымызды жинап, талап деңгейінде көрінуге талпыныс танытамыз. Дұрыс сөйлеуге ұмтыламыз. Екіншіден, демей-ақ, ендігіде бүгінгі зәру мәселелерге ойысалық.

Сөйлеу, сөйлей білу қазірде мәдениет деңгейіне көтерілуі қажет. Өйткені, су жаңа киімді киюге аңсарың қатты ауғандай немесе киер киімді талғап, таңдап кигендей сөйлеу мәселесіне де дәл солай мән бере кіріскен жөн. Бұл жәйтті тек киіну жағдаятымен салыстыру аздық етер, бәлкім. Олай болса, тамақтану секілді, дос, жар таңдау сияқты тиісті мамандық иесі болу сипатындағы ой-қиялыңды електен өткізетіндей, сондай пейіл таныта кіріскен абзал.

Сөйлеу – жеке өзіңнің қажетің ғана емес. Қоғамдық сипаты мол қасиет бұл. Сөйлеу мәдениеті осыдан шығады десек, артық айтқандық емес. Сөз – қару, сөз

– демеу, сөз – бағыт бағдар, сөз – іс-қимыл болған заманда өмір сүру өте күрделі һәм қиын. Төл тіліміз өз еркіндігін алып, өз тізгінін қолына алды дегенмен, әлі де зәруліктер жеткілікті. Бұл, бәлкім, заңдылық та шығар. “Бәріміз бір тілде сөйлесек, жұмақ – қоғам орнатамыз” деген коммунистік идеологияның зардабы да болар. Әйтпесе, ана тілі деп бағаланатын қасиеті мен киесі бар өз тілінен өгей бала ғана өзеурең, өзегінен жериді емес пе?!. Өз тілін білген, өзін құрмет тұтқан перзент өзгені де тап солай сезінері хақ. Өзінен безген өзгені де жарылқары аса күмәнді де. Тіл де солай ендеше. Өткен тарих та осылайша ғибраттайды. Әлемді уысына ұстамақ болған Шыңғыс хан Қытай елін жауламақ болғанда, сол елдің ішіне өз әскерлерімен ендеп енгенінде, сол елдің мемлекет билігі ешбір ойланбастан, олардың басып алуына мүмкіндік те берген. Бұл – жеңілістің белгісі емес-ті. Бұнда ұзақ мерзімге созылған пәлсапа жатқан-ды. Күндер өтер, жылдар жылжыр. Ішке енген шыңғысхандық жауынгерлер сол жердің қыздарын жар етіп құшар, ұрпақ та өсірер, бірақ сол ұрпақ монғол тілінде емес, қытай тілімен көзін ашар, ал өзге тілде дүние есігін ашқан ұл мен қыз сол тілде әлемді ұғынар, сол тілде сөйлеп, ұйықтаса да сол тілде түс көрер деген берік байламда болған. Уақыт өте келе, бұндай тәмсілдің баяндылығына әлем тарихшыларының, көзіқарақты оқырмандардың зердесі де, көзі де жеткен.

Тіл мәдениеті – айрықша парықтауды қажет етеді. Анайы сөйлеуге, сөге жамандай сөйлеуге деген дағдыдан бас тарта білсек, қанеки.

Рас, қоғам бір-ақ сәтте сыпайы сөйлеп, бекзат қалыпқа еніп, дегдар деңгейге жете қоюы бек мүмкін деп ойлау аздық етеді. Оның үстіне әңгіме айтқанда да аспандай бермей, жерге түскен де дұрыс. Сонымен, жердегі әңгіме не дейді. Жердегілер не деуші еді. Бүйдейді де: Дұрыс дейді. Жақсы сөйлеу керек. Сыпайы реуіште жүру керек дейді және де. Содан соң айтады. Сөгу, былапыт сөйлеу күнә деп айтар сөздерін шегелей түседі. Қосыласың. Өйткені өзің де солай ойлайсың. Бұл – ой-пікір, бәтуа жағы.

Ал өмірде, пәни тірлігімізде ше. Мынау бұрышта да, анау қалтарыста да өзімізше айтқанда, сол баяғы айтпау керек деген сөздердің қаптап айтылатыны. Былапыт, кесапат, кеше сөздер бұршақша жауады. Бояуды қалыңдатып жағып жатқан жайым жоқ. Борандай борайды-ау кей-кейде. Бұл не сонда? Іштей де, сырттай да қарсы болғанымызбен, етіміз, шіркін, көнбістік танытады. Келіседі де. Өйткені етіміз үйренген әбден. Соған бола жағасынан аласың ба? Алайын десең, өзіңнің тілің де кейде сол сөздерді қайталап қалады. Жә, тоқтаталық осымен. Көпке топырақ шашпалық. Көптің ішінде көргенділері көп-ақ.

Сөйлеу мәдениеті дегеннен шығады, сөйлеу сәттерінде өзге тілдің бірер сөздерін ара-арасында қыстырып сөйлеу де аз емес. Бұл да көбінесе қалыпты жағдайға айналған сыңайлы. Бейнебір дәнекер сөздей ме, әлде сәндік

айналымдағы сөз орамдары ма, шыны солай. Орынды, орынсыз пайдаланылады. Тіл шұбарлаудың бірер көрінісі ғана бұл.

Осынау жағдаяттарды балалатып, шұбырта айта беруге болады. Айтпағымыз, сөйлеу мәдениеті ұғымын мемлекеттік деңгейге көтерсек деген ұсыныс. Сөйлеу мәдениеті жайлы түсінік, оның анықтамасы, ережесі, қолданылу сипаттары жайлы еңбектер алдағы уақыттарда да көбірек жазылса. Замана, уақыт талабына сай еленіп, електен өтсе. Ол үшін қазақ тіліндегі орфографиялық сөздіктер бір ізге түссе, қадағаланса. Бүгінде бір сөздің өзі екі-үш түрлі жазыла береді. Бірде қосылып жазылады, кейде дефис арқылы беріледі, тіпті, бөлек жазылады. Орфографиялық сөздікте мұндай сөздердің дұрыс жазылуы көзге анық жазылса да, ескерусіз, еленусіз күй кешуде. Бұл да сөйлеу мәдениеті. Өйткені сөйлеу мәдениетінің деңгейі мен мәртебесі оның жазылу дәстүріне де байланысты екендігін естен шығармаған лазым.

Кей-кейде сөйлеу дағдысында тұздығы көптеу былапыт сөздерді айтпаса болмай ма деген сауалға әртүрлі жауаптар аласың. “Өйтпесе, сөздің салмағы болмайды”, “Сөйтпесе, ұқпайды”, “Олай сөйлемесең, былбырсың” – дейді. Бұл – үстірт ұғымдар. Десек те, анда-санда ғана емес, көбірек жағдайда десек тым артық бола ма, кім білсін, бірақ “Мына балаңызды бір сыбап беріңізші”, “Осы қайныңызды бір басып қойыңызшы”, “Әкесін танытыңызшы мына жазғанның” деген өтініш-сөздерді естісімен, ал келіп, нешебір бейдауа сөздерді айызын қандыра айтып еліріп, еліте сөйлеген анайы сөздерге қайран қаласың. Үндемейсің. Дымың ішінде болады. Өйтпесе, ыржалақтап күле бересің. Жынды ма, пері ме десек, сап-сау адам. Жолымен, жөнімен сыбап жатыр. Бірақ біздікі анайы тілмен емес, ана тілімен төгілтіп айтса, қанеки, деген тілек қана. Анайы тілдің сілікпесін асқақтатпай, ана тіліміздің уызын ардақтайық деген ой ғана.

Біздің ұлттың ең басты қасиеті – тілдің ана сүтімен даруында. Қай елдің қызы болса да, барған жерінің туын көтеретін дара да дана қыздарымыздың аналық қасиеті қашанда жоғалған емес. Ендеше, ана тілі деп аталатын ұғымды қазақ тілі десек, оның көсегесі көгере беретіндігіне бір мысқал да күмән жоқ. Тек ынта-ықылас, талап, ниет берік, баянды болсын делік.

Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Сыпайылықтың да жөні, жосығы бар. Сыпайылықты бүгінде тым қарабайыр түсіну де қоғамдық пікірде нық орнықты. Ынжықтық, өз ойын кесіп айта алмаушылық, кібіртіктеу, орынсыз ұялу, дер кезінде сөйлей білмеу секілді қасиеттер сыпайылықпен бірге қоныс теппейді. Сыпайылықтың ауылы биік өреде.

Қажет жерінде қайсарлық таныту, сөзді күбілтелмей жалындап, жайнап сөйлеу, жарқырай көріну секілді қасиеттер төл тіліміздің сөйлеу мәдениетімен қабысса, нұр үстіне нұр. Осындайда халқымыздың “Қолынан да, сөзінен де іс

келеді” деген мақтанышқа тола тағылымды даналығы ойға оралады. Сөйлеу мәдениетінің қалауы да сол. Ал қазақ тілі – айнадай жарқыраған, сәуле шашар, керек кезінде айбынданып, айбарланып, қуатты күшке айнала алатын құнарлы да нәрлі тіл.

Сөйлеу мәдениетін дамытуда ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті нұсқалары мейлінше пайдаланса, оның әсері де мол. Ертегі тыңдаған, әдет-ғұрып, жөн-жосық үлгілерін көріп өскен, уызында жарыған ұрпақ төл тілдің қадірі мен қасиетін сезініп өседі. Бұлардан мақұрым қалған пендесі алапат та анайы сезімге тап келеді. Ақылға бастар аялы сөздің орнын ашу-ызаға бөктіретін арзан сөздер басып алады. Төпелеген сел мен даудың астында қалу, мінеки, осыдан бастау алады.

Сөйлеу мәдениеті – қызыл сөзден қуырдақ қуыру емес. Сөйлеу мәдениеті елге, елдік мұраттарға қызмет етеді. Бірлікті, ынтымақ пен жасампаздықты, меже еткен, тағылымды тірлікті толғауы тоқсан өмірдің тоқетері санаған ел мен жер осынау биік міндеттің төбесінен көріне алары хақ. Ата-бабалар тағылымы осыны меңзейді. Ата тарих, ана тіл солай деп тәмсіл етеді.

Бүгінде сөйлеу мәдениетіне қойылар талап та өте жоғары. Сол деңгейде көріне алмай жүргенімізге, әрине, көңіл ортаяды. Ой тоятпайды.

Әйтсе де, тәуелсіз ел болып, еңсе тіктелгендіктен, келер заманға кемел оймен қарау баршамызды қанағаттандырады. Мемлекеті орнында, астанасы Арқа төсінде, тілі төрде болған ел-жұрттың ойы да текті, жоғарыда болуға тиіс. Төмендемейді де. Керісінше ойлау кері кеткендерден ғана шығады. Аузы күйсе де, көнбіс халқымыздың ұлы ұлдары мен аяулы қыздары тірі тұрғанда тіл деп соққан жүректері туған халқымен мәңгі жасай беретіндіктеріне ешбір шүбә жоқ. Өзегі үзілмеген, жүйкесі жұқармаған, тектілігі сақталған еліміздің ана тілі сөйлеу мәдениетін одан әрі қарай өрістетуге негіз болып қала беретіндігіне имандай сенетініміз де сондықтан.

Сөйлеу мәдениеті өзінен-өзі қалыптасып, нығаймайды. Бірді-екілі іс-шаралармен сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті жайлы мәселелерді көтеруге болады да. Бірақ бұл мәселені түбегейлі шешпейді. Сөйлеу мәдениеті ел экономикасынан, халқының әл-ауқатынан тыс дүние емес, қоса өрілген еншілес дүние. Бірінсіз-бірі ғұмыр кешпейді. Күні кешегі кеңестік жүйедегідей сананы қаншама өзгертемін деп әуре-сарсаңға салғанындай, оның күні қараң. Бір-ақ күнде күйреп қалады. Сол себепті де тәуелсіз еліміз бүгінгі таңда ел экономикасын тіктеп, оның рухани-мәдени салаларына жіті назар аудара бастағаны мәлім. Сондай-ақ, осы орайда құқықтық, мәдени, этикалық мәселелердің төбе көрсетіп тұрғаны да шындық.

Сөйлеу мәдениеті әрбір адамның ішкі мәдениетіне тікелей тәуелді болғанымен, әсіресе, жастар арасында өздерінше заманауи, сәнді әрі өздерінше

уақыт деңгейінен қалмағандығын дәлелдетуге тырысатын сөздер қазірде жеткілікті. Бұл сөздер қылмыс әлемінің жаргондары мен лексикасы десек те, кейбір жастар оларды мейлінше қолданады. Мысалы: сындырдым (көндірдім), жынды (керемет), лақтырды (тастап кету) т.т.

Әрине, осынау сөздер уақыт өте қарым-қатынас сөздері ретінде жоғалар. Өйтсе де, бүгінгі шындық осы. Жастарды кінәлауға да болмайды. Сөйлеу және сөз мәдениеті қоғамдық өмірдің кей ретте көрінісі де емес пе. Адамгершілік құндылықтар атаулысының күрт өзгеруі адамдар арасындағы сөздік қарым-қатынасқа да өз әсерін тигізгені хақ.

Есте болар жәйт, сөйлеу мәдениетін орнықтыруда төл тіліміздің айтылу (орфоэпия), жазылу (орфография), сөз мағынасы (лексика), тұрақты сөз тіркестері (фразеология), сөздің түпкі мәні (этимология), жалғау, жұрнақ секілді тілдік, ғылыми жүйелерін де тыңғылықты үйрену және үйрету мәселелері де негізгі мәнге ие бола алатындығын назарда тұтқан жөн.

“Ораза, намаз – тоқтықта” демекші, сөйлеу мәдениеті ел экономикасына тікелей тәуелді дедік. Орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту, ел игілігі мен тұрмысының жақсаруы, жаңғыруы – адамдар арасында талап деңгейіндегі төл тілдік қарым-қатынастарды жетілдіре түспек. Бұл өз кезегінде сөйлеу мәдениетіне де оңтайлы әсерін тигізеді хақ. Өйткені еліміз төл тілімізді иемденген халқымыздың атын меншіктеген. Шет жұрттықтар да менталитетімізді білу үшін, ең алдымен, оның тіліне сәлем береді. Тілінің иірімі – сол елдің ділі. Ділін білген адамды сол тілдің иесі, әрине, төріне оздырады. Біздің халқымыздың басты қасиеті де осы. Намысын тіліне жаныған елдің ертеңі де жарық ендеше.

Тіл арқылы адамдардың өзара қарым-қатынас жасау процесін сөйлеу деп атаймыз

«Сөйлеу» мен «тіл» ұғымдары бірдей ұғымдар емес. Сөйлеу дегеніміз – адамдардың тіл арқылы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау әрекеті. Бұл қарым-қатынасты әр адам өзінше, бірақ та сол ұлттың қолданып жүрген тіл құралдары арқылы іске асырады. Ал тіл болса осы құралдардың (дыбыс, сөз, сөйлем, осылардың арасындағы байланысы) жүйесі, яғни дыбыс қоры және сөздік қоры сондай-ақ грамматикалық формалар болып табылады. Тіл қоғамдық өндірістің дамуы барысында, адамдардың өзара сөйлесу процесінде пайда болады, сөйтіп адам дайын тілді игереді.

Адамдардың бір коллективте бірігіп еңбек ету процесінде, «бір-біріне бірдеңе айту қажеттігі пайда болған». Адамдар замандастарына сөйлесу арқылы сол кезеңде болып жатқан оқиғаларды баяндап қана қоймай, сондай-ақ ол бүкіл адамзаттың барлық жинақтаған білім қорын ұрпақтан-

ұрпаққа жеткізіп отырады. Бала сөйлесуді үйрене отырып, өзі дүниеге келген қоғамның өмірінен тыныс алады. Егерде бала кездейсоқ бір жағдаймен сөзді үйрене алмай қалған кезде, оның ой-өрісі өте төменгі дәрежеде қалған болар еді.

Бөбектер алғаш дүниеге келген жылдары адам қоғамынан бөлек сырт қалып, адамдардың сөйлеген сөздерін мүлдем естімеген жағдайлардың (сирек кездесе де) болғаны бар. Мысалы, туған кезден бастап маймылдар асырап, солардың арасында өскен бірнеше баланың әр кезеңдерде Үндістанда табылған рас. Өй-өрісі жағынан бұл балалар өздерін асырап өсірген маймылдардың дәрежесінде болған. Кейіннен мұндай балалар адамдармен бірге өмір сүргенде олардың ақыл-ойы өте баяу дамыған. Адам өмірінің алғашқы жылдары оның интелектісінің дамуына сөйлеудің (тіпті жалпы әлеуметтік ортаның) қаншама мәні бар екенін осы дәлелдердің өзі көрсетеді.

Ойлау мен сөйлеу, жоғарыда айтылғандай, бір-бірімен тығыз байланысты. Адам ойлағанда, әдетте өз ойын іштей сөз және сөз тізбегі арқылы құрып, іштей сөйлеу деп аталатын түрде береді. Іштей, ең болмаса бір-екі сөзді құрап алмай, бір нәрсені шығынды да ойлап көріңізші, ойлай алмайсыз.

Алайда адамдар өз ойын сөзбен жеткізіп айтып бере алмайтын жағдайлар да болады. Бұдан ол сөзден бөлек бола береді деген ой тумайды. Бұл жерде адам іштей ойлаған сөзін сыртқа шығарып, сол ойын басқа адамға түсінікті етіп кеңінен айтып жеткізуінің қиын екендігі туралы ғана сөз болып отыр.

Сөз сөйлеу тек адам баласына ғана сөз тән. Жануарлар өз өмірі үшін маңызды оқиғаларды (қауіп төнгенде, азық табылғанда) бір-біріне дыбыс синалы арқылы хабарлайды, сондай-ақ эмоцияларын (үйрену, ашу шақыру, ыза болу сияқты) білдіреді. Бірақ бұл дыбыстаулар бірінші сигнал системасына жатады.

Адам өзінің өмір қажетін өтеуге байланысты басқа біреулермен пікірлеседі, ой алмасады. Бұл үшін сол ұлттың, тілдің грамматикалық ережелеріне сәйкес сөз тіркестерін пайдаланады.

Адам баласының сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды. Сөйлеудің пайда болуы нәтижесінде адам организмі анатомиялық өзгерістерге түсіп, дыбыс артикуляциясына қабілеті бар сөйлеу аппараты жасалды. Осының арқасында адам жеке дыбыстарды ғана емес, түрлі дыбыс тіркестерін, тиісті мән-мағынасы бар сөздерді айта алатын қабілетке ие болды. Сөйлеу адам санасының басты белгісі. Ол бізді жануарлар дүниесінен ерекшелендіріп тұратын негізгі жан қуаты. Сөйлеу мен сананың пайда болып, біртіндеп қалыптасуын тек биологиялық жағдайлардан емес, ең бастысы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи факторлардан іздестіруіміз қажет. Сана мен тіл адамзат қоғамының тарихи дамуының,

олардың іс-әрекетпен айналысуының, еңбек құралдарын жасап, пайдалана білудің нәтижесі.

Тіл, сойлеу ежелден бері жеке адамның да, қоғамдық ой-санасын дамытып жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да, мәнерлі де болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғын-дай екен» дейді. Ескі қазақ жұртының ғұлама ғалымы Жүсіп Баласағұн «Ақылдың көркі тіл, тілдің көркі сөз» деп тауып айтқан. Тіл арқылы жеке адамның тәжірибесі, санасы ұжымның басқа мүшелерінің игілігіне айналады. Ал жеке адамның жеке санасы да сыртқы ортаның ықпалымен, оқу-тәрбие процесінің әсерінің нәтижесінде үздіксіз дамып отырады. Бұл екеуінің дамуы бір-бірімен шарттас. Адамдардың арасында қатынас құралы ретінде тілдің қызмет атқаруы, оның негізгі қызметі. Тіл сондай-ақ, адам сана-сезімінің, психологиясының көрсеткіші де. Тіл адамды қимыл-әрекетке де итермелейді. Бұл оның атқаратын екінші қызметі. Тілдің бұл екі қызметі өзара тығыз байланыста болады. Олар үнемі қатарласа, бірі екіншісін демеп, кейде қарама-қарсы бағытта жүріп отырады. Мәселен, «Мұғалім келді» деген сөйлем-де мұғалімнің келгені жөнінде айтылса, «мұғалім келді ме?» деген сөйлем екінші бір адамды осыған жауап қайтаруға мәжбүр етеді.

Әрбір адам кішкентай кезінен бастап айналасындағы адамдармен пікірлеседі, өзінің күнбе-күнгі сөйлеу тәжірибесінде тілдің мағыналық жағын меңгереді, біртіндеп сөздік қоры молайып отырады. Алғашқы кезде бала көптеген дыбыстарды, жеке сөздерді үлкендерге еліктеу арқылы үйретеді. Осы кездегі сөздері көбінесе жеке, нақтылы болып келеді. Өсе келе өз ана тілінің негізгі сөздік қорын, сол тілдің ішкі заңдылықтарын үйренеді, кейін есейе келе тілдің дамуы қоғам дамуының көп ғасырлық тарихи кезеңдерінде қалыптасып отыратын құбылыс екенін аңғарады.

Тіл арқылы ойымызды басқа біреуге жеткізуді сөйлеу деп атайды. Сөйлеу — пікір алысу процесінде жеке адамның белгілі тілді пайдалануы. Бір тілдің өзінде сөйлеудің сан алуан формалары болуы мүмкін. Сөйлеу жеке адамдардың арасындағы өзара түсінуді реттестіру үшін, пікір алысу үшін қызмет етеді. Сөйлеу процесі арқылы адам өзінің білімін, практикалық тәжірибесін байытын қана қоймай, сонымен қатар ғасырлар бойы жинақ-талған қоғамдық тәжірибай меңгеруге де мүмкіндік алады. Ойдың тілі сөз. Біз сөз арқылы ғана неше түрлі ойымызды сыртқа білдіре аламыз (М.Жұмабаев).

Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Жеке сөздерді қабылдаудың өзі оны ұғынуды қажет етеді. Қабылдау мен ұғыну бір мезгілде жүріп отырады, бірінсіз-бірі іске аспайды. Интонацияны қабылдау сөйлеу

аппаратында, адамның мәнерлі қозғалыстарында түрліше реакция тудырады. Мәселен, бұйрық интонациясы бойынша іс орындалса, тілек интонациясына келісу немесе келісушілік білдіреді. Адамға тон сейлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Бұларсыз сейлеу өзінің қызметін дұрыстап атқара алмайды. Мұның біріншісі — сейлеудің мазмұндылығы, екіншісі — оның мәнерлілігі делінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзіндік сөздік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы. Ойы таяз кісі бос сөзді болады, оның сөзі де айқын, таза болмайды.

Сөздің мәнерлігі дегеніміз — адамның сейлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы. Халық жақсы сөйлесетін адамдарды «сөзі мірдің оғындай екен» дейді. Мәнерлі сөйлей білудің мұғалімдік мамандық үшін маңызы зор. А.С.Макаренко бұл жөнінде:

«Балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, сіздің жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек», — дейді.

Сөйлеу әрекеті тиісті анатомиялық ашараттардың (тіл, срін, таңдай, ауыз қуысының бұлшық еітері т. б.) дұрыс қызмет істеуін қажет етеді.

Сөйлеу әрекеті үлкен ми сыңарларының анализдік, синтсз-дік қызметінің нәтижесі. Бұл, біріншіден, сөйлеу органдарындап.і қозғалыстарды, жазылған әріптердің түрлерін, тілдегі дыбыс-тарды нозік галдаудан; екіншіден, сөздік сигналдардың болшскіаі-гш элементтерін байланыстырудан керінеді. Физиологныңлық тұрғыдан сөздің мәнін И.П.Павлов былай түсіндіреді: «Егер айналадағы дүниеден алынатын біздің түйсіктеріміз бен елестеріміз шындықтың бірінші сигналдары болып табылатын болса, онда тіл ең әуелі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын кинестезиялық тітіркенулер, екінші сигналдар — сигналдардың сигналы болып табылады. Олар шындықтан дерексіздену болып табылады да, жалпылауға мүмкіншілік береді, ал бұл соңғы бізге ғана тән ең жоғары ойлауды құрайды».

Француз ғалымы Брока «адамдардың ми сыңарларының сол жақ бөлігінде (маңдай қыртысының төменгі жағында) адамның дыбыстап сөйлей алуын басқарып тұратын жүйке орталығы бар, ал сөзді қабылдау көптеген анализаторлардың (көру, есту, қозғалыс т. б.) бірлескен қызметін қажет етеді» дейді. Неміс ғалымы Верникс басқа біреудің сөзін есіту мидың сол жақ сыңарындағы самай бөлігінің арт жағында орналасқан жүйке орталығының қызметіне байланыстылығын айтады.

Пікірлесудің қандай түрлері болса да, сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады. Пікір алысудың нақтылы мақсаты мен жеке жағдайларына қарай сөйлеу түрлі ерекшеліктермен көрінеді. Осы айтылғандар тұрғысынан сөйлеу бірнеше түрлерге бөлінеді. Алдымен сыртқы және ішкі сөйлеу болып үлкен екі топқа жіктеледі.

Сыртқы сөйлеу ауызша (бұл тілдің ең көп және кең тараған түрі) және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің өзі диалог және монолог.

Ауызша сөйлеу — сөйлеудің негізгі түрі болғандықтан оның қалған түрлері де соның төңірегіне құрылады. Мәселен, жазу сөзіндегі әріптер ауызша сөздің түрлі дыбыстарын белгілейді. Былайша айтқанда, жазу сөзі ауызекі сөздің қағаздағы таңбасы, оның ерекше бір варианты. Ауызша сөйлеудің негізгі бір түрі — диалогтық сөйлеу. Диалогтық сөйлеу дегеніміз екі немесе бірнеше адамның тілдесуі. Диалог сөздің кейбір психологиялық ерекшеліктері төмендегідей:

1. Диалог сөз бөгелмей еркін айтылады, ол ойды кең жайын жатуды тілейді;

2. Үнемі кезектесіп айтылатындықтан ықшам келеді, тек әңгімелесуші адамдардың өздеріне ғана түсінікті болады. Мәселен, «келе жатқан тоғызыншы» деген сөйлемді осындай нөмірлі авгобусты күтіп тұрған адамдар ғана түсіне алады;

3. Диалогтық логикалық жағы (жоспарлылығы, дәлелділігі т. б.) кемдеу болады;

4. Диалог сөз ым-ишаралармен, бет пен көздегі мәнерлі қозғалыстармен (қолдың, ауыздың, көздің, қабақтың қозғалысы т. б.) толықтырылады.

Монологтық сөйлеу дегеніміз бір адамның сөзі, яғни баяндамашының, лектордың сөздері. Монолог сөзге тән кейбір психологиялық ерекшеліктері төмендегідей:

1. Монолог сөз үнемі белгілі жоспарға сәйкес құрылады, бұл алдын-ала даярлықты тілейді;

2. Монолог сөздерге логикалық жағынан қатаң талаптар қойылады (мәселен, баяндамашы мен лектор сөзінің мағыналылығы мен түсініктілігіне ерекше көңіл бөледі);

3. Монолог сөз мәнерлі, адамға әсер ететін моменттерді (сөзді сазына келтіріп айту) көбірек қажет етеді.

Диалог және монолог сөздер көбінесе беттің мимикасының өзгеруімен, ымдау сипатындағы түрлі қозғалыстармен қосарланып отырады. Орынды ымдар біздің сезімімізді мәнерлі етумен қатар, оның өзімізге де, жұртқа да түсінікті болуына жағдай туғызады. Бірақ, осындай ым-ишаралардың дербес күйінде аса үлкен маңызы жоқ. Адам мұны көмекші құрал ретінде ғана пайдаланады.

Орындаушылық сөйлеу мәдениетінің құрылымы

Тәрбиеленуші студент – болашақ ұстаз, ескінің көзіндей, жаңаның өзіндей болып, дүниежүзілік мәдениетті танытып, төл мәдениетін сыйлайтын, оны таныта алатын, рухани дүниесі бай, интеллектуалдық деңгейі жоғары, білімді, білікті болуы шарт.

Еліміздің тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев: «Қазақстан-2030» атты кешенді жолдауының «Қазақстан мұраты» бөлімінде төмендегідей тұжырым жасайды: «Келер ұрпақ бабаларының игі дәстүрлерін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуге даяр болады. күллі әлемге әйгілі, әрі сыйлы, өз елінің патриоттары болады, ұрпақ тәрбиесінде дана болады: оның саулығына, біліміне және дүниеге көзқарасына қамқорлық жасайды...».

Тәрбие үрдісінде ұстаз тұлғасы шешуші рөл атқарады. Мұғалімнің жеке басындағы барлық қасиеттерінің кәсіптік мәні бар. Кезінде А.В. Луначарский атап көрсеткендей, педагогикалық моральдағы кез келген кемістік, мінез-құлықтағы кез келген кемістік тікелей у болып, ол жеткенше ұрпаққа жұғады. Жақсы мұғалім – бұл ең әуелі қайғы қуанышыңа ортақтасатын, парасатты әрі адал, балаларды құрметтей білетін және оларға ұқыпты қарайтын жақсы адам.

Мұғалім мархабатты мамандық. В.Г. Белинскийдің ойынша: тәрбие мақсаты – адамгершілік, құралы – сүйіспеншілік. Педагогикадағы адамгершілік адамдарға әрдайым пайда келтіруі, тәрбиеленушілердің рухани және дене саулығы таза болып өсуіне жәрдемдесуі арқылы көрінеді.

Сонымен қоса мұғалім бейнесін көпшілік мақұлдаған ізгілікті жандардан тұратын бейне бір стандартты, өзгермейтін модель ретінде елестетуге болмайды. Адам баласына тән нәрсенің барлығы мұғалімге жат емес. Алайда болашақ жас педагогтар үшін өзін-өзі тәрбиелеудің, сөйлеу мәдениетін жоғары деңгейде қалыптастырудың, кәсіптік-педагогикалық үрдістің өзіндік пайдалы сипаттарын білгені жөн. Педагогикалық қызметтің ойдағыдай болуының қажетті шарты – оқушыны жақсы көру. Балаларды жақсы көрмей тұрып, оларды адамгершілік пен адалдыққа тәрбиелеу мүмкін емес. Балаға салқын қарау көп жағдайда олардың мінез-құлқына рақымсыздықтың, іс-әрекетіндегі теріс қылықтың пайда болуына әкеп соғады. Әрине, оқушыны жақсы көру, жеке басын сыйлау, мұғалімнің тағы басқа да келелі қасиеттерімен толысып, тез үйлесімін тауып, толықтыра түседі.

Оқу-тәрбие ісі тәрбиеленушінің жүрегін тебіrentіп, ой сезіміне әсер ету үшін:

- біріншіден, тәрбиеші ұстаз саяси сауатты, жан-жақты білімді болып, сөйлеу мәдениетін терең меңгеруі шарт;

- екіншіден, оқу-тәрбие үрдісін жүргізу кезінде оқушының психологиялық ой-өрісінің өсу, даму дәрежесін бақылай отырып жан саулығына, ден саулығына келелі сөзімен, табиғатына үйлесімді жан-жақты жәрдемдесуі керек,

- үшіншіден, тәлімгер ұстаз өз бойындағы білімді оқушы жүрегіне еркін ұялата аларлықтай әдіскерлік шеберлігі болуы қажет.

Бүгінгі тәлім-тәрбие, оқыту, білім беру тұрғысынан қазақтың халық педагогикасы, дала ұстаздары өсиет еткен өнегелі сөздерін еске алсақ, шәкірттің көзі ояу, көңілі ұйқыда болмас үшін, болашақ тәлімгер ғасырлар бойы қалыптасқан заңдылықтарды терең біліп, оны жүзеге асыруды парыз деп тануы шарт.

Мектеп пен ұстаз және оқушылар – бір-бірінен ажырағысыз, тығыз байланыста болады. Педагогтардың кәсіби моралінің талаптарының ең негізгісі болып саналатыны әр жекелеген оқушының игілігі үшін қамқор болу. Әр нақтылы жағдайда бұл игіліктің неден белең алатындығын ұстаз өзі шеше алуы тиіс, ол үшін шәкірттің жеке тұлғасына талдау жасау, оның сыныптағы жағдайын білу, жанұядағы және оны қоршаған балалармен және үлкендермен өзара қарым-қатынасын нақтылай білген жөн. Мораль педагогтардан тұрақты педагогикалық жұмыс ретін талап етеді. Педагогикалық іс-әрекеттің маңызды өлшемі – оқушы туралы қамқорлық шаралары.

Өзінің кәсіби болмыс, мінез-құлқына өзіндік талдау жасаудан әр педагогтың ұтары мол. Оқушы үшін ненің қажет екендігін, оны толғандырып жүрген нендей жағдай екендігін білмей тұрып ұстаздың бала игілігі үшін әрекет жасауынан нәтиже шықпайды. Әсіресе балалардың да жан-дүниесіне үңілу және олардан тек тәртіпсіздікті ғана көрмей, дұрыс қарым-қатынастың ыңғайында тәрбиелесе, нәтижеге жетері хақ. Әр педагогикалық жағдайда ұстаздан ақылдылық және нақты әрекет талап етіледі. Педагогтардың шәкірттерінің игілігі үшін қамқорлық жасауы төрт аспектіге байланысты: олардың физикалық, интеллектуалдық, адамгершілік, рухани дамуын жетілдіру. Шәкірттерінің физикалық дамуын жетілдіру аясына оқушыларының денсаулық жағдайына көңіл бөлу, мектептегі сабақ барысында және үй тапсырмаларын орындауда әр оқушының физикалық және психикалық тұрғыдан өзіне артық салмақ артпауына себепші болу.

Оқушылардың ақыл-ойын дамыту – мұғалімдер алдындағы маңызды шаруаның бірі. Бұл талап педагогтарға өзінің негізгі әрекеті мен қосымша жұмыстарының ара жігін толықтай ашып алудан басталады. Оқу уақытының көп бөлігі осы міндеттерді шешуге жұмсалғаны жөн. Осы әрекеттерден келіп шығатыны: әр шәкірттің алдына оқу міндеттеріне қатаң талап қою және міндеттер деңгейінің баланың ақыл-ой деңгейімен бір мөлшерде болуы ескерілуі шарт. Ол міндеттер аса жеңіл де емес немесе аса күрделі де болмауы тиіс. Талаптардың тым босаң болуы оқушылардың дамуының деңгейін төмендетеді,

тым жоғары болса жүйкеге салмақ түсуі ықтимал. Сол себепті нақты баланың жас ерекшелігіне сай өлшемді ұстанған дұрыс.

Тәрбиеленушінің адамгершілік тәрбиесіне көңіл бөлу мәселесі де ұстаздарға толағай міндеттер жүктейді. Өздерінің тәрбиелеп отырған шәкірттерінің бойында адами қасиеттерді ұштауда да жүргізілетін жұмыс түрлері сан алуан. Бұл арада тек әрекетке педагог қана енуі тиіс десек қателесеміз, олардың мүмкіндіктері шектеулі, ал басты жауапкершілікті ата-аналар алады. Бірақ, ұстаздар бойын аулақ ұстауы керек деген ұғым тұмауы тиіс. Бұл талапқа басшылық жасай отырып, ұстаз шәкіртіне моральдық зиян келтірмеу жағын ойластырғаны дұрыс. Адами қасиеттер сапасын шәкірттеріне дарытуда ерекше жетістіктерге ие болатын ұстаздар өздерінің күнделікті әрекетінде бұл үрдісті дағдыға айналдырғандар. Бұл ұстаздардың бойындағы сапалық қасиеттер: ұқыптылық, сыпайылық, адам жетістігін бағалай білу, жауапкершілік, көмек көрсетуге даяр болу, шыдамдылық, патриотизм, шынайылық, көпшілдік.

Қазақстан Республикасының «Ұлттық энциклопедиясында» адамгершілік ұғымына мынадай анықтама берілген: «Адамгершілік адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы». «Кісілік», «Ізгілік», «Имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндес. Адамгершілікке тәрбиелеудің маңызды педагогикалық міндеттері – оқушылардың белсенді өміршілік позициясын, қоғамдық борышқа сапалық көзқарасын, сөз бен істің бірлігін, адамгершілік қасиеттерінен ауытқушыларға жол бермеуді қалыптастыру. Көзге көрінбейтін өте нәзік сезімді, аса құнды қасиеттерді тәрбиеленуші бойына сіңіру тек шебер сөйлеу шеберлігі жоғары қалыптасқан тәлімгердің қолынан ғана келеді.

Ғасырлар бойы көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыз өзі өмір сүрген ортаның әлеуметтік-экономикалық жағдайларына, мәдениет пен тарихына, табиғатына орайлас жас буынға тәлім-тәрбие берудің айрықша талап-тілектерін дүниеге әкелді. Бүгінгі өркениетті педагогикада тамыры тереңге жайылған халық педагогикасы негізінде оқыту, оны ұрпақтар санасына сіңіру, тәлім-тәрбиенің іргетасын балдырған шақтан қалау ісі жолға қойылуда. Осы мақсатта:

- 1) Сөздік әдістерді қолдану: мақал-мәтелдер, шешендік сөздер, терме, айтыс, жыр, ертегі, өсиет сөздерді оқытып, үйрету;
- 2) Үлгі-өнеге, оны ұлы адамдардың өмірімен байланыстара оқыту;
- 3) Әдеп және жантану. Болашақ мұғалімге құлықтық тәрбие беруде ұлттық педагогика қашанда халық тәрбиесін үлгі етеді.

Ғұлама даналарымыз адамның жан дүниесіне жүрек сырына терең бойлап ондағы құпия жайттарды ұғынып, олардың бейнесіндегі маңызды жақсы-жаман қасиеттері туралы өте көп педагогикалық тұжырымдар, ой-пікірлер айтқан. Олар жақсы мінез құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде – бұлар адамшылық қасиеттер болып табылады, қасиеттер дегенде қазақ даналары, әрбір нәрсенің

игілікті жағы, соның өзінің және оның әрекеттерінің абзалдығында және жетілгендігінде деген мағынада айтады. Егер осы екеуі – жақсы мінез құлық пен ақыл күші, бірдей болып келсе, ол адам – үлкен ат иесі деген. «Адамнан үлкен ат жоқ» - деген тобықтай түйін осыдан қалса керек.

Қазақ ойшылдарының тұжырымдауында, ақыл парасаттылық жеті нәрседен тұрады: біріншіден, адамдарға кішіпейіл және нәзік сезімталдылықпен қараудан; екіншіден, өзінің ісінің бұрыс екенін біліп, соған орай әрекет жасаудан; үшіншіден, халқына қызмет етіп, олардың тілек-армандарын орындаудан, төртіншіден, қатенді бірден мойындап кешірім сұраудан, бесіншіден, әдеп сақтап, өкіндіретін сөздердің тілге ілігуінен сақтануынан; алтыншыдан, төзімді болып, қызбалыққа жол бермеуден; жетіншіден, өзінің және басқалардың сырын сақтаудан.

Халық даналығының кәусар бұлағы – ұлттық педагогикаға назар аудару қазіргі білім беру жүйесі үшін аса маңызды. Мұның студенттер үшін де маңызы зор, өйткені оқушыларды халық даналығында адамгершілікке тәрбиелеу мұғалімнің жеке тұлғалық адами қасиеттеріне, осы салада меңгерген теориялық-практикалық білім, іскерлік, дағды деңгейіне байланысты айқындалады.

Халық педагогикасының әр түрлі қырларын тілге тиек еткенімізде, алдымен соны іске асырар педагог тұлғасына қойылатын талаптар және сол талаптарға педагог тұлғасын сәйкестендіру тетігін айқындау мәселесі – қазіргі күнгі білім беру саласының күн тәртібінде басты орынға ие.

Сөйлеу мәдениеттілігі жоғары деңгейде қалыптасқан ұстаз тұлғасы қандай болуы керек? – деген сұраққа жауап ретінде төмендегі ой-пікірлерді ұсынамыз:

1) ұстаздық еңбек жолындағы алғашқы қадамы шәкірттің оқуға деген ынтасына терең мән беріп, шәкірт жүрегіне жол тауып, атқарылатын іске шын қызықтыра баулу;

2) ар-ождан алдындағы басты парызың мамандықтың басты шарты болғандықтан, ол сенен төзімділікті, ұстамдылықты, шыдамдылықты, шыншылдықты, әділдікті талап етеді. Оған машықтанып, дағдылану;

3) нақты педагогикалық міндеттерге сәйкес оқушыларды тандандыра, қызықтыра, шабыттандыра білу;

4) педагогикалық қызметтің ойдағыдай болуының қажетті шарты – оқушыны жақсы көру, жылы жүзбен қарау, жеке басын сыйлау;

5) өз халқының мәдениетіне, тіліне, тарихына, салт-дәстүріне, әдет-ғұрпына құрметпен қарайтын нағыз адам қалыптастыру.

Қорыта айтсақ, педагогтарға кәсіби білім беру проблемасы, оның ішінде болашақ мұғалімдердің сөйлеу мәдениеттілігінің тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсері проблемасы жан-жақты қарастыруға және жоғары оқу орнындағы

білім беру процесі жүйесіне оңды өзгерістер енгізу үшін қажетті мәселе деп есептейміз.

Қазіргі күннің талаптарына сәйкес мұғалімнің жеке басын жетілдіру, өнегелілік мәдениетін, тиімді сөйлеу тәртібі ұғымы дамыту ерекше маңызды болып отыр, өйткені мектептегі барлық оқу-тәрбие процесі тиімділігінің табысты болуы, көбінесе соған байланысты.

Әрбір мұғалім өз басының бағалы кәсіптік сапасын, іскерлігі мен дағдысын, тиімді сөйлеу тәртібі ұғымы мәдениетін жетілдірудің, яғни өзінің кәсіптік тәрбиесімен шұғылдануының айрықша маңызы бар. Мұғалім үшін қастерлі міндет «өзінің жеке басының тәрбиесін бүкіл өмірлік міндетіне айналдыруда», - деп есептейді А. Дистервег.

Мұғалімнің тиімді сөйлеу мәдениеті, оның негізін құрайтын адамгершілік, моральдық борыш, ар-ұят пен намыс адамға не бере алады? Ең алдымен адам өмірін сәулелендіретін мейірбанды өнегелілік пен қайырымдылық сезімін нағыз адамгершілікпен өмір сүре білу қабілетін береді. Ұстаз тұлғасының ойы мен сезім әлемі түйіскен жерде, оның ішкі дүниесінің нағыз қазынасы басталады. Оқушылармен бірге толғанатын, олардың жетістігіне қуанатын мұғалім ғана өзінің оң сезімінің аясын кеңейте алады.

Сөйлеу мәдениеті ұстазға ой мен сезімнің бай рухани әлеміне енуіне мүмкіндік берумен қоса, іштарлық, атаққұмарлық секілді әдеттерден аулақ болуға, әрі оған тәуелді болмауға жәрдемдеседі.

Өзімшіл өресі таяз адамдар өзінің көптеген рухани адамгершілік қасиеттерінен айырылады. Адамгершілік қасиеттен айырылудың осындай жақтарын байқаған В.Г. Белинский былай деп атап көрсетті: ғалым, дәрігер, заң шығарушы болған жақсы, алайда осының өзінде адам болмау өте жаман.

Әрине, өресі кең адамдардың өзінде де әр алуан кемшіліктер, болуы мүмкін. Шындығында әр адам өзінің өнегелі ішкі дүниесін жақсартып жетілдіре алады. Ол үшін бірінші кезекте адамгершілік, мейірбандық сезім аясын кеңейтіп, өнегелілік тебіреніс тілі мен өнегелі ойды меңгеру керек.

Мұғалімнің жеке басының адамгершілік қасиеттеріне қойылатын талаптар педагогикалық деонтологияның жеке тұлғалық компоненттерінде өз көрінісін табады.

Мектептің алға қойған мақсаты - мәдени орталық болып саналуы, адамның бойына тек жақсылықтарды ұялату, дамыту. Тұлғаны дамыту үрдісі күрделі қайшылықтарды жеңумен байланысты, осы орайда көптеген келеңсіздіктермен күресуге тура келеді, педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара қарым-қатынасын реттеу қажеттілігі туындайды. Мұнда педагогикалық мораль, ұстаздың кәсіби жұмысында адамгершілік қатынастардың бірлігіне құрылады. Бүгінгі күні этикалық тәрбиенің, адами қасиеттерді меңгерудің мәні зор.

Педагогикалық этика педагогикалық моральдың қызметін, принциптерін, мазмұнын, ерекшеліктерін қарастырады, педагогтың адамгершілік іс-әрекетін, мінез-құлқын негізге алады. Ол педагогикалық этикет негіздерін даярлайды, оның аясына адамдардың, өскелең ұрпақ тәрбиесімен кәсіби тұрғыда айналысып отырған барлық жандардың дұрыс қарым-қатынасының ережелері, қағидалары енеді.

Педагогикалық мамандықтың моральдық аспектілері әр педагогикалық қызметкердің өзінің іс-әрекетіне деген жауапкершілікпен, жеке көзқарасымен ұштасады. Педагог өз шәкірттерінің келеңсіз, жаман әдет-қылыққа баруына жол бермей, жан-жақты тәрбиенің аясынан босатпауы шарт. Бұл салаға ата-анамен тығыз байланыс та енеді. Кез келген ұстаз моральдық міндетін орындауда еркін. Өзінің кәсіби білімін, білік, дағдысын қандай деңгейде пайдалана алуы оның кәсіби этикасына байланысты.

Мұғалім ең күрделі процестерді – жеке адамды қалыптастыру процесін басқарады. Мұғалім баланың білімін, икемділігін, әдетін, мұратын және өмірлік мақсатын қалыптастырады. Кезінде көне грек философы Платон былай деген еді: егер етік тігуші олақ болса, мемлекет бұдан көп зардап шеге қоймайды, бар болғаны азаматтар барынша нашар киінеді, ал егер шәкірт ұстазы өз міндетін нашар орындаса, онда елде жаман адамдар мен бұзақылар көбейіп кетеді.

Мұғалімдік атаққа ие болған әрбір адам ұстаздық абыройға ие бола бермейді, өйткені ол абыройлы, ардақты іс болғанымен, қолындағы дипломға қоса «абыройлы» деген мандат берілмейді. Жазылмаған бұл мандатты халықтан өзі алуы керек. Диплом алған әрбір адамның болмысы түгелдей мұғалім болып жаратылуы керек. Бұл мамандықты меңгерту барысында ұстаз кадрларын даярлайтын жоғарғы оқу орны әрбір тәлімгер болам деген талапкерге мұрындық болуы керек.

Педагогикалық талаптарға сәйкес болашақ ұстаз абыройының баспалдақтары:

1) мұғалімнің маңызды еңбек құралы, оның жеке тұлғасы. Өзінің кәсіби міндеттерін нәтижелі орындау үшін ұстазға міндетті түрде өз оқушыларының алдында ерекше абыройлы болғаны дұрыс. Алайда бұл сый-құрметтің, сенімділіктің өзі ерен еңбекпен келетіні түсінікті. Осы орайда әңгіме тек арнайы кәсіби-педагогикалық сапалық қасиеттер (мейірімділік, шыдамдылық) хақында ғана емес, басқа да түрлі жалпы адами әлеуметтік құнды қасиеттер хақында. Бұл әлеуметтік бағалы қасиеттер педагогқа аса қажет, оның кәсіби міндеттерінің аясына адамгершілікке тәрбиелеу енеді. Әлеуметтік құнды сапалық қасиеттерді тәрбиелеу білім беру және іскерлік дағдыны жетілдірумен қатар жүреді. Білімді терең игертетін, моральдық сенімге тәрбиелейтін педагогтың өзі жан-жақты білім иесі, мол адами қасиеттерді бойына жинақтаған жан болуы тиіс. Білім

беретін тұлға мен оқушылардың болмысының аралығындағы өзара байланыстың болуы педагогтың кәсіби моралінің кодекстерін құрудың маңызды алғышарты болып есептеледі.

2) ұстаздарға қарап шәкірттер еліктейді. Балалар мен жасөспірімдер күн сайын бірнеше сағаттан мектеп әлемінен орын ала отырып, ұстаздарының берген білімдерін ғана меңгеріп қоймайды, мінез-құлық ерекшеліктерінен де көп нәрсені дарытады. Кез келген жағдайда мұғалімдердің назарға алатын қағидасы, олар оқушыларға өздерінің мақсатты бағытталған педагогикалық әрекеттерімен ғана қолайлы немесе қолайсыз әсер беріп қоймайды, сонымен қоса өзінің тұтас болмыс, жан-дүниесімен де қатты әсер етеді. Осы себептерге байланысты ұстаздардан қатты талап етілетіні – олардың тек үлгі аларлықтай бағыт-бағдар берулері, оқушыға зиянды әсер беретін барлық шараларға қарсы тұра білулері қажет. Нақты осы жайт кәсіби мораль кодексі тұрғысынан анықталуы тиіс.

3) кәсіби міндеттерді атқарудағы еркін таңдаудың жеткіліктілігі. Жоғарыда айтып өтілгендей, ұстаздың кәсіби рөлі оған сан алуан және күрделі міндеттерді артады. Олардың жүзеге асуы үшін әрекеттің үнемі бірдей амалдары кезіге бермейді. Педагогикалық ахуалдар үнемі өзгеру үстінде және әр кезде жаңаша бағалануы тиіс. Педагогты барлық уақытта өз міндеттерімізді қалай, қандай әдістермен жүзеге асырамын деген ой мазалайды. Таңдаудың өзі өзгеріп, жағдайға сәйкес түрленіп отырады. Кімде неғұрлым жоғары таңдау еркі болса, сол адамда соғұрлым жоғары жауапкершілік болмақ. Сол үшін мұғалімдерге моральдық нормалар аса қажет, көп жағдайларда оңтайлы шешім табуға жол ашады.

4) қоғам мұғалімнің әр шешімінің сапасын және мақсаттылығын қадағалап отыра алмайды. Сол үшін бақылау ең алдымен мұғалімдердің өздерінің тараптарынан белең алуы тиіс. Педагогтың кәсіби тұрғыда өз ісінің шебері болмауынан және кәсіби міндеттерінің сапасыз атқарылуымен заңдар мен нұсқаулардың көмегі арқылы күресу мүмкін емес. Бұл арада анағұрлым тірек болар күш те кәсіби-моральдық сана-сезім болып саналады.

5) бүгінгі таңда ұстаздар қауымына нақты талаптармен қоса негізсіз де міндеттер артылуда. Негізді және қисынсыз жайлардың ара жігін ашып алған дұрыс. Бұл арада жан-жақты ойластырылған кәсіби мораль көмектеседі. Білім беруден басқа да (экологиялық, әлемге көзқарасты тәрбиелеу) міндеттерді ұстазға жүктей беру ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлінің төмендеуімен байланысты. Ата-аналар өз міндеттерін қуана-қуана ұстаздарға артуға құмар, көпшілігі оларды тәрбие мамандары деп санайды. Бұндай міндеттің көп жүктелуі ұстаздар қауымына бірқатар міндеттерді тереңдей қабылдай алмауға итермелейді. Өздерінің кәсіби міндеттерін қысқартуға әкеледі. Қат-қабат нұсқаулар мен шамадан тыс толтыратын қағаздар реті де тәжірибелік

міндеттерін алмастырып жібереді. Ұстаздарды осындай қат-қабат әрекеттерден, негізсіз талаптардан қорғау, ата-аналарды бала тәрбиесіне біліктілікпен қарауға дағды беруде де кәсіби моральдың лайықты нормалары аса қажет.

Педагогтардың сөйлеу мәдениеттілігінің мазмұнын анықтауда педагогтарға табиғи түрде осы салада жинақталған халқымыздың мол тәжірибесіне, педагогикалық бай мұрасына арқа сүйейтіні белгілі. Көптеген педагогтар кәсіби болмыс, мінез-құлықтың қалыптасқан нормаларын өз түсінігінше қабылдайды. Алайда, атап өтерлігі, бұл нормаларды мойындау оған мойын ұсыну емес. Сократтың өзі таң қалған жай - көптеген адамдар мейірімділік, қайырымдылықтың бар екендігін біле тұра қатыгездікке барады. Ал, Гегель тұжырымынша, нақты моральдық сана дұрыс әрекеттер арнасына жол ашпақ, ал адамның өзі іске асырған қылықтарымен танылады, өз мамандығын құлшыныспен, жан-тәнімен сүйіп атқарған педагогтың жоғары шеберлік шыңына өрлеп, өз еңбегінің жемісінің дәмін тата беретіндігі айқын.

Сөздің негізгі сипаты оның мағынасында, семантикалық мазмұнында екені баршаға белгілі. Баяндалып жатқан сөзді тыңдағанымызда біздің назарымыз оның мәндік мазмұнына аударылады. Адам тілінің әрбір дара сөзі қандай да бір затты өрнектейді, оны атаумен біздің санамызда нақты бір заттың немесе құбылыстың бейнесі пайда болады, осынысымен де адам тілі жануарлардың қысқа мерзімді, қылықтық күйін білдіретін аффектік тілінен ажыратылады. Адам тіліндегі көңіл күй көрінісі үлкен маңызға ие. Сөзді тек ақыл-ой көрінісі деп тану оның өрісін өте тарылтып жібереді. Сөзде, әсіресе оның ауызша түрінде көңіл-күй танытатын көптеген сөйлеу бірліктері қосылады: іркініс, ырғақ, әуен, жазба түрінде – тыныс белгілері, сөз орыны т.б. Сөйлеу барысында біз тек сөйлеу ақпаратымызды ғана хабарлаумен тынбастан, әңгіме арқауына болған, әңгіме тыңдаушыға болған өз көңіл толғаныс, қатынастарымызды білдіреміз. Сөз неғұрлым өрнекті, әсерлі болған сайын, одан сөйлеушінің келбеті, болмысы да нақты көрінеді .

Сөз бір нәрсе жайында баяндаумен бірге ықпал жасау құралы да болып қызмет етеді. Адам тілінің ықпалдық қызметі - өте мәнді құбылыстардан тұрады. Сөйлеу - әлеуметтік міндетті орындау, тіл қатынасының құралы бола тұрып, саналы ықпал қызиетін орындайды.

Сөйлеу процесінің негізгі тірегі – түсіну. Сөз қоғамнан тыс болуы мүмкін емес, сөйлеу тілдесуге арналған және тілдесуде пайда болатын әлеуметтік өнім.

Сөйлеу саналы әрекетке арнаулы үшін әңгіме арқылы шешілетін мәселе және оның мақсаты анық болуы қажет. Сонымен бірге, әңгіме барысындағы міндеттің шешімі сол әңгіме жүріп жатқан жағдайға да байланысты. Әңгіме мақсаттары мен жағдайларын бірлікте қарастыра отырып, адам не айту керек,

калай айту керек екендігін қарастырады, осыдан өз сөзіне алдына қойған міндетін шешуге жарайтын саналы әрекетке айналдырады.

Пікірлесудің қандай түрлері болса да, сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады. Пікір алысудың нақтылы мақсаты мен жеке жағдайларына қарай сөйлеу түрлі ерекшеліктермен көрінеді. Осы айтылғандар тұрғысынан сөйлеу бірнеше түрлерге бөлінеді. Алдымен сыртқы және ішкі сөйлеу болып үлкен екі топқа жіктеледі.

Сыртқы сөйлеу ауызша (бұл тілдің ең көп және кең тараған түрі) және жазбаша сөйлеу болып, ал ауызша сөйлеудің өзі диалог және монолог.

Ауызша сөйлеу — сөйлеудің негізгі түрі болғандықтан оның қалған түрлері де соның төңірегіне құрылады. Мәселен, жазу сөзіндегі әріптер ауызша сөздің түрлі дыбыстарын белгілейді. Былайша айтқанда, жазу сөзі ауызекі сөздің қағаздағы таңбасы, оның ерекше бір варианты. Ауызша сөйлеудің негізгі бір түрі — диалогтық сөйлеу. Диалогтық, сөйлеу дегеніміз екі немесе бірнеше адамның тілдесуі. Диалог сөздің кейбір психологиялық ерекшеліктері төмендегідей:

-1.Диалог сөз бөгелмей еркін айтылады, ол ойды кең жайын жатуды тілейді;

- 2.Үнемі кезектесіп айтылатындықтан ықшам келеді, тек әңгімелесуші адамдардың өздеріне ғана түсінікті болады. Мәселен, «келе жатқан тоғызыншы» деген сөйлемді осындай нөмірлі авгобусты күтіп тұрған адамдар ғана түсіне алады;

3.Диалогтық логикалық жағы (жоспарлылығы, дәлелділігі т. б.) кемдеу болады;

4.Диалог сөз ым-ишаралармен, бет пен көздегі мәнерлі қозғалыстармен (қолдың, ауыздың, көздің, қабақтың қозғалысы т. б.) толықтырылады.

-Монологтық сөйлеу дегеніміз бір адамның сөзі, яғни баяндамашының, лектордың сөздері. Монолог сөзге тән кейбір психологиялық ерекшеліктері төмендегідей:Монолог сөз үнемі белгілі жоспарға сәйкес құрылады, бұл алдын-ала даярлықты тілейді;

-Монолог сөздерге логикалық жағынан қатаң талаптар қойылады (мәселен, баяндамашы мен лектор сөзінің мағыналылығы мен түсініктілігіне ерекше көңіл бөледі);

-Монолог сөз мәнерлі, адамға әсер ететін моменттерді (сөзді сазына келтіріп айту) көбірек қажет етеді.

Диалог және монолог сөздер көбінесе беттің мимикасының өзгеруімен, ымдау сипатындағы түрлі қозғалыстармен қосарланып отырады. Орынды ымдар біздің сезімімізді мәнерлі етумен қатар, оның өзімізге де, жұртқа да түсінікті болуына жағдай туғызады. Бірақ, осындай ым-ишаралардың дербес

күйінде аса үлкен маңызы жоқ. Адам мұны көмекші құрал ретінде ғана пайдаланады.

Ауызша сөйлеуде (оның диалог және монолог түрлерінде де) актив және пассив сөздер болады. Актив сөздер күнбе-күнгі жиі қолданылатын сөздер. Пассив сөздер тілімізде сирек пайдаланағын, мағынасына түсінгеімен күн сайын ашылмайтын сөздер. Мұндай сөздерге көбінесе ғылыми-техникалық атаулар және ескірген сөздер жатады. Актив сөздің мол болуы адамның сөйлеу рекетіне, айналысқан кәсібіне байланысты. Егер ересек адамдардың актив сөздері орта есеппен 6000-7000 болып келсе, жазушылар мен ақындардың, ғалымдардың актив сөздері 10000-13000 сөзге жетін отырады. Мәселен, Шекспирдің сөздік қоры 12000-дай болған.

Сөйлеудің ерекше бір түрі — жазбаша сөйлеу. Жазбаша сөйлеу арнаулы әдістер арқылы меңгерілетін сөйлеудің түрі. Мұны игеру адамға оңайлықпен түсіейді. Жазбаша сөйлеу адам баласы хат танырлықтай дәрежеге жеткенде, ауызша сөйлеудің біршама дамыған кезінде ғана пайда бола бастайды.

Жазбаша сөйлеудің кейбір ерекшеліктері:

1 Жазатын адамның қасында сөйлесетін адам болмағандықтан, мұнда ешбір ым-ишара қолданылмайды.

2 Жазбаша сөйлеудің логикалық жағына аса қатаң талап қойылады. Мәселен, белгілі тақырыпқа шығарма жазған кезде адам осындай талаптарды орындауға тырысады, көп ойланып, толғанады. Өйтпейінше бұдан нәтиже шығару қиын.

3. Жазуда грамматиканың ережелері де қатты ескеріледі.

4. Жазу кезінде адам қатты зейін қойып, әр сөзін ойлап құрастырады, мағыналы сөз іздейді.

Бұл үлкен ой жұмысын қажет етеді. Мәселен, адам өзінің туысқандарына, таныстарына хағ арқылы ойын білдіргенде осы жағдай байқалады. Жазбаша сөйлеудің түрлері мен стильдері әр алуан. Олардың бастылары ғылыми, публицистика, көркем әдебиет, іс-қағаздық т.б. сөздер. Сөйлеудің жеке бір түрі — ішкі сөйлеу. Ішкі сөйлеу деп тілдік материалдар негізінде дауыстамай-ақ сөйлей алушылықты айтады. Әр ұлттың өкілі қандай бір нәрсе туралы ойласа да, алдымен өз тілінде ойлайды. Осығадай кезде адам ішкі сөйлеуді пайдаланады. Ішкі сөйлеу адамдармен тікелей қарым-қатынас жасауға арналмаған. Оны адам өзінің ойлау әрекетінің ішкі мақсаты үшін пайдаланады. Ішкі сөйлеуді сөйлеу аппаратының жасырын жұмысы деуге болады. Өйткені мұнда оның жұмысы жөнді еленбейді. Тек тиісті аспаптармен зерттегенде ғана сөйлеудің осы түрінің де және стезиялық тітіркендіргіштерге орай туыш отыратындығы анықталған.

Ішкі сөйлеумен жөнінде И. М. Сеченов былай дейді: «Бес жастағы баланың ойы сөзбен немесе сыбырлап сөйлеумен немесе тіпті тілдің қозғалуы, еріннің жыбырлауымен айтылады. Мұның өзі ересек адамдарда да (тек түрлі дәрежеде болуы мүмкін) жиі кездеседі. Мен тіпті өзімді де білемін: ойымның ауыздың жабық, қозғалмайтын күйінде тілсіз сөйлеумен, яғни ауыз қуысында тілдің бұлшық еттерінің қозғалуымен, қоса қабаттасуы өте жиі болады. Барлық жағдайда да басқалардың алдында бір ойға баса назар аударғым келсе, оны алдымен дереу сыбырлап айтып аламын». Ішкі сөйлеу өте қысқа, икемді болып келеді. Өйткені адам әрқаз өз ойлауының мазмұнын жақсы біліп отырады, сондықтан ішкі сөйлеуге ұзақ тұжырым жасап жатудың қажеті де болмайды.

Егер түйсіктер, қабылдаулар және елестер - бірінші сигнал системасына жатса, онда өзінің дамыған түрінде тек адам баласына ғана тән сөйлеу екінші сигнал системасына жатады. «Адамның жануарларда соншама мөлшерде болмайтын маңдай бөлігінде екінші бір сигнал системасы бірінші системаның сигналдануы – сөйлеу қолдан қосылып қойылғандай», - деп жазды И.П.Павлов. Ғалымның айтуына қарағанда, адамдарда айтқанда сөз ретінде естіліп те, көрініп те тұратын бірінші сигналдың сигналы екінші дәрежелі сигнал пайда болып, дамып, әрі төтенше жетіле түсті. Сөйлескен кезде біз басқа адамдарға қаратып сөз айтамыз, сондай-ақ, басқа біреулердің бізге айтқан сөздерін таңдап қабылдаймыз

Сөйлеудің қозғау орталығы (тілді, көмекейді және басқа да сөйлеу мүшелерінің қозғаласын басқаратын) мидың маңдай қатарларының төменгі жағында орналасқан. Сөйлеуді қабыс алатын орталық (есту орталығы) мидың сол самай жағында орналасқан.

Сыртқы естіртіп сөйлеуді сыртқы сөйлеу деп атауға болады. Бірақ та, айланған кезде іштей сөйлеуді де пайдаланамыз деп жоғарыда айтқанбыз. Мұндай сөйлеуді ішкі сөйлеу деп атайды.

Сыртқы сөйлеу ауызыша және жазбаша түрде болады. Ауызыша сөйлеу, өзінің аты көрсетіп тұрғандай, бір адамның сөйлеуі болады - Әдетте бұл сөйлеу (лекция, баяндама, әңгіме т.б. сияқты) басқа да адамдарға тыңдаушыларға қаратылып айтылады, сонымен қатар тыңдаушылар жоқ жерде де, адам өзін-өзі дыбыстап сөйлеуі мүмкін. Монологтың сөйлеу тыңдаушыларға арналған кезде, оларды көбіне қалуы тиіс. Сондықтан да басқаларға сөйлеп тұраған адамның оның сөзіне жұрт назарын қалай аударып отырғанын ескеруі қажет.

Мұғалімнің сабақты түсіндіруі де монолог түрінде болуы мүмкін. Бастауыш кластарда сөйлеудің монологтық түрлерін шамадан тыс қолдана берудің қажеті жоқ екенін айтып кеткен жөн. Жас оқушылар

сабақты лекция түрінде түсіндіргеннен гөрі, оны өзара әңгіме ретінде түсіндіргенде, анағұрлым жақсы таңдап, түсініп, меңгеріп алады.

Екі адамның, не болмаса одан да көп адамдардың өзара әңгімелесуін диалогтық сөйлесу дейді. Әдетте сөйлесушілердің сөзі алма-кезек келіп отырғандықтан монологтық сөйлеу тәрізді ұзақ болайды. Диалогтық сөйлеу кей кездерде пікір таласа, диспут, түрінде болып, соның барысында кейбір мәселенің анықталуы мүмкін.

3. Сөйлеу және жеке адам . Оқушы жазбаша дүниенің мазмұнымен, әдетте, оның авторынсыз танысады,, сондықтан да ол өте-мөте оның, түсінікті, дәл болуы қажет. Сондай-ақ сөйлеудің жазбаша түрінде сөйлеген сөзді жандыра түсуге қажетті сөз ырғағы, мимика, қол қимылдарын пайдалана алмайсың. Сондықтан да сөйлеудің жазбаша түрінде қиыншылықтар көп кездеседі. Егер сөйлеу кезінде таңдаушы түсінбегенін баяндаушы адамнан әр уақытта сұрап, айқындап алуға мүмкіндігі. болғандықтан, ауызша сөйлеу қысқа баяндаса сөйлеудің жазба түрін мейлінше толықтырып кеңінен түсінікті етіп құру қажет.

Ауызша және жазбаша сөйлеу адамдарға әр түрлі талап қояды. Кейбір адамдар шешен сөйлеп, жазуға шорқақ болса, ал енді біреудер өз ойын майын тамыза жазады, бірақ сөйлеген сөзінде кемістер кездесіп отырады (ол әсіресе халық алдында, аудитория алдында сөйлегенде).

Сөйлеудің көрсетілген түрлері актив сөйлеу ұғымына жатады. Сонымен қатар адамдардың сөйлемей (жазбай), тек таңдап қана отыруға тура келетін пассив сөйлеу түрі де бар. Пассив сөйлеуге басқа даманың сөйлеген сөзін таңдап, түсіну кіреді. Ол үшін тіл құрамын (дыбыс, сөз, сөйлеуді дұрыс құруға керекті лексика (сөздік қор), фонетика (сөздерді құрайтын дыбыстар), сөйлеу мәнері, фазаларды құрастыру және камескі, дұрыс емес, керексіз сөздер, мысалы, паразит сөздер, (провинициализм) аймақтық тіл (елге көп мәлім емес, тек бір аймақта ғана қолданылып жүрген сөздер), Вулгаризмдердің болмауы жатады.

Екінші топқа сөйлеушілердің өз ойын тыңдаушылар жадында бұлжытпай жеткізіп, тыңдаушыларға тиісті әсер жасап, оларды нандыратын сайлау сапалары жатады. Бұған сөйлеудің маңыздылығы, анықтығы, түсініктілігі, сөздің дұрыс құрылуы, логикалығы, әсемділігі, бейнелілігі, эмоциялылығы, ұғымдылығы кіреді. Әрине түрліше баяндау сондай-ақ бірінші топтағы талаптарды орындауға байланысты екені белгілі.

Егерде сөз адамның ойы мен сезімін дұрыс бейнелей алса, оны тыңдаушылар да жеңіл түсінеді. Егер сөйлеушінің де ойы өзіне түсініксіз болса, не болмаса өз ойын жеткізуге немқұрайлы қараса, оны түсіну де сондайлық дәрежеде болады.

М.Ш. Калинин бір кезде YIII-X класс оқушыларының сөйлеген сөздерін тыңдағанан кейін, оқушылардың ешбір мүлтіксіз сауатты құрған сөздері ешкімді селт еткізе алмағанын, өйткені олардың сөздерінде сонылық болмай, оқушылардың өз сөздерімен емес, басқа біреудің дайын тұрған сөздерімен сөйлегенін айтқан. Оқушылардың сөйлеген шын жүрегінде қайнап шыққан терең ой болмаған. Калинин М.И. оқушылардың сөйлеген сөзін жылуы жоқ ой сәулесіне теңеген.

Мұғалімнің сөзіне ерекше жоғары талап қойылады. Ол сөз түсініктілігі, анықтығы, қызғылықтығы, ойға қанымдылығы, дұрыстығы тағы басқаларымен ерекше болуға тиіс, егер оның ішінде қайта-қайта айтылып, жауыр болған сөздер көптеп кездесе, оның жаман болғаны. Мұғалімдердің шыңына жеткізе жаттап алған сөздерін.

Жазбаша сөйлеу - баланың тіл мәдениетінің дамуына ерекше ықпал жасайтын қуатты фактор. Жазбаша сөйлеу меңгеруге бала мектеп есігін аттағаннан бастап белсенді кіріседі. Баланы жазу сөзіне үйрету – бастауыш мектептегі оқуды пайызға шаққанда жартысына жуығы ашылады. Жазбаша сөйлеудің дамуы хат танудан басталады. Бала мектепке келген кезден бастап оқу дағдысымен қатар жазу дағдысын да меңгере бастайды. Жазу дағдыларына машықтану да өте күрделі процесс. Мұның 3 кезеңі бар:

1. Әріптің элементтерін үйрену кезеңін деп аталады.

2. Бала әріптің жеке элементтерін жаза білу қаблетіне ие болады. Баланың зейіні енді біртіндеп әріп таңбаларына ауа бастайды, оның әріп жазуға қатысын қимыл – қозғалыстары автоматталына түседі. Осы кезеңде бала жеке әріптерді толық жаза білуге үйренеді. Жазуға үйренудің екінші кезеңін психологияда әріптік кезең деп аталады.

3. Жазба сөйлеудің қалыптасу дәрежесін көрсететін негізгі кезең. Мұнда оқушы өз бетімен жеке сөздерді жаза алатын халге жетеді. Баланың зейіні енді жеке сөздері емес, солардан құралатын сөзге ауады. Бала, сондай – ақ, сөздегі әріптің орналасу да қатты көңіл бөледі.

3. Әдеби тіл нормалары

Тілдік норма мен дағдының өзара қатынасы. Әдеби тіл тілдің құралдары қырнанып, сұрыпталған, қоғам мүшелеріне ортақ кодификациялық нормасы бекітілген, стильдері қалыптасқан тіл.

Әдеби тіл функционалды қарым-қатынас жасаудың ауызша және жазбаша формаларында қолданылады. Қоғамдық өмір қалыптастырған түрлі сала қажеттігін өтеп, тілдік ұжым мен мүшелерінің мүдделерін орындайды.

Қазақ әдеби тілі – жоғарыда көрсетілген әдеби тіл белгілеріне ие сан ғасырлық тарихы бар, тілдік элементтері бірізді жүйеге түсірілген, тілдік

ұжымның бар саладағы қажетін өтеудегі мүмкіндігі жететін жол. Кемелденген қазақ тілінің сөздік байлығы функционалды қарым-қатынастың қай саласына да талабына жауап бере алады.

Күнделікті тіршіліктегі қарым-қатынасты жүзеге асырушы сөйлеу тілі мен жазба тіл арқылы кітабилық сипатқа ие болған функционалды стильдер әдеби тіліміздің негізгі бөлінісіне жатады.

Осы салалардағы қарым-қатынас әдеби тілдің бес түрлі стильді тармақтапры арқылы жүзеге асады:

- ғылым, білім, оқу ағарту саласы – ғылыми стиль;
- құқықтық сала, заңнама – ресми стиль;
- қоғамдық-саяси сала-публицистикалық сала;
- көркем шығармалар тілі – көркем әдебиет стилі;
- тұрмыстық қатынас саласы – сөйлеу тілі стилі.

Қазіргі қазақ әдеби тілі қоғамдық өмірдегі осы аталған бес салада қызмет етуге бейімделген, яғни аталған бес саланың қалыптасқан арнаулы атаулары, сөз құрылымдары, сөйлеу дағдылары, мәтін түзу ережелері бар.

Қарым-қатынастың ресмилік және бейресмилік сипатына қарай жоғарыда көрсетілген бес стильдік тармақ екі салаға бөлінеді:

- а) қарым-қатынастың ресми түрі – кітаби тіл.
- ә) қарым-қатынастың бейресми түрі – сөйлеу тілі.

Әдеби тілдің «заңдастырылған» нормасы – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. «Тіл мәдениеті» әдеби тілдің нормасы туралы білім саласы ретінде пайда болғаны мәлім.

Тілдік норма - әдеби тіл туралы ұғымның ең бір өзекті элементі. Сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдана білу әдеби тіл нормасын сақтау дегенге саяды. Тілдік норма алдымен тілдік жүйемен (системамен) салыстырыла қарастырылады. Мен оқыдым, сен жаздың, ол үйге барды тәрізді құрылымдардың жақтық мағыналарын өзгеше қиыстырып айтуға болмайды. Затты тәуелдеп айтып көріңіз: менің кітабым, сенің кітабың, оның кітабы. Қазақ тілінде сөйлеушілердің бәріне ортақ септеудің де жүйесі бар. Міне, осыған қарағанда, тілдік жүйе мен тілдік норма тепе-тең құбылыс тәрізді көрінеді. Бұл тілдік жүйе мен тілдік норманың бірлігін көрсетеді. Сондықтан тілдік норманың арқауы тілдік жүйе болып табылады. Бірақ тілдік жүйе мен тілдік норма тепе-тең құбылыс емес.

Тіл – жүйелі құбылыс. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесінде –ла, -ле, (-да, -де, -та, -те) сияқты аса құнарлы қосымшалар есім сөзден етістік тудырады: аяқ-та, бас-та, көз-де, су-ла, ау-ла, шөл-де т.б. Сөз тудырудың дәл осы жүйесі бойынша кез келген зат есімге –ла, -ле, (-да, -де...) қосымшасын жалғауға болатын сияқты.

Бірақ жүйе бойынша баула, жүкте, сыйла деп айтқанымызбен, кірпікте, соғымда, кітапта деп айтуға болмайтыны белгілі. Неге? Себебі бұлай деу жүйеге (системаға) қайшы болғанымен, дағдыда жоқ. Міне, осыған байланысты белгілі бір тілдік қолданысты норма деп тану үшін оның тілдік жүйеде болуы немесе норманың тілдік жүйемен жарыспалы болуы жеткіліксіз. Бұған қоса ондай қолданыс тілдік дағдыда болуы, сондай-ақ дәстүрге айналуы қажет.

Орфография (грек. *Orfhos* – дұрыс, *gporho* - жазамын) – жазудың бірізді тәсілдерін белгілейтін ережелер жиынтығы. Дыбыстардың таңбалануын, олардың бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазылу тәртібін, сондай-ақ бас әріптердің қолданысын, тыныс белгілерінің қойылу тәртібін анықтау да кіреді. Көптеген тілдердің емле заңдарына фонематикалық, морфологиялық, тарихи-дәстүрлік, т.б. қағидаттар негіз болады.

Фонематикалық қағидатқа дыбыстардың бір сөз ішіндегі немесе сөз аралықтарындағы бір-біріне тигізетін әсерлері ескерілмей, негізгі фонематикалық түрлері сақталып жазылады.

Фонетикалық қағидат бойынша сөз бөлшектерінің дыбыстық өзгеріске ұшырауы есепке алынып, айтылуынша (естілуінше) жазылады.

Морфологиялық қағидат бойынша сөз бөлшектерінің түбір тұлғалары сақталып жазылады.

Тарихи-дәстүрлік қағидат бойынша сөз бөлшектерінің түбір тұлғасын сақтау ережесіне де, айтылу ережесіне де сай келмей, сөздердің бір кездегі қалыптасқан жазу түрі алынады. Қазақ орфографиясы морфологиялық-фонетикалық принциптерге сүйенеді.

Бұдан басқа дыбыстық құрылымы ұқсас сөздерді шартты түрде ажыратуда қолданылатын айырым қағидаты да бар.

Дұрыс жазу емлесіне байланысты төмендегі жайттарды айтуға болады:

1) қазақ сөздері мен бөлшектерің негізінен түпкі тұлғасын сақтап, фонетикалық қағидат бойынша жазылатыны. Фонема – сөз мағынасын ажыратуға қабілетті ең кіші тілдік элемент екені белгілі. Мәселен, қас – қаш сөздерінің мағынасы «с» және «ш» фонемалары арқылы ажыратылып тұр. Мұндай түбір сөздерге түрлі қосымшалар жалғанғанда, жазуда олардың бастапқы формасы сақталып қалады: қашса. Айтылуы (қашша) формасында болғанымен, жазуда ескерілмейді.

2) қазақ орфографиясында фонематикалық және морфологиялық қағидаттардың кейде тоғысып кететіні. Айталық, біріккен және қос сөздердің әр компонентінің тұлғасы негізінен бастапқы формасында жазылады, олардың арасындағы дыбыстардың айтылуы бір-біріне тигізетін әсері ескерілмейді: шек+пар, қиян+кескі, жар+қабак, қара+күйе, т.б.

3) қазақ орфографиясында фонетикалық қағидат та кеңінен қолданылатыны:

а) қосымшалар түбірге соңғы буынның лингвалдық (жуандық-жіңішкелік) белгісіне және соңғы дыбысына қарай түрліше жалғанады: қазақ+тар, қалам+ның, бала+мын, әже+м, т.б.

ә) қатаң п, қ, к дыбыстарына аяқталған сөздерге дауыстыдан басталған қосымша жалғанғанда, қатаң дыбыстар ұяңданады: талабың, қайығым, жүрегі.

б) п дыбысына аяқталған етістіктерге көсемшенің –ып, -іп жұрнақтары жалғанғанда п дыбыстары қатар айтылмай, түбірдегі п дыбысы үнді у дыбысына айналады: кеп+іп – кеуіп, қап+ып қауып, жап+ып жауып т.б.

в) кейбір біріккен сөздердің бөлшектері түбір тұлғасын сақтамай, естілуінше жазылады: қолғап, екіншігәрі, белбеу.

г) орыс тілінен бұрынырақта енген бірқатар сөздер фонетикалық қағидат бойынша дыбысталуымен жазылады: болыс (волость, волостной управитель), кереует (кровать), самаурын (самовар) т.б.

д) араб-парсы тілдерінен енген сөздер қазақ тілінің айтылу заңдылығына бағына қолданылады: әділ (адл), ақпар (әхбар), дүние (дүңйа), мазақ (мәзх) т.б.

4) тарихи-дәстүрлік қағидат бойынша орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген сөздердің қазақша айтылуынша емес, орыс орфографиясы бойынша жазылатыны: физика, алгебра, фестиваль, акция, банк, биржа т.б.

5) жекелеген дыбыстардың қолданыс ерекшеліктері: жай (жәй емес); іңкәр; рас (ырас емес); лай (ылай емес); қиын (қыйын емес), бірақ сыйлық, тыйылды; мұхит, халық, хабар, Мұхтар, Хамит.

б) Сөздердің бірге, бөлек, дефис арқылы жазылуы:

1) Бірге жазылатын сөздер:

а) ғылым мен техника салаларында терминге айналған күрделі атаулар: тілхат, жарыссөз, өнеркәсіп т.б.

ә) екі түбірден құралған аң-құс, жан-жануар, құрт-құмырсқа, өсімдік атаулары: гүлтабан, сүтқоректілер, ақбауыр (құс), аққайран (балық) т.б.

б) шаруашылық, тұрмыс, мәдениет, өнер, спорт сияқты салаларға қатысты зат, құрал-жабдық, әр алуан ұғым атаулары мен мамандық, кәсіп, қызмет иелерінің аттары: бессайыс, жанкүйер, қылқалам, жолжазба т.б.

в) екінші сыңары аралық, тану сияқты сөздер және алғашқы сыңары авиа, изо, ультра тәрізді болып келген күрделі тұлғалар біріктіріліп жазылады: халықаралық, өлкетану, автомашина, ультракүлгін, авиабилет т.б.

2) Бөлек жазылатын сөздер:

а) күрделі сын есімдер: он бес, жүз он тоғыз, екі мың алты жүз елу бес т.б.

ә) күрделі етістіктер: ала бар, айтып жүр, құлап қала жаздап барып тұрып кетті т.б.

б) күрделі сын есімдер: қызыл ала, ақ сары, қоңыр көк т.б.

3) Қос сөздер негізінен дефис арқылы жазылады: жарқ-жұрқ, бұрқ-сарқ, мая-мая, үйір-үйір т.б.

Дұрыс сөйлеу нормасының жиынтығы орфоэпия (грек. orthoepia, orthos – дұрыс, eros – сөз) делінеді. Қазақ тілінің орфоэпиялық нормаларында мына жайттарға баса назар аударылады:

1) қазақ сөзі буын үндестігіне бағынады:

Кеме-де-гі-нің жан-ы бір (мақал). Бұл заңдылыққа бағынбайтын бірді-екілі қосымшалар да бар (-хана, -қой, -паз, -кер/-гер, -нікі/-дікі/-тікі т.б.): әсемпаз, ардагер, сәнқой, адамдікі т.б.

2) сөз бен сөздің, түбір мен қосымшаның аралығындағы дыбыстар бір-біріне әсер етіп, айтылымда жеңілдік туғызады: қазақ-тар, қаз-дар, үй-лер, күрег-і, [Амаңгелді], [Дошпан] т.б. Осы ретте ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал түрлерін атауға болады.

3) сөздерді дақпа-дақтап айтқанда негізінен соңғы буынға түсетін екпін қазақ тілінде сөз мәнін ажырату үшін емес, сөз бен сөздің, сөз тіркесі мен сөз тіркесінің арасын ажырату үшін (делимитативті қызмет) қолданылады. Он, алты түрінде бөліне айтылған сан есімдер жеке сөздік екпінге ие болса, он алты түріндегі күрделі сан есімге айналғанда, ортақ фразалық екпінге бағынады. Мұндай фразалық немесе тіркестік екпіндер күрделі сын есімдер (қоңыр көк, ал қызыл), күрделі етістіктерді (айта жүр, бере ғой) айтқанда да кездеседі.

4) қазақ орфоэпиясы ұлттық тілдің дамып, қолданыстық ерекшелігінің бірізділігін сақтауда негізге алынады. Ш-ч, ж-дж, л-д дыбыстық нұсқауларының нормаға сай қолданылуын реттейді: шал (чал емес), жақсы (джақсы емес), түндік (түнлік емес) т.б.

Кей сөздерді тілдік жүйе бойынша тізгінде, шылбырла, арқанда, бұзаула, ботала деп қолданып жатамыз. Бірақ осындай сөздерді тілдік жүйеге сай қолданғанымызбен, сөз жұмсауымызда ара-тұра нормадан ауытқу кездесіп те қалады. Оның негізгі себебі ондай қолданыстың дәстүрде бар не жоғын елеспекермеуден туып жатады. Мысалы, ат тұсады дегенді ат тұсаулады, қой қоздады дегенді қой қозылады деу – тілдік жүйеге кереғар болмағанымен, бірақ дағдыда айналып, дәстүрге енген қолданыс емес. Кейбір сөздерді қолдануда тілдік жүйе мен тілдік дағды қайшы келіп те жатады. Қозыла деп қолдану тілдік жүйенің қысымы, әсер-ықпалы екендігін байқау қиын емес. Ат ертте дегендегі ерттені ерле деп қолдану да соған ұқсас: “Көкем атты ерледі, ерлеп жүріп терледі” (“Манашы ұлы Тұяқбай”).

Абдырап, басын қосып жиылғанша,
Бір жерге құйылғанша,
Ат ерлеп, түйе қомдап, жігіт жинап,
Үйлері аруанаға буылғанша.

Тілдік жүйе бойынша, дұрысында, ерле болуға тиіс (салыстырыңыз: шідер-ле, жыр-ла, қыр-ла, түр-ле “текеметке түр басу” т.б.). Кей жағдайда тілдік жүйе мен тілдік дағды айнымас бірлікте болса, кейде өзара қайшылықта болып, күреске түседі. Мұндайда да бір жүйе басым болып, дағды ығысады да, қайшылық шешіледі, қарама-қарсылық бірлікке айналады. Кейде тілдік жүйеден тілдік дағды басым түсіп, дағды орныға түседі де, нормаға айналады. Тілдік жүйе бойынша ерле болуға тиіс сөздің ертте болуы жүйеге қарағанда дағдының басым түсуінен деп түсіну керек.

Жүйе бойынша реттік сан есімдерге қосымша –ыншы, -інші (-ншы, -нші) түрінде жалғанады: бірінші, екінші, үшінші, төртінші... Олай болса, жиырманшы (шілде) емес, жиырманшы (шілде) болуға тиіс қой? Ескіше уақыт есептеуге сан есімдер тәуелдік тұлғада қолданылған: қараша жұлдызының бесі, қазан жұлдызының он алтысы т.б. Кейіннен күнді реттік сан есіммен (сегізінші маусым, бірінші шілде, жиырма алтыншы қазан т.б.) айту нормаға айналды. Жиырманшы деп жүйе бойынша айтпай, жиырманшы деп қолданудан да тілдік жүйеден тілдік дағдының басым түсіп жатқандығын байқаймыз.

Дағды үнемі тілдік жүйеден басым түсе бермейді. Тілдің даму барысында кейде екі түрлі (не одан да көп) жүйе қатарласа қолданыла келіп, оның ішінде тілдің даму үрдісіне сәйкес келген біреуі жалпы халықтық сипат алып, тілдік норма ретінде танылады да, өзгесі тіл майданынан ығыстырыла бастайды. Тіл қолданысынан ығысқан жүйенің кейбір көріністері нормаға айналған жүйемен қатар дағды бойынша қолданылып та отыруы ықтимал. Бірақ оларды белгілі бір мақсатсыз жұмсау - әдеби тіл нормасын бұзу.

Бұл жерде мұндай жөнсіз қабаттастырудан сырттай осыған ұқсас құбылыстың парқын айыра білу абзал. Отағасы, қолбасы, елубасы тәрізді бірер сөздерде тәуелдік жалғауы айтыла келіп, сол сөздің құрамына сіңіп кеткен. Ондай сөздердегі тәуелдік жалғауы (отаға-сы) меншіктілік мағынаны білдірмейтіндіктен және бір тәуелділік көрсеткіші үстемелене жалғанады: отағасысы, қолбасысы, елубасысы т.б. Бұл айтылғандар объективті нормаға тән қасиет.

«Сөйлеу» мен «тіл» ұғымдары бірдей ұғымдар емес. Сөйлеу дегеніміз – адамдардың тіл арқылы басқа адамдармен қарым-қатынас жасау әрекеті. Бұл қарым-қатынасты әр адам өзінше, бірақ та сол ұлттың қолданып жүрген тіл құралдары арқылы іске асырады. Ал тіл болса осы құралдардың (дыбыс, сөз, сөйлем, осылардың арасындағы байланысы) жүйесі, яғни дыбыс қоры және сөздік қоры сондай-ақ грамматикалық формалар болып табылады. Тіл қоғамдық өндірістің дамуы барысында, адамдардың өзара сөйлесу процесінде пайда болады, сөйтіп адам дайын тілді игереді.

Адамдардың бір коллективте бірігіп еңбек ету процесінде, «бір-біріне бірдеңе айту қажеттігі пайда болған». Адамдар замандастарына сөйлесу арқылы сол кезеңде болып жатқан оқиғаларды баяндап қана қоймай, сондай-ақ ол бүкіл адамзаттың барлық жинақтаған білім қорын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отырады. Бала сөйлесуді үйрене отырып, өзі дүниеге келген қоғамның өмірінен тыныс алады. Егерде бала кездейсоқ бір жағдаймен сөзді үйрене алмай қалған кезде, оның ой-өрісі өте төменгі дәрежеде қалған болар еді.

Бөбектер алғаш дүниеге келген жылдары адам қоғамынан бөлек сырт қалып, адамдардың сөйлеген сөздерін мүлдем естімеген жағдайлардың (сирек кездессе де) болғаны бар. Мысалы, туған кезден бастап маймылдар асырап, солардың арасында өскен бірнеше баланың әр кезеңдерде Үндістанда табылған рас. Өй-өрісі жағынан бұл балалар өздерін асырап өсірген маймылдардың дәрежесінде болған. Кейіннен мұндай балалар адамдармен бірге өмір сүргенде олардың ақыл-ойы өте баяу дамыған. Адам өмірінің алғашқы жылдары оның интелектісінің дамуына сөйлеудің (тіпті жалпы әлеуметтік ортаның) қаншама мәні бар екенін осы дәлелдердің өзі көрсетеді.

Ойлау мен сөйлеу, жоғарыда айтылғандай, бір-бірімен тығыз байланысты. Адам ойлағанда, әдетте өз ойын іштей сөз және сөз тізбегі арқылы құрып, іштей сөйлеу деп аталатын түрде береді. Іштей, ең болмаса бір-екі сөзді құрап алмай, бір нәрсені шығынды да ойлап көріңізші, ойлай алмайсыз.

Алайда адамдар өз ойын сөзбен жеткізіп айтып бере алмайтын жағдайлар да болады. Бұдан ол сөзден бөлек бола береді деген ой тумайды. Бұл жерде адам іштей ойлаған сөзін сыртқа шығарып, сол ойын басқа адамға түсінікті етіп кеңінен айтып жеткізуінің қиын екендігі туралы ғана сөз болып отыр.

Сөз сөйлеу тек адам баласына ғана сөз тән. Жануарлар өз өмірі үшін маңызды оқиғаларды (қауіп төнгенде, азық табылғанда) бір-біріне дыбыс синалы арқылы хабарлайды, сондай-ақ эмоцияларын (үйрену, ашу шақыру, ыза болу сияқты) білдіреді. Бірақ бұл дыбыстаулар бірінші сигнал системасына жатады.

Адам өзінің өмір қажетін өтеуге байланысты басқа біреулермен пікірлеседі, ой алмасады. Бұл үшін сол ұлттың, тілдің грамматикалық ережелеріне сәйкес сөз тіркестерін пайдаланады.

Адам баласының сана-сезімінің дамуында дыбысты тілдің пайда болуының маңызы зор болды. Сөйлеудің пайда болуы нәтижесінде адам организмі анатомиялық өзгерістерге түсіп, дыбыс артикуляциясына қабілеті бар сөйлеу аппараты жасалды. Осының арқасында адам жеке дыбыстарды ғана

емес, түрлі дыбыс тіркестерін, тиісті мән-мағынасы бар сөздерді айта алатын қабілетке ие болды. Сөйлеу адам санасының басты белгісі. Ол бізді жануарлар дүниесінен ерекшелендіріп тұратын негізгі жан қуаты. Сөйлеу мен сананың пайда болып, біртіндеп қалыптасуын тек биологиялық жағдайлардан емес, ең бастысы қоғамдық-әлеуметтік, тарихи факторлардан іздестіруіміз қажет. Сана мен тіл адамзат қоғамының тарихи дамуының, олардың іс-әрекетпен айналысуының, еңбек құралдарын жасап, пайдалана білудің нәтижесі.

Тіл, сойлеу ежелден бері жеке адамның да, қоғамдық ой-санасын дамытып жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да, мәнерлі де болуы тиіс. Әйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғын-дай екен» дейді. Ескі қазақ жұртының ғұлама ғалымы Жүсіп Баласағұн «Ақылдың көркі тіл, тілдің көркі сөз» деп тауып айтқан. Тіл арқылы жеке адамның тәжірибесі, санасы ұжымның басқа мүшелерінің игілігіне айналады. Ал жеке адамның жеке санасы да сыртқы ортаның ықналымен, оқу-тәрбие процесінің әсерінің нәтижесінде үздіксіз дамып отырады. Бұл екеуінің дамуы бір-бірімен шарттас. Адамдардың арасында қатынас құралы ретінде тілдің қызмет атқаруы, оның негізгі қызметі. Тіл сондай-ақ, адам сана-сезімінің, психологиясының көрсеткіші де. Тіл адамды қимыл-әрекетке де итермелейді. Бұл оның атқаратын екінші қызметі. Тілдің бұл екі қызметі өзара тығыз байланыста болады. Олар үнемі қатарласа, бірі екіншісін демеп, кейде қарама-қарсы бағытта жүріп отырады. Мәселен, «Мұғалім келді» деген сөйлем-де мұғалімнің келгені жөнінде айтылса, «мұғалім келді ме?» деген сөйлем екінші бір адамды осыған жауап қайтаруға мәжбүр етеді.

Әрбір адам кішкентай кезінен бастап айналасындағы адамдармен пікірлеседі, өзінің күнбе-күнгі сөйлеу тәжірибесінде тілдің мағыналық жағын меңгереді, біртіндеп сөздік қоры молайып отырады. Алғашқы кезде бала көптеген дыбыстарды, жеке сөздерді үлкендерге еліктеу арқылы үйретеді. Осы кездегі сөздері көбінесе жеке, нақтылы болып келеді. Өсе келе өз ана тілінің негізгі сөздік қорын, сол тілдің ішкі заңдылықтарын үйренеді, кейін есейе келе тілдің дамуы қоғам дамуының көп ғасырлық тарихи кезеңдерінде қалыптасып отыратын құбылыс екенін аңғарады.

Сөзді қабылдау және оны ұғыну бір-бірімен тығыз байланысты. Сөзді дұрыс қабылдамай тұрып, оны ұғынуға болмайды. Жеке сөздерді қабылдаудың өзі оны ұғынуды қажет етеді. Қабылдау мен ұғыну бір мезгілде жүріп отырады, бірінсіз-бірі іске аспайды. Интонацияны қабылдау сойлеу аппаратында, адамның мәнерлі қозғалыстарында түрліше реакция тудырады. Мәселен, бұйрық интонациясы бойынша іс орындалса, тілек интонациясына

келісу немесе келісушілік білдіреді. Адамға тон сөйлеу әрекетінде екі сипат болуы шарт. Бұларсыз сөйлеу өзінің қызметін дұрыстап атқара алмайды. Мұның біріншісі — сөйлеудің мазмұндылығы, екіншісі — оның мәнерлілігі делінеді. Сөйлейтін сөзде мазмұн болмаса, ол өзіндік сөздік мәнін жояды. Сөздің мазмұндылығы дегеніміз екінші біреуге жеткізілетін ойдың айқындығы. Ойы таяз кісі бос сөзді болады, оның сөзі де айқын, таза болмайды.

Сөздің мәнерлілігі дегеніміз — адамның сөйлеу кезіндегі эмоциялық қалпын білдіре алуы, яғни әрбір сөйлемді өзінің сазымен айта алуы. Халық жақсы сөйлесітін адамдарды «сөзі мірдің оғындай екен» дейді. Мәнерлі сөйлей білудің мұғалімдік мамандық үшін маңызы зор. А.С.Макаренко бұл жөнінде:

«Балалар сіздің сөзіңізден өзіңіздің еркіңізді, сіздің мәдениетіңізді, сіздің жеке ерекшелігіңізді сезіне алатындай болуы керек»,— дейді [14].

Сөйлеу әрекеті тиісті анатомиялық ашараттардың (тіл, срін, таңдай, ауыз қуысының бұлшық еітері т. б.) дұрыс қызмет істеуін қажет етеді.

Сөйлеу әрекеті үлкен ми сыңарларының анализдік, синтсз-дік қызметінің нәтижесі. Бұл, біріншіден, сөйлеу органдарындап.і қозғалыстарды, жазылған әріптердің түрлерін, тілдегі дыбыс-тарды нозік галдаудан; екіншіден, сөздік сигналдардың болшскіаі-гш элементтерін байланыстырудан көрінеді. Физиологиялық тұрғыдан сөздің мәнін И.П.Павлов былай түсіндіреді: «Егер айналадағы дүниеден алынатын біздің түйсіктеріміз бен елестеріміз шындықтың бірінші сигналдары болып табылатын болса, онда тіл ең әуелі сөйлеу органдарынан ми қабығына баратын кинестезиялық тітіркенулер, екінші сигналдар — сигналдардың сигналы болып табылады. Олар шындықтан дерексіздену болып табылады да, жалпылауға мүмкіншілік береді, ал бұл соңғы бізге ғана тән ең жоғары ойлауды құрайды».

Француз ғалымы Брока «адамдардың ми сыңарларының сол жақ бөлігінде (маңдай қыртысының төменгі жағында) адамның дыбыстап сөйлей алуын басқарып тұратын жүйке орталығы бар, ал сөзді қабылдау көптеген анализаторлардың (көру, есту, қозғалыс т. б.) бірлескен қызметін қажет етеді» дейді. Неміс ғалымы Верникс басқа біреудің сөзін есіту мидың сол жақ сыңарындағы самай бөлігінің арт жағында орналасқан жүйке орталығының қызметіне байланыстылығын айтады.

Пікірлесудің қандай түрлері болса да, сөйлеу формалары арқылы жүзеге асып отырады. Пікір алысудың нақтылы мақсаты мен жеке жағдайларына қарай сөйлеу түрлі ерекшеліктермен көрінеді. Осы айтылғандар тұрғысынан сөйлеу бірнеше түрлерге бөлінеді. Алдымен сыртқы және ішкі сөйлеу болып үлкен екі топқа жіктеледі .

4. Болашақ мұғалімдердің сөйлеу мәдениетін қалыптастыру және дамыту

Сөйлеу – тіл көмегімен түзелген адам аралық қатынас құралы. Сөйлеудің келесі түрлері болады: сыртқы және ішкі сөйлеу. Сыртқы сөйлеу өз кезегінде ауызша, жазбаша болып, ал ауызша – монологтық және диалогтық болып бөлінеді.

Сөйлеу мәдениеті дегеніміз не? Оған ғалымдар мынадай анықтамалар береді: сөйлеу мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу, дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы. Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру.

Сөйлеу мәдениеті курсының мақсаты мен міндеті, зертеу нысаны және салалары. Сөйлеу мәдениетінің негізі – тілдік норма, яғни тіл мәдениеті дегеніміз тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. “Тіл мәдениеті әдеби тілдің нормасы туралы білім саласы ретінде пайда болғаны мәлім”. Ал тілдік норма дегеніміз не? Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін әдеби тілдің нормасы дейміз. Тіл нормасы дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру. Норма дегеніміз - әлуеметтік тұрғыдан қолдау табатын ғана ереже емес, ол тілдік тәжірибеге сүйенетін, тілдік системаның заңдылықтарын көрсететін және беделді жазушылардың қолданылуымен расталған ереже. Қазіргі қазақ әдеби тілінде қалыптасқан тілдік нормаларды ғалымдар: орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, лингвостилистикалық деп бөледі. Осыған орай курстың негізгі мақсаты – тілдің қалыптасқан заңдылықтарын, жүйесін, яғни нормаларын сөз ету, оған ауытқудың себептерін ашу; ойды түсінікті де көркем жеткізудің, тіл байлығын орынды жұмсай білудің маңыздылығын байқату. Яғни студенттен ой байлығын, тіл көркемдігін, тіл тазалығын талап ету.

Сөйлеу мәдениеті курсының мақсатына қарай мынадай негізгі міндеттер қойылады:

- студенттерді ауызша сөйлегенде сөзді дұрыс дыбыстауға дағдыландыру. Осыған орай тілдің баяға заманнан қалыптасқан орфоэпиялық нормасының негізін игерту;

- сауатты жазуға, яғни орфографиялық норманың заңдылықтарын қатаң сақтау дағдыларын қалыптастыру;

- әр сөзді мағынасына қарай сай жұмсауға дағдыландыру. Әр сөздің өзіне тән мағынасы, қолданылатын аясы, стильдік реңкі, тіркесетін сөздері бар екендігіне студенттің назарын аудару;

- айтайын деген ойын сөйлем түрінде жүйелі, тіл заңдылығына сай жеткізе білуге қалыптастыру;

- көркем әдебиет тіліндегі уәжді, уәжссіз қолданыстарды бір-бірінен адырата білуге дағдыландыру т.б.

Тіл мәдениеті ғылымының зерттеу нысаны да тілдің басқа салалары сияқты – сөз. Мәселен, тілдің фонетика саласы сөздің дыбыстық жағын, лексикология мағынасын, морфология құрамын, сөзжасам құрылымын, синтаксис сөйлемінің құрылысын қарастырады. Ал, тіл мәдениеті ғылымы сөздің дұрыс дыбысталуын, мағынасына сай дұрыс қолданылуын, емле ережесіне сай дұрыс жазылуын, қосымшаның дұрыс қосылуын, сөздердің бір-бірімен дұрыс тіркесіп, сөйлеснің дұрыс құралуын және ойдың көркем де айқын берілуін қарастырады, зерттейді. Демек, тіл мәдениеті ғылымы тіл білімінің барлық салаларымен тығыз байланыса отырып, әр саланың қалыптасқан заңдылықтарының дұрыс сақталуын талап етеді.

Сөйлеу мәдениеті ғылымы ғылыми еңбектерде: баспасөз тілінің мәдениеті, сөйлеу тілінің мәдениеті немесе ауызша сөйлеу мәдениеті және сөз қолдану мәдениеті делініп әр түрлі жіктеледі. Ауызша сөйлеу мәдениеті әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына негізделеді. Атап айтқанда, сөйлеу актісінде қатар немесе алшақ тұрған дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, сөздің құлаққа жағымды естілуі.

Сөз дәлдігі. «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. ... айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтылығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық, мағыналы болуы үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болу керек. Адам анық танитын нәрсесін анық айтады да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт айтады. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе әмәндес (мағынасы жақын сөздер) сөздер», - дейді А. Байтұрсынов.

Сөз – шындықтың санамыздағы сәулесі, ой өрнегінің бөлшеі. Ол мынадай шарттармен байланысты:

1) логикалық дәлдік. Сөз дәлдігі – ой дәлдігі. Айқын ойлайтын адам сөзді де мағынасына сай жұмсайды. Сөз бен оның атауының арасында логикалық қайшылық болмауы тиіс;

2) сөздік мағыналық қырлары мен ерекшелігін, оларды қолданылу шегін жақсы білу. Тіліміздегі сөздер тура мағынасымен қатар ауыспалы, келтірімді мағынада да, бір-бірімен мәнделес, омонимдес те жұмсала береді. Омонимдер мен көп мағыналы сөздерді, синонимдерді бір-бірінен мағыналық жігі, стильдік реңкіне қарай ажыратып қолдану арқылы ойымызды анық-айқын жеткізуге болады.

Мұғалімнің тіл психологиясы. Сөз, тіл арқылы мұғалім оқушыларға ықпалын, қызығушылығын тигізеді: өз ойын, білімін, өмірге деген өз түсінігін, оқытылатын пән туралы.

Сондықтан сөз – шеберлік, сөз табу педагогикалық іс - әрекеттің керекті сапасы. Мұғалім өз әңгімесімен, сөзімен әуестену қажет. Мұғалімге өз жұмысында ауызша тілді меңгеріп, қажет етеді. Ол үшін талап, талант керек. Мұғалім – музыкант оқу, жұмыс барысында мамандығының қажеттілігін сезіне, идеялық бағытын, теориялық, әдістемелік дайындық алып, қазіргі техникалық құралды меңгеріп ойын жеткізе алады.

Б.С.Найденов былай дейді: жиынтығы, бостандығы, ұшуы, қапы, жылжымалы, кеңдігі, әуенділігі – осының бәрі дауыс дыбысының сапасы:

Ал, дыбыстың бояуы, екпіні өзінің жеке қабілеті бар. Бояу арқылы біз әртүрлі адамдарды танимыз. (аспаптың дауысы сияқты).

Ал, оқу процессінде әртүрлі тіл екпіні арнайы педагогикалық зерттеуден өтті. Аса тез емес, аса баяу емес тіл екпіні оқушылардың зейінін алмайды, әңгімеге қосылмайды, қарсылық көрсетеді.

Педагогикалық тілі, екпіні орташа, 1 минутта 250 сөз, не 180-300 буын диопозон құбылысы 1 минутта. Осы жағдайда логикалық кідіріс, белгілер керек және де адамның жоғары жүйе іс-әрекетіне байланысты адамның мінезі де әсер етеді.

Мұғалімнің білім психологиясы. Педагогикалық талаптың 2-ші компоненті, ол, музыкалық пәнге терең қызығушылығы, әлем объектісін білу, өздігін жетілдіру жолы.

Оқу процесінде педагог оқушыларды байқай отыра, олардың ынтасы мен қызығушылығын зерттей отыра: өнерге деген қалып, не барлық музыкалық пәндерге, не түрлі әрекетіне, шығармашылығына байқайды. Осының бәрі тәжірибе жұмысы – еңбегінде келеді. Тәжірибелі ұстаз деген осы.

Балаларға мұғалімнің психологиялық махаббаты. Мұғалімнің балаға берген махаббатының маңызы: олардың өмірін түсіну, көңілін тану, оларды қуанышпен қабылдау, оларға қызығушылықпен қарау, олардың өсуіне бірге ат салысу. Осының бәрі психологиялық құбылысқа байланысты: көңіл-күйі, қызығушылығы, зейіні, күмәнділігі т.б. Бұл бір жағы, екіншісі – жалпы

адамгершілік қажеттілігі, биологиялық, әлеуметтік және идеялық деген ұғымды береді, қоршаған әлемді білу, ондағы өзінің орны, жердегі өзінің өміршілігі [29].

Педагогикалық іс - әрекетінде аталған жоғарғы үш қасиеті өте қажетті және маңызды. Мұғалімнің жұмысында сонда ғана талаптар пайда болады: педагогикалық әдеп, байқаушылық талапкершілік және тағы да басқа осы қасиеттер болмаса, педагогикалық қабілеттілігі де болмайды.

XXI ғасыр басында адамдармен сөйлесіп қарым – қатынасқа емін еркін түсе алу кез келген адаммен оңай тіл табысуға болады және өмірлік ситуация жағдайында бар мүмкіндігінше қолдана аласыз.

Сол уақыттарда барлық жағдайды кулуарно шешкен және тілсіз адам барлық адамдарды басқара алған. Дегенменде кез келген қоғамда емін - еркін сөйлеу және аудиторияда микрофон, телекамера алдында, митинг, стадионда қымсынбай сөйлеу жоғары бағаланады. Бұл толық деңгейінде оқытушы мамандығына және қоғамның идеологиялық, саясаттық аумағынада қатысты. Қазіргі заманауи қоғамда жағдай азгерді, сондықтан оқытушы өзін профессионалды деңгейде дайындау қажет. Педагогке белгілі бір талап қойылған ауызша, жазбаша білім көмектеседі.

Сөздің дұрыстығы. Қазіргі әдеби тілінің сөздік шамаларын, нақтылы сөз қолданысын қамтамасыз етеді. Сөйлемдер синтаксистік жағынан дұрыс құрылса, естіген затты меңгеру тездетіледі. Сөйлемді айту кезінде және екпіндерде қателіктер жібермеу үшін, анықтамалық пен сөздікке сүйену керек.

Сөздің байлығы. Оқушылардың ой- өрісіне жол табу үшін, мұғалімге табысты, анық және таңғаларлықтай түрде өз ойын жеткізе білу қажет. Сөз байлығы адамның белсенді, бейтарапты сөздікке және фразеологиялық қорға, сонымен қатар осы қорларды қолданудағы стилистикалық икемділікке байланысты.

Ықшамдылық және жинақылық. Сөзге шешен адамның біліктілігі сөздер арасында бос сөздерді қолданбау. Қажетсіз сөздер, паразит- сөздер, дұрыс емес тұжырымдамалар, ақталмаған қайталаушылық және шегіністер сөздің мағынасын кетіреді, табиғатынан және шынайлығынан ажыратады.

Ашықтық және дәлме- дәлділік. Ашықтық- бұл оқушыларға арналған ауызша форманы табу қабілеттілігі. Бұл көбінесе көпшілік мұғалімнің қаншалықты сынып деңгейін дамуын білуі, пайымдылықтың және ойдың өзгешелігіне байланысты болады. Қарапайымдылық және ашықтық- төкпеліктің жемісі ғана емес, педагогтың үлкен еңбегінің нәтижесі. Олардың артында мұғалімнің жан көрінісі тұр.

Сезімпаздық. Сезімпаздық- бұл «сән» емес, педагогтың қажетті жұмыс элемент тілі. Бұл шынайы, себебі мұғалімнің жұмысының мақсаты- тек қана өз ойын немесе оқу материалын жеткізу емес, сонымен қатар сыныпқа жоғары

деңгейде материал түсінікті болуына ықпал жасау. Дұрыс айтылған сөз ойды оятады, ойлауды мәжбүрлейді және сыныптың арнайы сезімпаздықтарын ынталандырады. Сезімпаздық- әр түрлі адами қызметтердің мықты құралы.

Мұғалім оқушыларға ықпал етуі үшін өзінің басты құралын пайдалана білуі керек, әңгіме дауыс жайында болмақ. Педагог сөзінің мәнерлігін көрсететін ерекше «сөйлеу» дауысы болады. Ол есту, психика және дауысты жасаушы мүшелер тарапынан кедергі болмаған жағдайда жақсы қалыптасады. Сөйлеу даусының қасиеттеріне күш, тембір, биіктік, диапазон жатады.

Атауы	Сипаты		
Күш	Еркін реттеледі, ауамен тыныстаған кездегі шырығуға тәуелді, даусы желбезегінің амплитудасының жұмылу күшіне тәуелді.		
Тембір	Көмейдің анатомиялы ерекшеліктеріне және дауыс ырғағы мен қосымша дауыс ырғағын байланыстыра білу қабілетіне негізделген, тембрді жұмсақ таңдай, ерін, жақ, иек және көмей қалыптастырады.		
Биіктік	Орталық жүйек жүйесінен алынған импульстің дауыс желбезегінің секундтық жиілік ауытқуына тәуелді. Ауытқу қаншалықты көп балса дауыс соншалықты биік болады.		
Диапазон	Сөйлеу үнінің санына тәуелді.		

Дауыстың шығарылуы екі жақты ұнатуға ықпал етеді, адамдар арасындағы түсінбестік кедергісін бұзады. Дасуы иесі өзін еркін ұстап және шын ниетімен сөйлесе оның даусы биязы әрі табиғи шығады. Дауысы тереі, ерекшеліктерге бай мұғалім тек оқушылардың ғана сеніміне ие болмайды ол өзімен араласатын барлық адамдардың сеніміне ие болады, үнемі екі жақты ұнату болады. «Сөйлеу» даусы жақсы естілу үшін оны қалыптастыру керек, оны қалыптастыру үшін тыныс алумен және дикциямен жұмыс жасау қажет.

Тыныс алу. Сөйлеу үнінің физиологиялық негізі болып табылады. Тыныс алуды саналы түрде басқаруғы болады. Тыныс алған ауы тек дауыс желбезегінің ауытқуы болатын орта ғана емес, ол дауыс аппаратына өмір сүруге көмектесетін рецепторлардың қоздырғышы болып табылады. Тыныс алудың дұрыс ұйымдастырылған жаттығулары организмдегі өмірлік процесстердің дұрыс жүруіне ықпал етеді, шаршауды басады, сөйлеу аппаратын дамытады. Тыныс алуды білікті пайдалана білген мұғалімнің даусы молаяды, денсаулығына жақсы

әсер етеді. Тыныс алуды дұрыс пайдаланы білмесе ол сөйлеуді айқындылығынан, күшінен айырады, сырқатқа әкеліп соғуы мүмкін (тыныс алуды басқара алмайтын мұғалімдер фарингит және ларингит сырқатына жиі шалдығады). «Дұрыс» тыныс алу деп диафрагмальды тыныс алуды айтамыз ол кезде дауыс жоғарғы тыныс жолдарынан шықпайды, ауамен тыныс алу кезінде өкпенің барлық көлемі қатысады, дауыс қалыптасады және диафрагманың «ішінен» шығады

«Дикциямен» жүргізілетін жұмыстарға көптеген жұмыстар арналған, сондықтан біз оған толық анықтама бермейміз, тек атап өтетін бір жағдай мұғалімнің сөйлеуіндегі кемістіктер оның оқушылар алдындағы беделін түсіреді. Сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған әдебиеттер өте көп.

Ұйымдастыра білген қашан да ұтады. Сіздің іс-әрекетіңіздің алдын-ала ұйымдастырылуы - түсінікті де нақты, логикалық тұрғыда ойлануға тиімді қалыпта хабарлама жасауға бастар жол.

Сөз сөйлеудің қандай формасын (сөйленер сөздің сұлбасы, тірек сөздер не толық конспект) қолдансаңыз да, сөздің бұл орайдағы алғашқы әрбір қадамыңыз бастапқы жоспар ретінде қабылданады. Бұлар әрқилы. Олар сан алуан жаңа дағдыларды талап етеді. Десек те, біз олардың түпкілікті мақсатқа қызмет етерін білеміз. Бұл орайда да баса ескереріміз: сөйленер сөздің көру үшін емес, тыңдар құлақ үшін екендігі. Сөз сөйлеу мәдениетін дамыту үшін, дауыстап сөйлеу бірден-бір маңызды. Бұл ретте өлең, жаңылтпаштар, алдын-ала сөйленер сөздің жобалы нұсқаларын оқудың ешбір артық-кемі жоқ. Керісінше, өте пайдалы. Өз дауыс ырғағыңызбен және көпшілік алдында өзіңізді қалай алып шығарыңызды алдын-ала көріп-біліп болжағанға не жетсін. Барынша аз жазып, көбірек сөйлеуге, өз-өзіңе көбіре сұрақтар бере отырып, динамикалы қалыпты сөз сөйлеудің техникасын дамытуға ұмтылу орынды.

Сөйленер сөз. Қашанда аудиория шешеннен тыңдаушыларды жалықтырмайтын, тақырыпқа сәйкесті ақпарат беретін не сенім ұялатар түйін айтатын және көпшілікке беймәлім сюрприздермен риза қылар мезеттерге толы тұщымды сөз күтеді. Сондай-ақ аудитория кейін дұрыс шешім қабылдау үшін, шешеннен нақтылы ақпарат, сөз мазмұнына сәйкес мағыналы тұрғыда бағыт сілтер, алғы істерге орайлас үлкен сенім туғызар тұжырым күтеді. Көбіне – көп мәжілістер өткізілер залдар үшін, сюрприздер мен түрлі көңіл көтерер сергіту сәттері тән емес. Бірақ бұл осы реттегі сөйленер сөздің бір сарындас не жалықтырар қалыпта болу керек дегенді аңғартпайды. Тіпті де, керісінше. Қайта бұл реттегі сөз жанды да қайталанбас қалпымен ерекшеленсе ұтымды болмақ.

Сөйленер сөздің мазмұны. Ең алдымен, істі бастамастан бұрын, сөйленер сөзге және оның мазмұнына өзіңіздің қатысыңыз, көңіл-күйіңіз, көзқарасыңыз туралы айқындыққа жету, ең бастысы өз-өзіңізді мысқал да алдаусыратпай, адал

болғаныңыз дұрыс. Себебі сіздің бұл реттегі мысқал да болса жағымсыз көзқарасыңыз ұйымдастыру ісінің, әзірліктің және сөйлеу сәтінің әрбір аспектісіне жайыла отырып, ақырында аудиторияның сөзіңізді жағымсыз қабылдауына әкеліп соқтыруы мүмкін. Егер де сіз өз сөзіңізді айтар идеяларыңызға көпшіліктің қарсы болуы мүмкін деген сезімнен бастасаңыз, осы сезімді тыңдаушыларыңызға жұқтыруыңыз мүмкін, нәтижеде олар өзіңізді қорқасоқтап күткендей қатты қарсылық білдіруі әбден мүмкін.

Мақсаты. Іштей өз-өзіңізден «Мен не үшін сөйлеуге тиіспін?» - деп сұрап көріңізші. Егер де бұл сұраққа сөздің жаубыңыз болмаса, іздеп тауып көріңіз. Әрбір сөйленер сөздің айқын мақсаты болуы тиіс. Сөз сөйлеуге келгенде айқын да анық себебіңіз болмаса, сөйлемеген жөн. Өзіңіздің де, тыңдаушыларыңыздың да алтын уақытын құр босқа жоғалтпағанға не жетсін.

Аудиторияны білу. Өз-өзіңізден іштей: «Мен кімге (кімдерге) сөйлеймін?» - деп сұрап көріңіз. Қашанда қандай болмасын даярлықты бастамас бұрын, өз аудиторияңызды білгеніңіз жөн.

Алғашқы ой үздіктері. Кезекті тақырып бойынша өзіңіз айтар мәліметтердің бәрін де қағазға түсіріңіз. Қол астыңыздағы материалдарды салған жерден жүйелей бастау міндетті емес. Басыңызды артық нәрселерден босатып, ойлар тасқынына ерік беріңіз. Бұндай сәт сіздің ойлап шығарушылық қабілетіңіздің еселеп артуына септеседі. Біз бұларды «ой үздіктері» дегенді жөн көреміз. Шаршап не жалығып кетсеңіз, ой үздіктерін теруді қоя салып, өзге іспен айналысыңыз. Миыңыз бәрібір жұмыс жасай береді. Ақырында аса қажетті, нақтылы да қызықты ой міндетті түрде жүйеленеді.

Негізгі ой. Өз сөйлер сөзіңізді басты ой ұшығын жүйелеп жинақтай отырып, жазып шығыңыз. Бұлайша істеу аудиторияны, мақсатты және күтілер нәтижені анықтауға бірден-бір сеп. Бастысы жазғандарың белгілі бір саланы аңғартардай (мәселен, идеяны, концепцияны, өзіңізді, өнімді) болғаны дұрыс. Мысалы, менің сөз сөйлеудегі мақсатым - ұсынылып отырған жобаның жүзеге асыруға оңтайлығы әрі пайдалылығына кеңес мүшелерінің көзін жеткізу. Егер де сіздің негізгі ойыңызды басты сөз «тәрбиелеу» болатын болса, мүмкіндігіне қарай бұның орнына басқа сөзді алғаныңыз жөн. Себебі «тәрбиелеу» сөзінің көзге көрінбейтін жасырын психологиялық мағынасы - шешендерге өз тыңдаушыларына шекеден қарап сөйлеуге, натация оқуға, әкелік мәнерде сөйлеуге мәжбүр ететіндей. Ал егер де сіз «хабарлау» сөзін тыңдап алсаңыз, онда міндетті түрде негізгі ойға аудиторияға хабарлаудың қажеттілік себебін айтуды енгізген дурыс/ «Оларға бұл ақпарат не себептен қажетті?»/. Ал көпшілік жағдайда шешім үшін «мәлімет беру» - өзгелердің білуі аса қажеттілік туғызбаса да, өзі білетін тақырып төңірегінде айту секілді эгоистік тұрғыда талқылауға жол ашар алғы шарт іспеттес. Мейлінше тиімді де қомақты нәтижелерге қол жеткізу

үшін үнемі бірден бір керектірек сөздерді іріктей білу, қолдана білу жөн. Мәселен, сендіру, көз жеткізу, иландыру, қол жеткізу, дәлелдеу.

Кім болса да, біреуге өзіңіздің негізгі ойыңызды дауыстап айтып көріңіз. Онда осы орайдағы мақсатыңызды сұрауды өтініңіз. Қорғана бермей, мейлінше шынайы болуға тырысыңыз. Бұл ретте өзіңіздің негізгі айтар ойыңызды қорғауға бекіте түсуге немесе өзгертуге ұмтылыңыз. Сонда ғана сіз оны күштірек, салмақтырақ ете түсесіз, сонда ғана негізгі ойыңыз сіздің миыңызға қомақтала, шегелене түседі. нәтижеде өзіңіздің таңдаған негізгі ойыңызды сөйлер сөзіңізде толық жүзеге асыра аласыз.

Даярлау сатысы. Шешендердің басым көпшілігі сөз сөйлерге дейн-ақ өзінің не айтарын және тыңдаушыларға өз ойлары мен идеяларын қалай тиімді жеткізерін нақты біледі. Ал бұған тер төге әзірленудің, бел шеше даярланудың арқасында қол жетпек.

Сөз сөйлеуге алдын-ала даярлықтың маңыздылығы онда сіздің даяр мәтінді, тірек жазбаларды не мәтін үзінділерін қолдану - қолданбауыңызға байланысты емес.

Қалай даярлауға болады? Біздіңше, оның кейбір тәжірибелік қағмдалары төмендегінше:

- сөйлер сөзіңізді емес, айтар идеяңызды есте сақтауға жаттыбу;
- жаттауға ұмтылмау;
- дауыстап айтып жаттығу;
- әр кез сөйлер сөзіңізге не презентацияңызға ақыр соңына дейін дайындалу;
- көрнекті құралдар қолданар болсаңыз, әзірлікті тұтас бірлікте жүргізе білу;
- мүмкіндік бар жерде әзірлікті тыңдаушылармен бірлесе жүргізу;
- даярлықты сіздің сөйлеген сөзіңізге адал жүрекпен сын айтар аудиоредактор болар адаммен бірлікте жүргізу әбден тиімді.

Ішкі байланыс. Тыңдаушылармен ішкі байланыс орнатқайсыз.Өз сөзіңіз бағытталар аудиторияның мөлшерін біле отырып, оның әрбір бөлігімен байланыс орнату жөн. Егер де аудитория мейлінше үлкен болса, ондай жағдайда дәрісхананы ойша төрт бөлікке бөле отырып, көз жанарыңызбен бір бөлік орталығынан екіншісіне ауысып отыруға бағыт ұстану дұрыс. Бұндай ретте жекелеген бөлімнің әрбір адамына сіздің үнемі жіті назар аударатындығыңыз хақында көзқарас өздігінен қалыптаспақ.

Кідіріс. Кідірісті орынды қолдана білген дұрыс. Тиімді қолдана білсек, олардың әсері ерекше әрі олардың көбірек болғаны жөн. Сіз үшін кідіріс ойыңызды жинақтап алу үшін де қажет. Кідіріс тыңдаушыларға естігендерін ой көпшілік аудитория ауызша айтылар хабарларға бейім болып келеді. Сәйкесінше, сіз оларға ойлануға уақыт қалдырып отырғаныңыз жөн. Әсіресе, бұл күнілгері арнайы жазып әзірленген мәтін бойынша сөз сөйлеуде керек-ақ.

Уақытты ескеру. Әзірлікке кеткен уақытты есептеу отыру, өзіңізге бөлінген уақыт мөлшерінен аспау жөн. Сөйлер сөзіңізді жеделдете айтпағаныңыз дұрыс. Басы артық материалды алып тастау, мазмунды ықшамдап ұсыну тиімді. Қалыпты сөйленер сөзге қарағанда шешендер мейлінше баяу ырғақта сөйлегені жөн.

Кассетаға (таспаға) жазу. Бірер әзірлік мезетіңізді кассетаға жазған жөн. Сөйлеген сөзіңізді табиғи қалыпта жазу үшін, микрофонды 60-90 см қашықтықта орналастырған тиімді. Сөзіңізді айқын да жанды шығуын қадағалау. Даярлық сәтіңізді бір-екі көрінісін видеомагнитофонға жазып алу. Кейін көрініс сәттеріне объективті түрде баға бере көз жүгірту.

Имидж. Әзірлік кезінде айнаны қолданбау. Байқауымша, өз көзіне қарауды дағдыға айналдырған дұрыс секілді. Бірақ айнаға қарап отырып, объективті болу қиын. Көбіне біз өзіміздің көргіміз келгенде ғана байқаймыз.

Өзіңді ыңғайлы да сенімді ұстау үшін әзірлік кезінде шаршы топалды сөз сөйлерде киер киіміңізбен даярланған артық болмайды.

Қорыта айтсақ, педагогтарға кәсіби білім беру проблемасы, оның ішінде болашақ мұғалімдердің сөйлеу мәдениетілігінің тұлғаның қалыптасуы мен дамуына әсері проблемасы жан-жақты қарастыруға және жоғары оқу орнындағы білім беру процесі жүйесіне оңды өзгерістер енгізу үшін қажетті мәселе деп есептейміз.

Ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан іргелі халықтарының бірі қазақтар ғасырлар бойында жазба мәдениеті болмаса да, ауызша әдіспен өзіне тән бай рухани мұра жасай білді. Ал жазба әдебиеті пайда болғаннан кейін бұл мұра өте үлкен қарқынмен дами отырып әр қилы ерекшелерге толы күрделі тарихы жолдардан өтті. Осы рухани мұра жүйесінің негізгі бағыты дүниеге шенайы түрдегі көз қарасты, дінді тану және басқада еркін ойлау процесін, адамдар туралы ілімді насихаттау, тағы басқа мәселе болды. Ақындармен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қол басшылар, айтыскерлер мен ертекішілер, билер мен серілер бәріде өздері өмір сүріп өткен заманының тарихи оқиғаларын, тұрмыс тіршілігін тілге тиек, ойға өрнек етіп жеткізді. Ауызша халық мәдени ескерткішімізді зеркетеу халқымыздың танымдық, адамгершілік тәрбие және дүниеге көз қарас ерекшеліктерін білуге көмектеседі.

Мәдениет (философиялық тұрғыдан қарағанда) ашық жүйе, негізгі мақсаты- өзін басқаға жеткізу. Мәдениет- халықтың мыңдаған жылдар бойындағы шығармашылығы, онда адамдардың рухани ізденісі, халықтың даналығы мен адамгершілік нышаны жинақталады. Адамзаттың рухы иен келбеті, оның ерік бостандығы мен өмірлік сабағы, діні мен тілі, ділі мен мұраты осының бәрі мәдениетпен біте қайнасқан. Мәдениет – дегеніміз

адамдардың өзін қоғамдағы, әлеуметтік қатыныстарды жасау процесі. Кейбір ұлттық мәдениетті алсақ та, ондағы салт-дәстүр жүйесіне бірден назарымыз ауады.. «Салт –дәстүр »-дейді белгілі фил. М. Гердер – «тіл мен мәдениет бастауының анасы.»

Мәдениеттің өзекті бөлігі өнер .Өнер мәдениеттің алтын қазынасы, адамдардың ұлылығын білдіретін ғажап көріністің бірі, оның әсемдікке , сұлулыққа ұмтылуы. «Өнер » деп көркем , шығармашылық процесін айтады. Қазақ мәдениетіндегі алғашқы жүйесін көрсеткен –Жүсіппек Аймаутов: «Атам заманында табылған өнер , білімінің барлығы сөз арқылы бұл күнге жетіп, піскен астай даяр болып , жемісін бүкіл адам баласы пайдаланып отыр.»

Өнерді 5түрге бөледі: 1.Сөз,2.Суретшілік(живопись),3. Мүсіншілік(скульптура) ,4. Сәулет (архитектура) , 5. Ән-күй (музыка) .Сөздің аррықшылығы -өзге төртеуін сөзбен суреттеп айтуға болады,басқа өнер сияқты сөзді суреттей алмайды. Қазақтың «өнер алды- қызыл тіл » дегені терең терең ақыл- тәжірибемен айтылған сөз.Сөз өнерін жете білген Абай қазақ фольклерын «толғауы тоқсан тоғысқан,білгенге маржан інжу маржанға »теңейді .Қазақ мәдениетін тағдыр қысылымынан сақтап қалған құдіретті күштің бірі –ана тілі .Қазақ болашағы оның тілінің тұрмыстық отбосылық деңгейден халық аралық қарым –қатынас , өнер мен ғылымның жоғары бітімінің құралы дәрежесіне көте алуыменен қатысты .Ана тілі дегеніміз сол тілді жасаған , жасап кележатқан халықтың баяғысында , бүгінгісінде ,болашағын танытатын сол халықтың мәңгілік байлығы.

Қазақ халқы бар тарихын көшіп жүріп өткізсе де батпаққа батырмай, жинаған сөз байлығын күй мен жырынбізге жеткізді ; бұл бәрімізге қымбатты бай қазына мұрат. (Ғ. Мүсірепов) Тілдің негізгі қызметі қарым-қатынас жасаудың ; ойдың жарыққа шығарудың құралы. Қандай ойды болмасын біз тіл арқылы жеткіземіз.Әсіресе біздің қазақ тілімізде сезімімізді жеткізетін мақал-мәтелдер; шешендік сөздер өте көп кездеседі.

Жүйелі сөз жүйесін табар

Жүйесіз сөз иесін табар.

Байлық түбі бақыл

Қазына түбі ақыл

60 жылдардың аяғында , тіл мәдениеті өнері дүниеге келді. Тіл мәдениеті дегеніміз - тілдік тәсілдің даму жетілу дәрежесі сонымен қатар ол тіл жұмсауда ізеттілік сауаттылық қана емес тілдік тәсілдерді фонетикалық, орфографиялық, марфологиялық, синтаксистік, стилтдік құбылыстарды ұқыпты дұрыс қолдану дағдысы. Сөйлеу мәдениеті, тіл мәдениеті деген ұғым бір мағынада қолданылады.Тіл мәдениеті ұғымы сөйлеу мәдениетінеқарағанда кең ұғымды камтиды, яғни бұл адамдардың ең алдымен тілді дұрыс қолдану, сондай ақ бір-

бірімен байланыстыра білу, құрастыра, орналастыра білу сөйлеу мәдениетіне қатысты. Тіл мәдениеті жоғары адамдардың әрдайым көз тігетін жарық жұлдызы -әдеби тіл. Тіл мәдениеті ілімінің негізгі мақсаты -әдеби тілде барды дұрыс таңдап, талдап сөйлеуге, жазуға, сауаттылыққа үйрету, тіл мәд-ң сапасын жоғары сатыға көтеру болмақ.

Әдеби тілге қалыптасқан нормалар тән. Халық тілінің байлығы ұшаң теңіз, әр қилы; онда жалпы халыққа ортақ дыбыс сөз байланыстарды, грамматикалық құбылыстары болуымен қатар, диалектілерде, түрліше айтылып, түрліше ұғылатын сөздер де, бұзылып -құбылып айтылатын грамматикалық тұлғаларда бар. Әдеби тіл керегін ауыз екі сөйлеу тілінен алғанда тыңдап, сұрыптап, әдеби елегінен өткізіп алады. Олар көркем әдебиетте газет-журналда, ғылым – зерктеу жұмыстарында, іс-әрекетімізде дәстүрге айналып, жүйелі қалыпқа түседі, жалпыға ортақ тілдік әдеби нормалар пайда болады.

Музыкалық білім – музыкалық (ноталық) сауаттылықты меңгеру дәрежесіне тікелей бағынышты болғанымен, мұндай сауаттылықты талап ететін музыкалық мәдениет. Оқушылардың музыкалық сауаттылығын қалыптастыруға байланысты негізгі мәселелерге көшпес бұрын осы мәселелердің ойдағыдай шешілуіне игі ықпал жасайтын екі түрлі принципке тоқталамыз. Теориялық білімдерімен қатар практика жүзінде кәсіптік шеберліктің қыр-сырларын жете меңгерген болуы керек. Мұғалім ең алдымен балаларды сүйе білуі керек, екіншіден мамандығы музыка мұғалімі болу адамнан үлкен жігірлікпен шеберлікті талап етеді. Себебі ол жан – жақты әрі үйлесімді бала тәрбие жұмысына жауапкершілікпен қарау керек.

-Оқушылармен мәдениетті түрде сөйлесе білуі керек.

-Оқушыларға дұрыс талап және әділ талап қоя білуі керек.

-Оқушылардың қамқоршысы бола білуі керек, себебі оқушылар қашанда мұғалімнің көмегімен жылы ілтипатына мұқтаж болады.

Музыка мұғалімін даярлау мәселелері арнайы пәндерді меңгеру үрдісінде кездесетін музыкалық орындаушылық қызметтерді үйрену барысында жасалатын арнайы дайындықтың мазмұнын талдау арқылы айқындалады. Мысалы, дауыс қою (Л. Арчажникова, Б. Бекмұхамедов, Г. Падалка және т.б.), әдістемелік дайындық (Р. Жәрдемәлиева, Л. Исаева және т.б.) және педагогикалық тәжірибе (Ж. Дебелая, З. Кейлина, К. Төребаева) т.б. арқылы. Болашақ педагог музыкант тұлғасының маңызды кәсіби қасиеттерінің педагогикалық тәжірибеде қалыптасатындығын ғалымдар, әдіскерлер, мұғалім – практиктердің зерттеулері көрсетіп отыр (О. Абдуллина, В. Сластелин). Болашақ мұғалімінің кәсіби келбетін қалыптастыру үшін оқу педагогикалық тәжірибе өте қолайлы жағдайлар туғызады.

Музыка мұғалімінің тіл мәдениетінің ерекшелігі: шығармашылдық көркемдік, эстетикалық, өнегелік мазмұнын аша білу, балалармен байланыс орната білу, олардың творчестволық талабын дамыту.

Тіл мәдениетін жүзеге асыру шартына қойылатын негізгі талаптар:

- алдағы сөз сөйлеу тақырыбын меңгеру, оның мақсатын анық, тура түсіну.
- орындаушылық деңгейдегі жеке қызығушылық;
- тыңдаушыға психологиялы –жігерлі мақсатта әсер ету.
- Орындау жоспарын дайындау, кезеңдердің реттілігі, негізгі және болмашы сұрақтарды табу, олардың байланысы.
- тексті жазбаша көркемдеу.
- Орындау процесінде дұрыс жүріс-тұрыс: логикалы- психологиялық, өнегелік, тілдік.

«Музыкалық білім» мамандығы бойынша жоғары білім беру мемлекеттік стандарты болашақ маман – музыка мұғалімін даярлауда елеулі маңызға ие болып отыр. Квалификациялы сипатамада музыка мұғалімінің іс - әрекетінің негізгі міндеттері ішінде тіл мәдениеті бағытындағы білім, ептілік, дағды, яғни дұрыс таза, мағлұматқа бай және ырғақты, көркем, қисынды құрастырылған сөз мұғалімнің педагогикалық шеберлігін ұштастыруда маңызды фактор болып табылады.

Болашақ маман даярлауды жетілдіру көбіне кәсіптік іс-әрекетіне тікелей қатысту сан-алуан коммуникативті тіл шартына сай жан-жақты тілдік амал тәсілдерін жеңіл игеруге байланысты. Мұғалім сөзі оқулық мазмұнын так түсіндіріп қана қоймай, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне, оқып – білгенін терең түйсінуге және психикалық - зерделік жағдайына әсер етуі тиіс. Өйткені сөз, анығырақ айтқанда, сезінуден ойлануға, жалқыдан жалпыға, пақтылықтан шынайлықтан алмасу үрдісіндегі аралық буын болып табылады. Мұғалім сөзі оқушы үшін тақырыпты ашып беруде, оның игеруде, бірден – бір әсер ететін педагогикалық күшті құрал болып саналады. Ежелгі римнің педагогикалық ойшыл ірі өкілі М.Ф. Квинтилианның «мұғалім дауысы әрбір оқушыға күн нұрындай әсер етеді.» деуінде үлкен мән жатыр. Эмоцияға толы сөздер тыңдаушылардың көңіл –күйін көтереді, қызығушылығын тудырады, сөздің мазмұнын қабылдауға жәрдемдеседі.

Ал педагогикалық техника дегеніміз – мұғалімнің өзін-өзі ұстай білуі, ең басты – мұғалім сөзі. Өйткені, мұғалім сөзінің оқыту – тәрбиелеу үрдісінде атқаратын қызметі кең ауқымды және ол арнайы зерктеулерді талап етеді.

Тіл мәдениетінің негізі - шешендік өнер. Әрбір тарихи дәуір шешендік өнердің өзіндік эстетикалық – моральдік сипаты, бағыты, стильдік ерекшелігі бар үлгілерін дүниеге әкелген. Шешендік өнердің өткен тарихынан біз оның ерлік дәстүрге бай мазмұнды турлерін, әдістрін көре аламыз. Атақты римдік

шешен Цицерон «тіршіліктің тәлімгері тарих» деген сөзі өткен тәжірибеден әлеуметтік құны әлі жоғалмаған сөз өнерінің қағидаларын , заңдылықтарын кездестіруге , оларды пайдалануға болатындығын ескертеді [30].

Шешендік өнер ерте дүниенің өзінде ақ қалыптасқан . Ол әуелі ежелгі Египетте , Вавилонда , Индияда , Қытайда , Грецияда дамыды . Осының арасынан әсіресе ежелгі Афиндегі (Грецияда) сөз өнерінің даму жолы ерекшелігімен көзге түседі . Біздің жыл санауымыздан 6 ғасырдай бұрын өмір сүріп өткен ежелгі Афиннің мемлекеттік қайраткері әрі ақыны Солон құлдық құрылыс пен сот істерінің демократиялауның реформаларының заңын жасайды . Атақты осы Солон заңы шешендік өнерінің өркен жаюына үлкен ықпал тигізеді . Солон заңы бойынша әрбір Афин азаматы өз мақсат –мүддесін өзі қорғауға тиісті болған . Мұндай қабілеті жоқ адамдар басқалардың көмегіне зәру бола бастайды . Осыдан келіп сот алдында сөйлер сөзді дайындап беруші – логогрифтер (сөз жұптаушылар) пайда болды .

Афинде класикалық шешендік өнерін негізін салушылардың бірі ұлы саяси шешен атанған Демосфен әуелде логогриф болған . Демосфен шешендік өнерінің арқасында ірі саяси мемлекеттік қайраткерлері дәрежесіне көтерілген . Тарихи деректерге қарағанда Демосфен шешендік өнеріне қажырлы еңбекпен қайсар мінезі арқылы жеткен . Өз халқының патриоты болған ұлы шешен елін бірлікке , татулыққа үндеп , шашыраңқылықтан іргелі , қуатты мемлекетке дейін көтерілуіне септік жасаған .

Ғылыми тілде Риторика (ритор –грекше шешен)-сендіре білу , яғни тыңдаушының санасына , сезіміне және еркіне әсер ету , ықпал жасау деген мағынаны білдіреді . Риторика – психология , логика , тіл , философия ғылымдарымен тығыз байланысты болуды қамтиды . Риторика теориясының дамуымен қатар шешен сөйлеу өнеріне үйретуші кәсібінің түрі ұстаз -ритор пайда болды .

Риторика теориясын негізін қалаушыларының ұлы өкілі Аристотель ежелгі сөз өнері тәжірибесіне негізінде «риторика » деген еңбек жазады . Белгілі дүниеге сендіруге мүмкін болар әрекетін туғазатын мүмкіндік деп есептейді Жүздеген жылдар бойы әр кезеңінің шешендік өнер теоретиктері осы қағиданы басшылыққа алып , уақыт талабына орай жетілдіріп отырған . Рим шешендер өнерінің ұлы өкілі әуелі адвокат кейін парламент басшысы болған Марк Туллий Цицерон еді . Ол әлем өнерінде белгілі адвокат , саяси қоғам қайраткері , философ , әдебиетші , заңғар ойшыл шешен ретінде қалды . Өз ісінің ақиқаттығына сенетін жанжақты білімді болуы керек , нағыз шешенді ол саяси қайраткер деп санаған . Цицерон шешендер алдына негізге үш міндет артады .

1.Өзінің түйгенінді жеткізе білу , ұсынған аргументтер мен дәлелдемелердің нақтылығына , ақиқаттылығына нақтылы сену ;

2. Тыңдаушылар шешен сөзінен эстетикалық қанағат табатын болуы ;
3. Тыңдаушының сана –сезіміне, еркіне қозғау салып , олардың белсенділігін қалау және арттыру еді .

Рим құлдық қоғамының экономикалық, рухани құлдырау кезінде Римнің ұлы риторы Марк Фабит Квинтелиан өмір сүріп қызмет етті .Бұл кезеңнің негізгі ерекшелігі шешендік өнерінің жаңа ағымы іспеттес болған «театрланған стиль» дами бастады. Цицеронның жақтаушысы ретінде Квинтелиан өмірінің соңына дейін өнер мектебін дәріптеумен , жетілдірумен өтті. Ол соңында 12 кітап жазып қалдырады. Шешендік өнерінің қорытындысы, риторика энциклопедиясы саналған «Риторика өсиеті » кітабы еді .

Көтеріліс жетекшілері ,көсемдері шешендік сөз өнерін жетік меңгерген заңғар ділмалар болған. Солардың біразын атасақ: ол Франциядан Жакариндер көтерілісі көсемі Г.Каль, Англиядағы шаруалар көтерілісінің көсемі Уот Тайлер, Джон Болл, Чехта Гус, Ян Жижка еді .

Орыс шешендері О .Плевако, А .Кони, П.Александров, белгілі қазақ шешендері Қазыбек би,Төле би, Аяз би, Бұхар жырау сияқты бабаларымыздың асыл сөздері, тарихымызда қалған інжу –маржандарымыздың даналығы шешендік өнердің алтын қазығы болып саналады. Сол даналарымыздың айтқан сөздерін оқып, үйреніп, оны өзіміздің сөздік қорымызға енгізіп, музыка сабағында орынды қолданғанымыз жөн .

Мұғалім еңбегінің әлеуметтік мәніне, елдің мәдени өміріндегі белсенді рөліне кезінде қазақ зиялылары көп көңіл бөлген. Ахмет Байтұрсынұлы «Жақсы мұғалім мектепке жан кіргізеді, басқа кемшілігі болса, мұғалімнің жақсылығы жабады, біліндірмейді» деген болатын. Мұғалім білім нiрiн себушi, мұғалiм жақсы бiлiмдi болса, бiлген бiлiмiн алдында отырған шәкiртiне үйрете бiлсе, ол мектептен бала көбiрек бiлiм алып шығады.

5. Коммуникативтік функциялар, сапалық көрсеткіштер, мұғалімнің сөйлеу техникасы

Қазіргі күннің талаптарына сәйкес мұғалімнің жеке басын жетілдіру, өнегелілік мәдениетін, тиімді сөйлеу тәртібі ұғымы дамыту ерекше маңызды болып отыр, өйткені мектептегі барлық оқу-тәрбие процесі тиімділігінің табысты болуы, көбінесе соған байланысты.

Әрбір мұғалім өз басының бағалы кәсіптік сапасын, іскерлігі мен дағдысын, тиімді сөйлеу тәртібі ұғымы мәдениетін жетілдірудің, яғни өзінің кәсіптік тәрбиесімен шұғылдануының айрықша маңызы бар. Мұғалім үшін қастерлі міндет «өзінің жеке басының тәрбиесін бүкіл өмірлік міндетіне айналдыруда», - деп есептейді А. Дистервег.

Мұғалімнің тиімді сөйлеу мәдениеті, оның негізін құрайтын адамгершілік, моральдық борыш, ар-ұят пен намыс адамға не бере алады? Ең алдымен адам өмірін сәулелендіретін мейірбанды өнегелілік пен қайырымдылық сезімін нағыз адамгершілікпен өмір сүре білу қабілетін береді. Ұстаз тұлғасының ойы мен сезім әлемі түйіскен жерде, оның ішкі дүниесінің нағыз қазынасы басталады. Оқушылармен бірге толғанатын, олардың жетістігіне қуанатын мұғалім ғана өзінің оң сезімінің аясын кеңейте алады.

Сөйлеу мәдениеті ұстазға ой мен сезімнің бай рухани әлеміне енуіне мүмкіндік берумен қоса, іштарлық, атаққұмарлық секілді әдеттерден аулақ болуға, әрі оған тәуелді болмауға жәрдемдеседі.

Өзімшіл өресі таяз адамдар өзінің көптеген рухани адамгершілік қасиеттерінен айырылады. Адамгершілік қасиеттен айырылудың осындай жақтарын байқаған В.Г. Белинский былай деп атап көрсетті: ғалым, дәрігер, заң шығарушы болған жақсы, алайда осының өзінде адам болмау өте жаман.

Әрине, өресі кең адамдардың өзінде де әр алуан кемшіліктер, болуы мүмкін. Шындығында әр адам өзінің өнегелі ішкі дүниесін жақсартып жетілдіре алады. Ол үшін бірінші кезекте адамгершілік, мейірбандық сезім аясын кеңейтіп, өнегелілік тебіреніс тілі мен өнегелі ойды меңгеру керек.

Мұғалімнің жеке басының адамгершілік қасиеттеріне қойылатын талаптар педагогикалық деонтологияның жеке тұлғалық компоненттерінде өз көрінісін табады.

Мектептің алға қойған мақсаты - мәдени орталық болып саналуы, адамның бойына тек жақсылықтарды ұялату, дамыту. Тұлғаны дамыту үрдісі күрделі қайшылықтарды жеңумен байланысты, осы орайда көптеген келеңсіздіктермен күресуге тура келеді, педагогикалық үрдіске қатысушылардың өзара қарым-қатынасын реттеу қажеттілігі туындайды. Мұнда педагогикалық мораль, ұстаздың кәсіби жұмысында адамгершілік қатынастардың бірлігіне құрылады. Бүгінгі күні этикалық тәрбиенің, адами қасиеттерді меңгерудің мәні зор.

Педагогикалық этика педагогикалық моральдың қызметін, принциптерін, мазмұнын, ерекшеліктерін қарастырады, педагогтың адамгершілік іс-әрекетін, мінез-құлқын негізге алады. Ол педагогикалық этикет негіздерін даярлайды, оның аясына адамдардың, өскелең ұрпақ тәрбиесімен кәсіби тұрғыда айналысып отырған барлық жандардың дұрыс қарым-қатынасының ережелері, қағидалары енеді.

Педагогикалық мамандықтың моральдық аспектілері әр педагогикалық қызметкердің өзінің іс-әрекетіне деген жауапкершілікпен, жеке көзқарасымен ұштасады. Педагог өз шәкірттерінің келеңсіз, жаман әдет-қылыққа баруына жол бермей, жан-жақты тәрбиенің аясынан босатпауы шарт. Бұл салаға ата-анамен тығыз байланыс та енеді. Кез келген ұстаз моральдық міндетін орындауда еркін.

Өзінің кәсіби білімін, білік, дағдысын қандай деңгейде пайдалана алуы оның кәсіби этикасына байланысты.

Мұғалім ең күрделі процестерді – жеке адамды қалыптастыру процесін басқарады. Мұғалім баланың білімін, икемділігін, әдетін, мұратын және өмірлік мақсатын қалыптастырады. Кезінде көне грек философы Платон былай деген еді: егер етік тігуші олақ болса, мемлекет бұдан көп зардап шеге қоймайды, бар болғаны азаматтар барынша нашар киінеді, ал егер шәкірт ұстазы өз міндетін нашар орындаса, онда елде жаман адамдар мен бұзақылар көбейіп кетеді.

Мұғалімдік атаққа ие болған әрбір адам ұстаздық абыройға ие бола бермейді, өйткені ол абыройлы, ардақты іс болғанымен, қолындағы дипломға қоса «абыройлы» деген мандат берілмейді. Жазылмаған бұл мандатты халықтан өзі алуы керек. Диплом алған әрбір адамның болмысы түгелдей мұғалім болып жаратылуы керек. Бұл мамандықты меңгерту барысында ұстаз кадрларын даярлайтын жоғарғы оқу орны әрбір тәлімгер болам деген талапкерге мұрындық болуы керек.

Педагогикалық талаптарға сәйкес болашақ ұстаз абыройының баспалдақтары:

1) мұғалімнің маңызды еңбек құралы, оның жеке тұлғасы. Өзінің кәсіби міндеттерін нәтижелі орындау үшін ұстазға міндетті түрде өз оқушыларының алдында ерекше абыройлы болғаны дұрыс. Алайда бұл сый-құрметтің, сенімділіктің өзі ерен еңбекпен келетіні түсінікті. Осы орайда әңгіме тек арнайы кәсіби-педагогикалық сапалық қасиеттер (мейірімділік, шыдамдылық) хақында ғана емес, басқа да түрлі жалпы адами әлеуметтік құнды қасиеттер хақында. Бұл әлеуметтік бағалы қасиеттер педагогқа аса қажет, оның кәсіби міндеттерінің аясына адамгершілікке тәрбиелеу енеді. Әлеуметтік құнды сапалық қасиеттерді тәрбиелеу білім беру және іскерлік дағдыны жетілдірумен қатар жүреді. Білімді терең игертетін, моральдық сенімге тәрбиелейтін педагогтың өзі жан-жақты білім иесі, мол адами қасиеттерді бойына жинақтаған жан болуы тиіс. Білім беретін тұлға мен оқушылардың болмысының аралығындағы өзара байланыстың болуы педагогтың кәсіби моралінің кодекстерін құрудың маңызды алғышарты болып есептеледі.

2) ұстаздарға қарап шәкірттер еліктейді. Балалар мен жасөспірімдер күн сайын бірнеше сағаттан мектеп әлемінен орын ала отырып, ұстаздарының берген білімдерін ғана меңгеріп қоймайды, мінез-құлық ерекшеліктерінен де көп нәрсені дарытады. Кез келген жағдайда мұғалімдердің назарға алатын қағидасы, олар оқушыларға өздерінің мақсатты бағытталған педагогикалық әрекеттерімен ғана қолайлы немесе қолайсыз әсер беріп қоймайды, сонымен қоса өзінің тұтас болмыс, жан-дүниесімен де қатты әсер етеді. Осы себептерге байланысты ұстаздардан қатты талап етілетіні – олардың тек үлгі аларлықтай бағыт-бағдар

берулері, оқушыға зиянды әсер беретін барлық шараларға қарсы тұра білулері қажет. Нақты осы жайт кәсіби мораль кодексі тұрғысынан анықталуы тиіс.

3) кәсіби міндеттерді атқарудағы еркін таңдаудың жеткіліктілігі. Жоғарыда айтып өтілгендей, ұстаздың кәсіби рөлі оған сан алуан және күрделі міндеттерді артады. Олардың жүзеге асуы үшін әрекеттің үнемі бірдей амалдары кезіге бермейді. Педагогикалық ахуалдар үнемі өзгеру үстінде және әр кезде жаңаша бағалануы тиіс. Педагогты барлық уақытта өз міндеттерімізді қалай, қандай әдістермен жүзеге асырамын деген ой мазалайды. Таңдаудың өзі өзгеріп, жағдайға сәйкес түрленіп отырады. Кімде неғұрлым жоғары таңдау еркі болса, сол адамда соғұрлым жоғары жауапкершілік болмақ. Сол үшін мұғалімдерге моральдық нормалар аса қажет, көп жағдайларда оңтайлы шешім табуға жол ашады.

4) қоғам мұғалімнің әр шешімінің сапасын және мақсаттылығын қадағалап отыра алмайды. Сол үшін бақылау ең алдымен мұғалімдердің өздерінің тараптарынан белең алуы тиіс. Педагогтың кәсіби тұрғыда өз ісінің шебері болмауынан және кәсіби міндеттерінің сапасыз атқарылуымен заңдар мен нұсқаулардың көмегі арқылы күресу мүмкін емес. Бұл арада анағұрлым тірек болар күш те кәсіби-моральдық сана-сезім болып саналады.

5) бүгінгі таңда ұстаздар қауымына нақты талаптармен қоса негізсіз де міндеттер артылуда. Негізді және қисынсыз жайлардың ара жігін ашып алған дұрыс. Бұл арада жан-жақты ойластырылған кәсіби мораль көмектеседі. Білім беруден басқа да (экологиялық, әлемге көзқарасты тәрбиелеу) міндеттерді ұстазға жүктей беру ата-ананың бала тәрбиесіндегі рөлінің төмендеуімен байланысты. Ата-аналар өз міндеттерін қуана-қуана ұстаздарға артуға құмар, көпшілігі оларды тәрбие мамандары деп санайды. Бұндай міндеттің көп жүктелуі ұстаздар қауымына бірқатар міндеттерді тереңдей қабылдай алмауға итермелейді. Өздерінің кәсіби міндеттерін қысқартуға әкеледі. Қат-қабат нұсқаулар мен шамадан тыс толтыратын қағаздар реті де тәжірибелік міндеттерін алмастырып жібереді. Ұстаздарды осындай қат-қабат әрекеттерден, негізсіз талаптардан қорғау, ата-аналарды бала тәрбиесіне біліктілікпен қарауға дағды беруде де кәсіби моральдың лайықты нормалары аса қажет.

Педагогтардың сөйлеу мәдениеттілігінің мазмұнын анықтауда педагогтарға табиғи түрде осы салада жинақталған халқымыздың мол тәжірибесіне, педагогикалық бай мұрасына арқа сүйейтіні белгілі. Көптеген педагогтар кәсіби болмыс, мінез-құлықтың қалыптасқан нормаларын өз түсінігінше қабылдайды. Алайда, атап өтерлігі, бұл нормаларды мойындау оған мойын ұсыну емес. Сократтың өзі таң қалған жай - көптеген адамдар мейірімділік, қайырымдылықтың бар екендігін біле тұра қатыгездікке барады. Ал, Гегель тұжырымынша, нақты моральдық сана дұрыс әрекеттер арнасына жол ашпақ, ал

адамның өзі іске асырған қылықтарымен танылады, өз мамандығын құлшыныспен, жан-тәнімен сүйіп атқарған педагогтың жоғары шеберлік шыңына өрлеп, өз еңбегінің жемісінің дәмін тата беретіндігі айқын.

Сөздің негізгі сипаты оның мағынасында, семантикалық мазмұнында екені баршаға белгілі. Баяндалып жатқан сөзді тыңдағанымызда біздің назарымыз оның мәндік мазмұнына аударылады. Адам тілінің әрбір дара сөзі қандай да бір затты өрнектейді, оны атаумен біздің санамызда нақты бір заттың немесе құбылыстың бейнесі пайда болады, осынысымен де адам тілі жануарлардың қысқа мерзімді, қылықтық күйін білдіретін аффектік тілінен ажыратылады. Адам тіліндегі көңіл күй көрінісі үлкен маңызға ие. Сөзді тек ақыл-ой көрінісі деп тану оның өрісін өте тарылтып жібереді. Сөзде, әсіресе оның ауызша түрінде көңіл-күй танытатын көптеген сөйлеу бірліктері қосылады: іркініс, ырғақ, әуен, жазба түрінде – тыныс белгілері, сөз орыны т.б. Сөйлеу барысында біз тек сөйлеу ақпаратымызды ғана хабарлаумен тынбастан, әңгіме арқауына болған, әңгіме тыңдаушыға болған өз көңіл толғаныс, қатынастарымызды білдіреміз. Сөз неғұрлым өрнекті, әсерлі болған сайын, одан сөйлеушінің келбеті, болмысы да нақты көрінеді.

Сөз бір нәрсе жайында баяндаумен бірге ықпал жасау құралы да болып қызмет етеді. Адам тілінің ықпалдық қызметі - өте мәнді құбылыстардан тұрады. Сөйлеу - әлеуметтік міндетті орындау, тіл қатынасының құралы бола тұрып, саналы ықпал қызиетін орындайды.

Сөйлеу процесінің негізгі тірегі – түсіну. Сөз қоғамнан тыс болуы мүмкін емес, сөйлеу тілдесуге арналған және тілдесуде пайда болатын әлеуметтік өнім.

Сөйлеу саналы әрекетке арнаулы үшін әңгіме арқылы шешілетін мәселе және оның мақсаты анық болуы қажет. Сонымен бірге, әңгіме барысындағы міндеттің шешімі сол әңгіме жүріп жатқан жағдайға да байланысты. Әңгіме мақсаттары мен жағдайларын бірлікте қарастыра отырып, адам не айту керек, қалай айту керек екендігін қарастырады, осыдан өз сөзіне алдына қойған міндетін шешуге жарайтын саналы әрекетке айналдырады.

Сонымен, сөйлеу – тіл көмегімен түзелген адам аралық қатынас құралы. Сөйлеудің келесі түрлері болады: сыртқы және ішкі сөйлеу. Сыртқы сөйлеу өз кезегінде ауызша, жазбаша болып, ал ауызша – монологтық және диалогтық болып бөлінеді.

Сонымен, тіл мәдениеті дегеніміз не? Оған ғалымдар мынадай анықтамалар береді: тіл мәдениеті дегеніміз – тілдік тәсілдердің ширау, жетілу, дәрежесі. Сонымен қатар ол тіл жұмсаудағы ізеттілік, сауаттылық қана емес, тілдік тәсілдерді, фонетикалық, орфографиялық, орфоэпиялық, морфологиялық, синтаксистік, стильдік құбылыстарды ұқыпты, дұрыс қолдану дағдысы. Тіл мәдениеті дегеніміз – сөздерді дұрыс, орнымен қолдану (лексикалық), дұрыс

құрастыру (синтаксистік), дұрыс қиюластыру (морфологиялық), дұрыс дыбыстау (орфоэпиялық), сауатты жазу (орфографиялық), тілді әсерлі етіп жұмсау (лингвостилистикалық) нормаларын ұстану, орнықтыру, жетілдіру.

Тіл мәдениеті курсының мақсаты мен міндеті, зертеу нысаны және салалары. Тіл мәдениетінің негізі – тілдік норма, яғни тіл мәдениеті дегеніміз тілдік нормаларды, оның ішінде әдеби тіл нормаларын дұрыс сақтау әрекеті болып табылады. “Тіл мәдениеті әдеби тілдің нормасы туралы білім саласы ретінде пайда болғаны мәлім”. Ал тілдік норма дегеніміз не? Тілдің таңдамалы, қолайлы, ой-пікірді дәл беруге жарамды, жалпыға ортақ жүйелерін әдеби тілдің нормасы дейміз. Тіл нормасы дегеніміз – тілдегі бірізділік, тіл материалдарын нормалау деген сөз, белгілі бір тәртіп, заңдылыққа бағындыру. Норма дегеніміз - әлуеметтік тұрғыдан қолдау табатын ғана ереже емес, ол тілдік тәжірибеге сүйенетін, тілдік системаның заңдылықтарын көрсететін және беделді жазушылардың қолданылуымен расталған ереже. Қазіргі қазақ әдеби тілінде қалыптасқан тілдік нормаларды ғалымдар: орфоэпиялық, орфографиялық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік, лингвостилистикалық деп бөледі. Осыған орай курстың негізгі мақсаты – тілдің қалыптасқан заңдылықтарын, жүйесін, яғни нормаларын сөз ету, оған ауытқудың себептерін ашу; ойды түсінікті де көркем жеткізудің, тіл байлығын орынды жұмсай білудің маңыздылығын байқату. Яғни студенттен ой байлығын, тіл көркемдігін, тіл тазалығын талап ету.

Тіл мәдениеті курсының мақсатына қарай мынадай негізгі міндеттер қойылады:

- студенттерді ауызша сөйлегенде сөзді дұрыс дыбыстауға дағдыландыру. Осыған орай тілдің баяға заманнан қалыптасқан орфоэпиялық нормасының негізін игерту;

- сауатты жазуға, яғни орфографиялық норманың заңдылықтарын қатаң сақтау дағдыларын қалыптастыру;

- әр сөзді мағынасына қарай сай жұмсауға дағдыландыру. Әр сөздің өзіне тән мағынасы, қолданылатын аясы, стильдік реңкі, тіркесетін сөздері бар екендігіне студенттің назарын аудару;

- айтайын деген ойын сөйлем түрінде жүйелі, тіл заңдылығына сай жеткізе білуге қалыптастыру;

- көркем әдебиет тіліндегі уәжді, уәжссіз қолданыстарды бір-бірінен адырата білуге дағдыландыру т.б.

Тіл мәдениеті ғылымының зерттеу нысаны да тілдің басқа салалары сияқты – сөз. Мәселен, тілдің фонетика саласы сөздің дыбыстық жағын, лексикология мағынасын, морфология құрамын, сөзжасам құрылымын, синтаксис сөйлемінің құрылысын қарастырады. Ал, тіл мәдениеті ғылымы сөздің дұрыс дыбысталуын,

мағынасына сай дұрыс қолданылуын, емле ережесіне сай дұрыс жазылуын, қосымшаның дұрыс қосылуын, сөздердің бір-бірімен дұрыс тіркесіп, сөйлеснің дұрыс құралуын және ойдың көркем де айқын берілуін қарастырады, зерттейді. Демек, тіл мәдениеті ғылымы тіл білімінің барлық салаларымен тығыз байланыса отырып, әр саланың қалыптасқан заңдылықтарының дұрыс сақталуын талап етеді.

Тіл мәдениеті ғылымы ғылыми еңбектерде: баспасөз тілінің мәдениеті, сөйлеу тілінің мәдениеті немесе ауызша сөйлеу мәдениеті және сөз қолдану мәдениеті делініп әр түрлі жіктеледі. Ауызша сөйлеу мәдениеті әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына негізделеді. Атап айтқанда, сөйлеу актісінде қатар немесе алшақ тұрған дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, сөздің құлаққа жағымды естілуі.

Сөз дәлдігі. «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады. Ұғымға сөз дәл келу үшін сөздің мағынасын дұрыс айыра білу керек. ... айтылған лебіз ашық мағыналы, түсінуге жеңіл, көңілді күдіктендірмейтін болса, тіл анықтылығы дегеніміз сол болады. Лебіз ашық, мағыналы болуы үшін айтушы айтатын нәрсесін анық танитын болуы керек. Адам анық танитын нәрсесін анық айтады да, көмескі танитын нәрсесін көмескі, күңгірт айтады. Тіл дәлдігін бұзатын көбінесе әмәндес (мағынасы жақын сөздер) сөздер», - дейді А. Байтұрсынов.

Сөз – шындықтың санамыздағы сәулесі, ой өрнегінің бөлшеі. Ол мынадай шарттармен байланысты:

1) логикалық дәлдік. Сөз дәлдігі – ой дәлдігі. Айқын ойлайтын адам сөзді де мағынасына сай жұмсайды. Сөз бен оның атауының арасында логикалық қайшылық болмауы тиіс;

2) сөздік мағыналық қырлары мен ерекшелігін, оларды қолданылу шегін жақсы білу. Тіліміздегі сөздер тура мағынасымен қатар ауыспалы, келтірімді мағынада да, бір-бірімен мәндес, омонимдес те жұмсала береді. Омонимдер мен көп мағыналы сөздерді, синонимдерді бір-бірінен мағыналық жігі, стильдік реңкіне қарай ажыратып қолдану арқылы ойымызды анық-айқын жеткізуге болады.

Мұғалімнің тіл психологиясы. Сөз, тіл арқылы мұғалім оқушыларға ықпалын, қызығушылығын тигізеді: өз ойын, білімін, өмірге деген өз түсінігін, оқытылатын пән туралы.

Сондықтан сөз – шеберлік, сөз табу педагогикалық іс - әрекеттің керекті сапасы. Мұғалім өз әңгімесімен, сөзімен әуестену қажет. Мұғалімге өз жұмысында ауызша тілді меңгеріп, қажет етеді. Ол үшін талап, талант керек. Мұғалім – музыкант оқу, жұмыс барысында мамандығының қажеттілігін сезіне,

идеялық бағытын, теориялық, әдістемелік дайындық алып, қазіргі техникалық құралды меңгеріп ойын жеткізе алады.

Б.С.Найденов былай дейді: жиынтығы, бостандығы, ұшуы, қапы, жылжымалы, кеңдігі, әуенділігі – осының бәрі дауыс дыбысының сапасы:

Ал, дыбыстың бояуы, екпіні өзінің жеке қабілеті бар. Бояу арқылы біз әртүрлі адамдарды танимыз. (аспаптың дауысы сияқты).

Ал, оқу процессінде әртүрлі тіл екпіні арнайы педагогикалық зерттеуден өтті. Аса тез емес, аса баяу емес тіл екпіні оқушылардың зейінін алмайды, әңгімеге қосылмайды, қарсылық көрсетеді.

Педагогикалық тілі, екпіні орташа, 1 минутта 250 сөз, не 180-300 буын диопозон құбылысы 1 минутта. Осы жағдайда логикалық кідіріс, белгілер керек және де адамның жоғары жүйе іс-әрекетіне байланысты адамның мінезі де әсер етеді.

Мұғалімнің білім психологиясы. Педагогикалық талаптың 2-ші компоненті, ол, музыкалық пәнге терең қызығушылығы, әлем объектісін білу, өздігін жетілдіру жолы.

Оқу процесінде педагог оқушыларды байқай отыра, олардың ынтасы мен қызығушылығын зерттей отыра: өнерге деген қалып, не барлық музыкалық пәндерге, не түрлі әрекетіне, шығармашылығына байқайды. Осының бәрі тәжірибе жұмысы – еңбегінде келеді. Тәжірибелі ұстаз деген осы.

Балаларға мұғалімнің психологиялық махаббаты. Мұғалімнің балаға берген махаббатының маңызы: олардың өмірін түсіну, көңілін тану, оларды қуанышпен қабылдау, оларға қызығушылықпен қарау, олардың өсуіне бірге ат салысу. Осының бәрі психологиялық құбылысқа байланысты: көңіл-күйі, қызығушылығы, зейіні, күмәнділігі т.б. Бұл бір жағы, екіншісі – жалпы адамгершілік қажеттілігі, биологиялық, әлеуметтік және идеялық деген ұғымды береді, қоршаған әлемді білу, ондағы өзінің орны, жердегі өзінің өміршілігі.

Педагогикалық іс - әрекетінде аталған жоғарғы үш қасиеті өте қажетті және маңызды. Мұғалімнің жұмысында сонда ғана талаптар пайда болады: педагогикалық әдеп, байқаушылық талапкершілік және тағы да басқа осы қасиеттер болмаса, педагогикалық қабілеттілігі де болмайды.

6. Музыкалық педагогикадағы сөйлеу мәдениеті мәселесін зерттеу жағдайы

Бүгінгі таңда қызметтің қай саласында болмасын жеке адам творчествосының көрінісіне үлкен маңыз беріліп отыр. Творчество ұғымы мектептегі оқу тәжірибесінде, сондай ақ тұрмыс жағдайында қолданылады. Әрбір музыка пәнінің оқытушысының творчествосы мен творчестволық

процесс(оқытушының әр сабақтағы іс-әрекеті, қызметіне байланысты қаншалықты жанашырлық әкеле алуымен бағаланса керек). Алайда творчестволық ізденістің бағыты, мүмкіншілігі шексіз. Әр оқытушы белгілі бір оқу программасына сүйене отырып, сонымен бірге өзінің ойлары мен сезімін көрсете білгені, яғни өз пайымынан өткізе білгені керек.

Заманымыздың көрнекті ғалымдары О.А.Апраксина, Н.А.Ветлугина, Д.Б.Кабалевский, В.Н.Шацкаялар творчестволық ойлаудың қалыптасуында сүбелі орын алатын - өнер, оның ішінде музыка деп есептеді. Б.М.Теплов балалар шығармашылығын зерттей және бағлай отырып, олардың творчествосының ерекшеліктерін анықтайтын үш көрсеткішті айқындап берді .

Б.Я.Яворский балалар шығармашылығын жан-жақты дамыту үшін әр түрлі музыкалық іс-әрекеттерге сүйену керек екендігін ұсынды. Л.Г.Дмитриева өзінің тұжырымдамасында балалардың шығармашылығын дамыту үшін, яғни шығармашылық бейне туралы түсінік, белгілі бір әуенге кіріспе, қарапайым сүйемел ойлап табу дағдыларын қалыптастыру үшін алғашқы кезде бір ғана музыкалық – тағылымдық материалға жүгінген жөн деп санады.

Бұл ретте әрбір тақырыпты ашудың мәні оқушылардың творчестволық қабілетін дамытатын, музыкалық ойлауды жетілдіретін, танымдық қызығушылығын қалыптастыратын, тек бүгінгі күндік емес, болашақтың да кәдесіне жарайтын музыкалық сауат, тиянақты білім беруде жатыр.

Сабақ өткізуде оқытудың қазіргі заманғы әдістері, түрлері мен құрал-жабдықтары пайдалануға тиіс. Оқушы музыканы жүрдім- бардым емес, бар ынтасымен тыңдауға үйренген жағдайда ғана сабақ ойдағыдай тиімді нәтижеге жеткізген. Оқушыларды ұдайы музыкалық ойлауға, сергек сезімталдыққа, танымдық қызығушылығының қалыптасуына, өзіндік белсенділігін арттыруға тырысуы керек. Бір музыкалық шығарманы бір сабақта талдап, үйретіп қою аздық етеді, сондықтан берілген материалды сапалы меңгеру үшін оны келесі сабақтарда пысықтауға тура келеді.

Әр қашан қай кластағы қай сабақта болмасын музыкалық материалды оқытқан кезде музыканың мазмұны негізге алып, түсінуді де, ынта ықыласты да, сезімдік құбылыстарды да соған бағыттау керек. Музыкалық сауатты оқытудың методикасы тұтас алғанда музыкалық оқытудың міндеттеріне сай болуға тиісті. Мектептің міндеті- биік көркемдік талғамы бар, музыканы сүйетін, оны жанымен түсінетін, музыкалық өмірге белсенді араласатын музыкалық білімді адамды дайындау.

Педагог-музыкант тұлғасының кәсіби – педагогикалық қасиеттерін қалыптастыру болашақ мұғалімдерді даярлауда басты орын алады. Сондықтан, музыка мұғалімінің педагогикалық қызметі құрылымына жататын келесі бөліктерді атап кеткеніміз жөн:

ұйымдастырушылық, конструктивтік, коммуникативтік.

Музыка мұғалімінің ұйымдастырушылық қызметіне төмендегідей тұтас педагогикалық іскерлік кешенін енгізуге болады:

- өз тәртібін ұйымдастыру;
- өзінің айтатын сөздерін мазмұндау;
- балалар ұжымын ұйымдастыру.

Педагог-музыканттың конструктивтік қызмет негізіне келесі кәсіби мазмұндық іскерліктер жатады:

- оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау;
- оқу-тәрбие материалын іріктеу;
- оқуды дифференциялау;
- оқушыларды жете білу және даралық әдісті жүзеге асыру;
- сабақтағы іс-әрекетті педагогикалық белсенділікпен ойластыру.

Көп жағдайда педагогикалық қызметке табыс әкелетін коммуникативтік іскерліктер:

- оқушылармен, ата-аналармен, қоғамдық жұмысты атқарушылармен және әріптестермен дұрыс педагогикалық мақсаттарға жету үшін өзара қарым-қатынасты орнату;

- мектепте, сыныпта ұжымаралық және ұжым ішіндегі қарым-қатынасты реттеу және дұрыс жолға қою;

- балалармен жақсы қарым-қатынасты орнату үшін қажетті және іс-әрекеттік формаларды табу.

Сондай-ақ болашақ мұғалім тәжірибесінде мына төмендегідей қолданбалы іскерліктер де қалыптасады:

- ән салу (таза айту, дикция, дауыс тембрі және т.б.);

- билеу (әр түрлі қозғалыстардың элементтерін – вальс, полька, халық билерін көрсету);

- сурет салу (музыкалық бейнелерді бейнелеу- нота, скрипкалық және бас кілттері, мелизмдер, көрнекі құралдар және т.б.);

- музыкалық аспаптарда ойнау (фортепиано, баян, домбыра, шулы аспаптар және т.б.);

- іс-әрекеттің әртістілігі (музыкалық шығарманың характерін көрсету);

- әр түрлі музыкалық ойындарды өткізу («Соқыр теке» және т.б.).

Қазақ тілінде сөйлем мүшелерінің орны тұрақты. Тілдердің заңдылығы бойынша бастауыш сөйлемдердің басында, баяндауыш соңында, әдетте сөйлемді аяқтап тұрады да анықтауыш анықтайтын сөзінен бұрын, толықтауыш пен пысықтауыш та өздері қатысты сөздерінен бұрын орналасады. Бұл тілдегі қалыптасқан синтаксистік (грек біріктіру – грамматикалық сөз тіркесін, сөйлем жүйесін, құрылысын зерттейтін саласы)

норма. Ал кей жағдайда сөйлем мүшелерінің орны ауысып қолданылуы белгілі бір мақсатты көздейді. Басым мағынада айту үшін, жеке мүшеге ой екпінін түсіре қалыпты орын тәртібін өзгерту жөнімен ауытқу болып табылады. Инвестицияланатын сөйлем мүшелері – көбіне бастауыш, баяндауыш және толықтауыш.

Көркем әдебиетте екі я оданда көп адамдардың тікелей бір –бірімен сөйлескен сөзі беріледі .Ондай екі кісінің бір –бірімен тікелей сөйлескен сөзін диалог дейміз.Әдетте диалогта әрбір кісінің сөзінің алдында сызықша қойылады . Диалогтық сөз -музыка мұғалімінің негізгі және ең көп қолданатын қатынас түрі .Диалогтық сөз құрылымы ,мақсаты (жұпты ,топтық ,сұрастыру ,іздену , ақыл қосу , өз ойын айту); оның түрі : әңгіме , диспут т.б . Диалогтық білім – дағдыларының көрсеткіші :сұхбат мазмұнын түсіну мазмұнының деңгейі-80%, сұрақ-жауап көлемі ең азы 10-15 сұрақ .

Монолог .Көпшілік, топ алдында белгілі бір тақырып бойынша сөйлеу тілін дамыту . Музыка мұғалімінің монологтік сөзі, оның функционалды мазмұнының түрі (баяндау, пікір айту, бейнелеу, анықтау), олардың жанырлық түрлері. Монологтық сөз сөйлеудің бөліктері (құрылымдық бейнелігі, тақырыптық бірлігі, мағлұмат қортындысы).

Бұл орайда :

- әр түрлі сипаттағы тақырыптарды баяндап ,толық ақпарат беру білік-дағдысын жетілдіру .

- қоғамдық ел тану ,мамандыққа қатысты тақырыптар бойынша сипаттама, хабарлама бере алуы ,сондай-ақ пікір білдіре алуы .

Монологтық сөйлей білу дәрежесіне көрсеткіштер :

Материалды толық түсініп , мазмұнды баяндауы , баяндауының қисындылығы сөйлеу барысынында грамматикалық формаларды дұрыс қолдануы ;

Монологтық сөйлеу ұзақтығы –10 минут , студенттің коммуникативтік әрекеттерін іске асыруға қажетті актив етістіктердің минимумы –1,2 кезең үшін –100, 120 сөз .3-4 кезең үшін 200-240 сөз .

«Тіл мәдениеті» негізінен «сөз мәдениеті», сөзді орынды қолдану деген ұғымды білдіреді Өйткені тіл мәдениетінің негізгі объектісі –сөз. Сөзсіз пікір алысу мүмкін емес. Сөз күші мен құдіреті жөнінде айтылған афоризмдер (қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой) мен нақыл сөздер өте көп: Сөз - өмірдің ұлы қаруы (В.Г. Короленко); Сөз – ойдың көрінісі: ой бұлдыр болса, сөз де бұлдыр. (В.Г. Белинский); Сөз өнері - өнер атаулының ең қиыны және күрделісі (Оноре де Бальзак); Сөз өнерінің сұлулығынан халықтың жан сұлулығы көрінеді.

(К.Д. Ушинский); Сөз дегеніміз – былайша айтқанда сырт киім; ой киімінің астында жасырынған дене (Ф.М. Достоевский); Ас-түзбен дәмді, су - мұзбен дәмді, ал адамзат салиқалы, саналы сөзімен дәмді (А:Науаи);

Таза мінсіз асыл тас	Су түбінде жатқан тас
Су түбінде жатады	Жел толқыса шығады
Таза мінсіз асыл сөз	Ой түбінде жатқан сөз
Ой түбінде жатады.	Шер толқытса шығады

Сөздің дұрыс айтылуы дұрыс жазылуы, дұрыс қолданылуы, сол арқылы ойдың айқын, әсерлі жетуі, екі ұштылықтың, күңгірттіктің болмауы. Соған орай тіл мәдениет ғылымын үлкен екі салаға: ауызша сөйлеу мәдениеті және сөз қолдану мәдениеті деп бөлуге болады .

1. Ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеген кезде орфоэпия (грек дұрыс сөйлеу) қағидаларын сақтап мәнерлеп сөйлеумен байланысты. Сөзді қандай қатесіз жазу керек болса, оны құлаққа жағымды, әуезді, мәнерлі етіп айту да сондай қажет. Дыбыстың қырын сындырып айту (күр қол емес күрғол), не керек емес- негерек), қатар тұрған екі дауысты дыбыстың бірін түсіріп қолдану (сарыарқа емес- Сарарқа), ерін үндестігін сақтау (құрық емес- құрұқ, өсім емес- өсүм) сияқты орфоэпия заңдылықтарына көңіл бөлу міндетті. Сөйлеу үстінде сөздердің бір-бірімен қиюласып ритмикалық бір топ құрап, бір ырғақпен (қара қарындаш емес –қарағарындаш, алты ай емес- алтай) айтылуын да қадағалап отыру қажет.

Болашақ музыка маманы ауызша сөйлеу кезінде тілдің ішкі заңдылықтарын сақтаумен қатар, сөйлеу техникасын да меңгеру қажет. Тақырыптың мазмұнына қарай музыка мұғалімі өзінің ішкі тебіренісі мен толқынысын көзқарасын дауыстардың ырғағы, күші, қимыл-қозғалыс арқылы да жеткізіп отырады.

Ым-ишара сабақта екі жақты қызмет атқарады. 1-ден ойды үнемдеп, әсерлі жеткізудің көмекші құралы ретінде пайдаланылса, 2-ден орынсыз жиі қолданылған қимыл- қозғалыс оқушыларға кері әсер етеді. Оқушылар сабақтың мазмұнынан гөрі мұғалімдердің қимыл-қозғалысына еріп кетеді. Сол себепті де ым-ишара, қимыл-қозғалыс тақырыптарының мазмұнымен астарласып, соның мақсатын ашатындай қызмет атқарғаны дұрыс.

Мәнерлі сөйлеу мәдениеті мұғалімнің дауыс ырғағына, интонациясына да байланысты. Өйткені сөйлеу кезіндегі дауыстардың сан түрлі құбылуы адамдардың сол өзі баяндап тұрған мәселесіне қатысын, эмоциясын, сезімін білдіреді. Интонация мұғалімдердің әр сөйлеміне жан беріп қана қоймайды, оның эмоциональдық болуын күшейтеді.

Оқушылардың алдында ауызша сөйлеу мәдениеті сөйлеу темпімен де байланысты. Мұғалімге тым тез сөйлеуге де тым баяу сөйлеуге де болмайды. Мұғалімнің айтпақ ойының мақсатына, мазмұнына қарай сөз бірде баяу, бірде жылдам, бірде көтеріңкі айтылуы тиіс.

Сөз қолдану мәдениеті ең алдымен сөздің емле ережесіне сай жазылуымен байланысты. Дұрыс жазу талабы – ресми түрде қабылданған жалпыға ортақ емле ережесін сақтау. Орфографиялық нормадан ауытқуға, оны өзгертіп жазуға болады. Себебі емле ережелері заңды түрде бекітіледі, жалпыға ортақ, міндетті. 1940 жылғы орыс графикасына негізделген жаңа алфавитке көшкеннен бері де емле ережесіне біраз өзгерістер енгізілген. 1983 жылғы 25 августа Қаз ССР жоғары Советінің Президиумы бекіткен қазақ тілі орфографиялық ережелеріне енгізілген өзгерістер мен толықтырулардың орфографиялық нормалардың бір жүйеге түсуінде маңызы өте зор. Өйткені бұл өзгерістер қазіргі жазуымызда қиындық туғызып отырған ең бір актуальды мәселеге сөздердің (терминдік мәні бар сөздік) бірге не бөлек жазылуы мен орыс шет тілінен енген сөздерге қосымшалардың қосылу заңдылығына арналып отыр. Мысалы: терминдердің жазылуы туралы: екі, кейде үш түбірден құралып, терминдік мәнге ие болған атаулар мен ақ-құс, жан-жануар, өсімдік атаулары, шаруашылық тұрмыс, мәдениет, өнер спорт салаларына қатысты құрал-жабдық, ұғым атаулары мамандық, кәсіп атаулары сол сияқты екінші сыңары аралық, тану, сымақ сөздерімен келген атаулары бірге жазылады делінген. Осыған орай баспасөз бетінде бірде бірге, бірде бөлек ала құла жазылып келген терминдік мәні бар біраз сөздер: бесжылдық, көзқарас, сутегі, сүтқоректілер, түйеқыран, ауданаралық, қоғамтану т.б. бірге жазылып бір жүйеге түсті. Сол сияқты орыс – шет тілінен енген сөздерге де қосымша негізінен жіңішке вариантқа жалғанып қолданылуда (педагогтік, паркке, офиске т.б.)

Сөз қолдану мәдениеті сөздің мағынасына сай, дәл, сәйкес жұмсауымен тығыз байланысты. Айқын ойлап, дәл айту үшін сол айтылуға тиісті зат пен оның санамыздағы көрінісі - сөздің арасындағы байланысты, қатынасты жақсы білуіміз керек. Ол айқындылығы, мағына дәлдігі логикалық дәлдікпен ұштасады. Сөз бен оның білдіретін мағынасының арасында қарама-қайшылық, бірін-бірі жоққа шығарушылық немесе байланыссыздықтың болмауы тиіс.

Сөздер мағынасына қарай бір – бірімен көп мағыналы, омонимдес, мәнделес те болып келеді. Мағыналас сөздерді қолдану арқылы сөздік қорымызды молайта түсуге болады. Мысалы: биік және жоғары; биік жартаc, жоғары жартаc.

Рефлексия дегеніміз – адамның санасын өз-өзіне шоғырландыру .

Басқаша айтқанда Рефлексия дегеніміз – адамның санасының өз-өзіне, өзінің бейне тұрпатына, ой өрісіне, сезіміне шоғырландыру. Рефлексия бұл адамның өзінің психологиясын, және өзінің іс-әрекетін зерттеу.

Қазіргі қоғам дамуы мұғалімнің жеке қасиетіне, гуманитарлық бағытына, мамандық біліктілігіне жоғары талап қойып отыр. Бұл тұрғыда табысқа жету, көбінесе, ұстаздың оқыту құралын, әдіс-тәсілін, жалпы сабақ өту үрдісіндегі барлық жиынтық технологиясын кәсіби шеберлікпен меңгеруімен айқындалады әрі мұның ішіндегі ең бастысы мұғалім сөзі болып табылады.

Соңғы жылдары педагогика ғылымын оқып үйренуде мұғалім сөзінің күдіреттілігін айқындайтын жаңа тіркестер пайда болады: «оқыту тілі» (Л. Клинберг), «сөйлеу шеберлігі» (В. Чихачев), «Оқу – педагогикалық тіл» (Ю. Рождественский), сондай-ақ Т.Ладыженскойдың зерттеулеріндегі «тірі сөз» метафора – тіркесі және тағы басқалар. Сондықтан педагогика ғылымында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінеді және басты назарда адам тұрады. Өйткені, адам – тілдің сақтаушысы әрі ойлап табушысы. Міне, осыдан келіп мынадай түсініктер туындап отыр: «тіл даралығы» (Ю. Караулов), «тілдің өмір сүруі» (Жапония), «лингвистикалық экология» (Л. Скворцов), т.т.

Мұғалім сөзі оқулық мазмұнын тек түсіндіріп қан қоймай, оқушының шығармашылықпен жұмыс істеуіне, оқып білгенін терең түсінуге және психикалық-зерделік жағдайына әсер етуі тиіс. Өйткені сөз, анығырақ айтқанда, сезінуден ойлануға, жалқыдан жалпыға, нақтылықтан шынайылыққа алмасу үрдісіндегі аралықө буын болып табылады. Бұл жөнінде А. Лосев мына фактіні атап көрсетеді: адам сөзі өзінің жеке тар шеңберінен шығып, әлемге үн қатады. Демек, ол-субъект пен объект арасындағы көпір, қабылдау мен қабылдатудың -өзара кездесу «айнасы» және бірлігі.

Дидактикада «сөз» түсінігі екі құрылымды элементтен тұрады; 1) мұғалім сөзі (вербальді тәсілі мен оқытуды ұғындыруы), 2) оқушы сөзі (вербальді тәсілі мен оқуды ұғынуы). Оқыту мен оқудағы вербальді тәсіл деп сабақ кезіндегі мұғалім мен оқушы арасындағы жан-жақты сөйлеу түрлерін айтамыз (ой-пікірлерін білдіру, әр түрлі сұрақ-жауаптар алмасу, т.б.).

Ендеше «мұғалім сөзі» және «оқушы сөзі» деп жіктейтін болсақ, онда оны ғылыми тұрғыдан былай қарастырамыз:

- философия, социология – мұғалімі мен оқушының, жеке мен топтың өзара қарым-қатынасы;

- коммуникация теориясы, сөз қызметінің теориясы – қатынас түрі, сөйлесу қатынасы;

- еңбек психологиясы және мұғалімнің жеке қасиеті – мұғалімнің жеке даралығын жүзеге асыру тәсілі;

- шешендік өнер психологиясы мен сахналық өнері- шешендік өнерінің түрлері.

Көп жағдайда педагогикалық қызметке табыс әкелетін коммуникативтік іскерліктер:

- оқушылармен, ата-аналармен, қоғамдық жұмысты атқарушылармен және әріптестермен дұрыс педагогикалық мақсаттарға жету үшін өзара қарым-қатынасты орнату;

- мектепте, сыныпта ұжымаралық және ұжым ішіндегі қарым-қатынасты реттеу және дұрыс жолға қою;

- балалармен жақсы қарым-қатынасты орнату үшін қажетті және іс-әрекеттік формаларды табу.

Сондай-ақ болашақ мұғалім тәжірибесінде мына төмендегідей қолданбалы іскерліктер де қалыптасады:

- ән салу (таза айту, дикция, дауыс тембрі және т.б.);

- билеу (әр түрлі қозғалыстардың элементтерін – вальс, полька, халық билерін көрсету);

- сурет салу (музыкалық бейнелерді бейнелеу- нота, скрипкалық және бас кілттері, мелизмдер, көрнекі құралдар және т.б.);

- музыкалық аспаптарда ойнау (фортепиано, баян, домбыра, шулы аспаптар және т.б.);

- іс-әрекеттің әртістілігі (музыкалық шығарманың характерін көрсету);

- әр түрлі музыкалық ойындарды өткізу («Соқыр теке» және т.б.).

Мұғалім мен оқушының вербальді қызметі психология – педагогикалық әдебиетте бірнеше классификацияға жіктеледі;

Сабақтағы вербальді қызметті мұғалім және оқушы сөзі деп бөлу қабылданған. Мұнда дидактикалық қарым-қатынас басшысы ретінде мұғалім сөзіне басты назар аударылады. Біз мұғалім сөзі деп сабақ үстіндегі және еркін жұмыс кезіндегі ұстаздың шәкірт сұрақтарына жауап беруін, сондай-ақ сұхбат, дәріс, әңгіме өткізу, сабақ түсіндіру, т.б. формалар барысындағы сөз жүйелерін түсінеміз.

Сондықтан сабақты тыңдата білудің тиімділігіне жету үшін түсінбеуден түсінуге бару жолдарын және негізгі механизмдердің бұзылуына әкеп соғатын кедергілерді анықтап білу керек.

Бірінші кедергі- тыңдатуға көңіл бөлудің жоқтығы. Мұнда оқушының назарын мұғалімнің аударта алуы айрықша орын алады. Оқушыны бұған тәрбиелеу – оқыту тиімділігінің алғышарты. Ол үшін оның тыңдау қабілетін жетілдіріп, сабақты ұғынуды қалыптастыруға жағдай жасау керек. Яғни оқушының бүкіл назарын мұғалім өзіне және өтіп жатқан дәрісінің мәтініне бағыттай білуі тиіс.

Екінші кедергі – дауысты хабарламаны қабылдата білуді игермеу салдары. Өйткені, тыңдата білу бір жағынан тіл құралы – сөйлеу мәнері арқылы түсіндіріп, қабылдатуды, екінші жағынан сөзбен жеткізілген сабақ мазмұны ойлантып, толғантуды талап етеді.

Барлық фонологиялық тіл құралын қабылдану қабілеттері мен сөз саптау ерекшеліктері сөйлеу бейімділігі деп қарастырылады. Демек физикалық, фонетикалық, интонациялық компоненттерді жетілдіру – мұғалімнің дәрісті тыңдата білудегі тиімді екінші шарты болып табылады.

Тыңдаудағы басты механизм - айтылған сөзге ой жүгірте білу. Мәселен, Л. Выготский, Н.Жинкин, т.б. психологтердің зерттеулерінің нәтижесінде сөздің ойға айналатынын білеміз. Ал, ойлау үрдісінде әр нәрсені талдай білу қажеттілігі ерекше рол ойнайды. Соның негізінде адам ойы одан ары өркендеп, жетіле түседі.

Оқытудың дидактикалық мақсаты мен міндеттеріне байланысты дәріс кезінде сөйлеу мәнерінің түрлі жобаларын біліп, қайсысын қолдануды айқындау керек. Жаңа тақырыпты игертуде хабарлама сөйлем тиімді болса, оны нақтылау мен терең сіңіртуде мұғалімнің дәлелге толы сөздері әсерлі келеді. Сондай-ақ педагог өз монологіне сабақ өтудің декларативті және императивті формаларында пайдалануға болады. Яғни мұнда ауызша сабақ үрдісінде мұғалім мен оқушы арасындағы дидактикалық міндет мұғалімнің жеке басының қабілеті ерекше орын алады. Ол үшін мұғалімнің жеке сапалық қасиеттері жоғары болуы тиіс. Сонда ғана ол оқушыларының ішкі жан-дүниесіне үңіле алады., бойында бар адамгершілік қасиеттерін оятады және ғылыми көзқарастарын қалыптастырады, т.т. оқушыларды өзіне тарта, қызықтыра тәрбиелеп басқару олардың білімге, ғылымға деген құлшынысын күшейтеді, ілгері қарай жылжып, өркендеуіне өте қажет шығармашылық қабілеттерін ашады. Қысқасы, мұғалім сөзінің, жалпы бала тәрбиесіндегі өзіндік орны айрықша. Сондықтан бұл мәселеге ғылыми тұрғыдан қарап, әрбір мұғалім өзінің кәсіби шеберлігін жетілдіріп отыруы, педагогикалық техникаларды толық меңгеруі шарт. Ал педагогикалық техника дегеніміз- мұғалімнің өзін -өзі ұстай білуі, байқағыштығы, алғырлығы, сезімталдығы, сөзге шешендігі. Мұның ішіндегі ең бастысы- мұғалім сөзі. Өйткені мұғалім сөзінің оқыту – тәрбиелеу үрдісінде атқаратын қызметі кең ауқымды және ол арнайы зерттеулерді талап етеді.

Педагог-музыканттың конструктивтік қызмет негізіне келесі кәсіби мазмұндық іскерліктер жатады:

- оқу-тәрбие жұмысын жоспарлау;
- оқу-тәрбие материалын іріктеу(сабақ барысын алдын-ала
- жоспарлау, материалды меңгерудегі кездесетін қиыншылықтар);

- оқуды дифференциялау;
- оқушыларды жете білу және даралық әдісті жүзеге асыру;
- сабақтағы іс-әрекетті педагогикалық белсенділікпен ойластыру;
- өзінің педагогикалық тәжірибесін және басқа мұғалімдердің тәжірибелерін қорытындылау;
- оқушылар ұжымы тәрбиесінің және жеке тұлғаларының дамуына әсер
- ететін арнайы жағдайларды болжау.

Тіл байлығы – сөз байлығы. Ал сөз байлығы әр адамның лексикондағы қолданылатын сөздердің санымен байланысты болғанымен, негізгі байлық – ой байлығы, сол сөздерді қиюластырып, әсем де әсерлі ой мұнарасын қалай білуде. Себебі сөзді көп біліп, бірақ оны орынды ойлы, образды жұмсай алмасақ одан не пайда? Аз сөзге көп мағына сыйғызып, әр сөздің парқын, мән-мазмұнын, стильдік болуын дөп басып беру ойлау қабілетімен, оның творчестволық сипатымен ұштасып жатады.

Сөз қолдану мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Тіл тазалығы дегенге айтайын деген ойымыздың, сөзіміздің бөтен, бөгде элементтермен шұбарлануын талап етеміз. Әрине, бөтен тілден сөз алмай, таза ана тілі материалының негізінде ғана өмір сүретін әдеби тіл деген болмайды.

Сөз қолдану мәдениеті сөзді мағынасына сай дұрыс қолданумен қатар оны әсем де әсерлі, көркем, образды етіп жұмсауды да талап етеді. Сөз әсерлілігі сөзді мәнерлеп айту мен бейнелеу тәсілдеріне тікелей байланысты. Сөз мәнерлілігі сөйлеген кезде орфоэпия заңдылықтарын сақтаудан, сөздің екпінін, интонациясын дұрыс қойып айтудан көрінеді. Ал бейнелеу тәсілдері негізінен көркем әдебиет тіліне тән. Көркем шығарма тілінде сөз өзінің барлық бояу-нақышымен, сыр сипатымен, құпия астарымен, құдірет-қасиетімен көрінеді. Тенеу әсірелеу, метафора, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер – кейіпкер бейнесін сомдауда, баяндалып отырған әлеуметтік шындықтың шынай көрінісін ашық көрсетуде жазушының негізгі қаруы.

Сөйлеу әуезділігі буын екпіні мен сөз екпіні қолайлы орналасуынан болады. Ең алдымен буын екпіндерінің арасы тым жақын келсе, не алыс келсе, әуезділігінде кемшілік пайда болады. Тым жақын болып келу өңшең қысқа сөздер бірыңғай келгенде болады да, тым алыс болып келу өңшең ұзын сөздер бірыңғай келгенде болады.

Сөйлеу әуезділігі түрлі сөздердің үндері орайласып, ұнамды құралуынан болады. Олай құрастыру сөйлеушінің, яғни жазушының шеберлігіне байланысты. Сөздің кестесін келтіріп айту деген сөз, Абайдың «тілге жеңіл» деген сөзі – бұлардың бәрі сөйлеу әуезділігіне байланысты айтылған сөздер. Сөз

кестесі келсе құлаққа жағымды болады. Құлаққа жағымды болуы әуезділік болады. Сондықтан да ондай сөздердің сөйлемдері өрнекті сөйлем деп аталады.

Композицияны жоспарлау (материалды баяндау әдістері; композициялық – стилистикалық тәсілі). Текст түрлері (көркемдік, оқулық, публистикалық).

Сенім - бұл тәрбиеленушінің игі қасиеттерін қалыптастыру және жағымсыз қасиеттеріне жол бермеу мақсатымен олардың сана сезіміне ерік жігеріне ықпал жасау.

Мұның өзі әдетте мінез-құлық нормаларымен ережелерін адамгершілік принциптерін түсіндіру арқылы жүзеге асырылады. Алайда мұғалім мұны тек ауызша түсіндірумен ғана шектеліп қалмауы тиіс. Тәжірибе практика нақты істерде айналадағы адамдарға ең алдымен ұстаздың ата-аналарының жеке өнегесі де сендіреді. Бұл үшін кітаптар, кинофильмдер телевизия және радио хабарлары пайдаланылады.

Сенім арқылы тәрбиешілер мұғалімдер шәкірттердің сана-сезіміне әсер етіп олардың әрекеттері мен іс-қимылдарына деген жауапты қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасайды. Өмірге деген дұрыс көз-қарастарды қалыптастырады.

Сенім ұғымының екі мағынасы бар:

1. Ол адамның белгілі бір идеялары негізінде қалыптасқан дүние танымдығын құрамдас бөлігін айқын көз қарасын бір нәрсеге деген сенімін білдіреді.

2. Ол тәрбиелеу тәсілдерін белгілеу үшін қолданылады. Бұл тәсілдер тәрбиеленушінің сана сезіміне жоспарлы және нысаналы түрде педагогикалық ықпал жасауды, оларды моральдік саяси білімімен қаруландыруды көздейді.

Осы білімге сүйене отырып, оқушылар мінез құлықтың оқушылардың мінез құлықтарының дұрыс бағытын таңдай алады, айналасындағы адамдардың іс қимылымен әрекетін сын көзбен салмақтап өз мінез құлқын дұрыс бағалай алады.

Мұғалімнің шеберлігі бәрінен де оның қоятын сұрақтарынан айқын көрініс береді.

Мұғалім қоятын сүйемелдеу сұрақтар оқушы ойына қозғау салатын негізгі күш. Ол ойға бағыт береді, өзгертеді, шапшаңдатады немесе баяулатады. Оқушылар ойының бағыты, өріс алуы қандай қорытындыға келуі мұғалімнің сұрақтарына байланысты.

Мұғалімнің сүйемелдеу әңгімесі үстінде қоятын сұрақтарын дайындау демеу және жетелеу сұрақтары деп бөлуге болады.

Дайындау сұрақтары арқылы мұғалім оқушылардың алдын-ала тәжірибесін ұйымдастырады, оқығанды талдауға неғұрлым толығырақ

пайдалану үшін осы тәжірибенің сандық және сапалық жәрдемімен мұғалімнің оқушылардың оқыған шығармаларының мазмұнын негізгі кейіпкерлердің образдарын жеке сөз өрнектерін және тағы басқаларын мәнді байланыстырады, қарым-қатынастарын естерінде қалғандарын тексере алады.

Демеу сұрақтары оқушылардың ақыл ойын ынталандыра түсетін негізгі тобы. Олардың қатарына түбегейлі өз ара байланыстарды аша түсетін және дәлелдеуге қажетті проблемалық сұрақтар жатады.

Нақты шығарманы талдауға қатысты өлшеу сұрақтары текстің өзінен туындап отырады. Олардың дайындау сұрақтары сияқты алдын-ала жоспарлауға белгілі бір ретке келтіруге болады.

Мұғалімнің алдына қойған тапсырмасы бойынша демеу сұрақтарын белгілі жүйелерге топтауға мүмкіндігі бар.

Импровизация – сөйлеу мәдениетін жандандыруда қажетті. Импровизация – алдын-ала жоспарланған қатынас түрлерін қадағалаушы және бағыттаушы. Импровизация кезіндегі іс-қимылдардың реттілігі:

- ситуацияны тез анализдеу, әсер ету қатынас құралын таңдау;
- өз-өзіне әсер ету;

- импровизация нәтижелерін түсіну мен ойлауға қатысты бағалау ситуациясы.

Жетелеу сұрақтарына деген қажеттілік сабақ үстінде туады. Оларды барлық кезде алдын-ала ойластыруға болмайды. Бірақ олардың ұтқырлығы мен тереңділігі қайда – қалай түсетіндігі көбіне осыған байланысты.

Сөз өнері музыка сабақтарында оқушылардың шығармашылық белсенділігін ұйымдастырудың және арттырудың факторы қызметін атқарады. Музыка мен сөз өнерінің көмегімен балаға жеткен идеялар, ойлар, сезімдер оның бойында қызығушылық тудырады, ерік жігерін жұмылдырады, музыкалық есту әрекетіне тартады, итермелейді. Музыка мұғаліміне қойылатын негізгі міндеттерінің бірі: өз басының сөйлеу мәдениетін әрдайым жоғарғы деңгейде ұстауы, сол арқылы ғана оқушылардың музыкаға деген қызығушылығына қолайлы жағдайлар жасай алады. Сабақтағы музыка тыңдай, талдау, түсіндіру, қорытындылау әрекеттерінің нәтижелігі мұғалімнің сөз шеберлігіне, икемділігіне, шығармашылық қасиетіне байланысты. Мұғалім тек белгілі бір шығарманы орындап қана қоймай, ол туындылар жайлы әңгіме жүргізеді, пікір алысады, музыканың әсер ету күшінің мүмкіндігін сөз арқылы жеткізе түсеге тырысады.

Мәселен, күй жанры талдау барысында қобызға арналған сан алуан күйлердің авторы, шебер орындаушы Ы.Дүкенов – халық композиторы өзінің

аспапта ойнау шеберлігі мен тыңдаушыларға ерекше әсер ете білгендігі, қобызда жан-жануар, құстың дауысына еліктеп әртүрлі дыбыс әуендерін салғаны жайлы әңгіме жүргізуге болады. «...Бір күні Ықылас қобызда қасқырдың ұлығанын орындайды. Әуелі жалғыз ішекте бір қасқырдың, одан кейін екі қасқырдың, ақыр аяғында ұлыған көп қасқырдың үнін келтіреді... Ықыластың ойынын естіген ауыл иттері қобызда орындалған сазды ұлыған қасқырлар үніне салып ауылды айнала шауып мазасызданып үре беріпті»

Болмаса, Раздықтың «Аңшының зары» күйін тыңдатпас бұрын төмендегідей әңгіме жүргізе аламыз. Раздықтың бұл күйінде ағайынды екі жігіт ортасында өткен тарихи трагедия баяндалады. Аңшылықты кәсіп қылған екі ағайынды бір себептермен елден кетіп, таудың шатқалын мекендейді. Күндердің күнінде екеуі қырқада аң аулап жүргенде, ағасы бір құлан атып алады. Құланның етін қапқа салып, терісін дегдітіп отырғанда, аспанды аяқ астынан бұлт торлап, қылың нөсер бұршақ құйып кетеді. Аңшы тастың қуысында құланның терісін күркелеп, паналауға мәжбүр болады. Інісі оны құлан екен деп атып келіп қараса өзінің ағасы екенін байқайды. Еңіреп жүріп, ағасын арқалап қасына әкелуге батылы бармай, бір жерге жайғастырып, ауылына келеді. Керегедегі қоңыр домбыра қолына түсіп, бір мұнды күй шертеді. Сезімтал жеңгесі: «Күйің зарлы ғой, осы ағаңнан айырылып қалғаннан саумысың?» - депті. Сонда аңшының қолынан домбыра түсір кеткен екен дейді аңыз.

Мұғалімнің жеткізген бұл көркем, орынды, әсерлі де мәнерлі әңгіме – сөзі музыканы тыңдай, қабылдай білуге қызықтырып, оларды толғандырып, ойландырып, жүйелі түрде оны тыңдауға, талдап, салыстыруға бағыттайды.

Сонымен қатар, Құрманғазының «Сарыарқа», «Кісен ашқан» шығармалары Х. Ерғалиевтың «Құрманғазы» поэмасынан, Ә. Қастеевтың «Құрманғазының өмірімен творчествосы» атты тақырыптық суреттермен байланыстырылса, Айша бибі мазары, ол жайлы аңыз әңгіме Айша бибі ою-өрнегімен ұштастырылып, А. Қоразбаевтың «Айшаның әні» шығармасымен, Махамбеттің күй-термелері, Наурызбай мүсіншінің туындыларымен, Г. Исмайлованың «Дина» шығармасын Д. Нұрпейісованың туындыларымен және С. Бақбергеновтың «Қайран шешем» еңбегімен, К. Байсейітованың орындауында бейнеленген «Қыз Жібек», Шараның орындауында бейнеленген «Қазақ вальсі» Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсы, Л. Хамидидің «Қазақ вальсі» әндерімен ұштастырылып, проза-поэзиялық мақал-мәтел, нақыл сөздерді нақты қолданғанда ғана, оқушының қызығушылығы артып, сана - сезімі, ақыл – ойы өсіп, жетіліп, музыканың небір құпия сырларына үңіле алатыны анық.

Н.Тілендиевтің «Аққу» күйімен таныстыру барысында I-курс студенті Арай композитордың шығармашылық өмірін баяндай келе, аққу тақырыбын өнердің түрлі салаларымен (кино, театр, ән, күй, поэзия, би, бейнелеумен) байланыстырып, көркем суретті қолдана отырып, тәкәшпар, сұлу, адал киелі құстың бейнесі М.Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасымен толығымен шебер аша білді.

«...Аққулар...»

Аққу мойын, сүмбе қанат,
Алаңсыз тарануда күнге қарап.
Айдынның еркелері, білмей тұрмын,
Етермін тағдырыңды кімге аманат?...

Музыка жайындағы осындай әңгімелерден кейін, студенттердің қызығушылығы артып, музыканы талдау барысында көптеген жетістіктерге жетті.

«Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар,

Әннің тәтті оралған мәні оятар», - деген Абайдан бастап, ән құдіреті, мазмұн мәні, маңызын талдай келе, күміс көмей, жез таңдай әнші Қазақстанның халық әртісі, Мемлекеттік сыйлық иегері Жүсіпбек Елебеков жайлы лекция – концерт өткізуге болады. ... Таудан аққан таза бұлақ сылдырындай ағылып төгілген сиқырлы үн бірде аспанға өрлеп қалықтаса, енді бірде мұңға толы сырлы саз сезім қылын тербетіп, тыңдаушысын тербетіп, тыңдаушысын терең ойға шомдырады. Сыршыл сұлу лириканың иесі Жүсіпбек орындауындағы «Ғалия», «Арарай», «Балқұрай», «Сегіз аяқ» т.т. әндер адамның ішкі дүниесін тербеп, нәзік иірімдерімен, әшекейлі өрнектерімен баурайды. Ж.Елебековтың театр сахнасындағы сан алуан тұлғаларды кемеліне келтіре жоғарғы дәрежеде орындауының табыс кепілі, бір жағынан, әншілік өнері болса, екіншіден, халықтың өмір тіршілігінде кездесетін ірілі-уақты оқиғаларға құрылған аңыздар мен ән-жырларға қанықтығының маңызы зор еді. Бойындағы барлық жарасымды қасиетін халықтың рухани азығына айналдырған әнші есімі әрқашанда ел аузында, көпшіліктің көңілінде сақталып, өнегелі ұрпақ, шәкірттері өлмес өнерін өзіндей етіп жалғастыра береді.

Расында, мұғалім сөзі музыкалық шығарма алдында және оның мәнерлілігін талдау барысында қолданған кезде оқушылардың музыканы айқынырақ аңғаруының белсенділігі артады. Себебі, оқушылардың зейіні шығарманың бейнелілік жағына аударылып, қызығушылығы артады, қабылдау үшін қажетті дайындық құрылады, олардың қиялы мен сезімдік жауабы оянады. Сабақтағы музыка тыңдау, талдау және әрбір әңгіме сайын оқушылар белсенді ізденіске тартылып, музыкалық бейнелер мен идеяларды табуға қатысады, олардың музыкалық шығарманы қабылдауы мен орындауы айқынырақ болады .

Сонымен, мұғалім жұмысының нәтижелілігі оның кәсіби даярлығына негізделі отырып, сөз шеберлігіне тікелей байланысты. Мұғалім сөзі сезімге бай музыкаға сүйіспеншілікке толы, музыканы түсіне білуге үйретуде ықылас-ниеті ақын да шынайы болғанда ғана сабақтағы әрбір баланың оқу нысаны - мәдениеттің биік деңгейінде болуы – музыка пәні оқытушысы үшін қажетті сапа.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тіл мәдениеті ғылымының зерттеу нысаны да тілдің басқа салалары сияқты – сөз. Мәселен, тілдің фонетика саласы сөздің дыбыстық жағын, лексикология мағынасын, морфология құрамын, сөзжасам құрылымын, синтаксис сөйлемінің құрылысын қарастырады. Ал, тіл мәдениеті ғылымы сөздің дұрыс дыбысталуын, мағынасына сай дұрыс қолданылуын, емле ережесіне сай дұрыс жазылуын, қосымшаның дұрыс қосылуын, сөздердің бір-бірімен дұрыс тіркесіп, сөйлемнің дұрыс құралуын және ойдың көркем де айқын берілуін қарастырады, зерттейді. Демек, тіл мәдениеті ғылымы тіл білімінің барлық салаларымен тығыз байланыса отырып, әр саланың қалыптасқан заңдылықтарының дұрыс сақталуын талап етеді.

Тіл мәдениеті ғылымы ғылыми еңбектерде: баспасөз тілінің мәдениеті, сөйлеу тілінің мәдениеті немесе ауызша сөйлеу мәдениеті және сөз қолдану мәдениеті делініп әр түрлі жіктеледі. Ауызша сөйлеу мәдениеті әдеби тілдің орфоэпиялық нормасына негізделеді. Атап айтқанда, сөйлеу актісінде қатар немесе алшақ тұрған дыбыстардың бір-біріне әсер етіп, сөздің құлаққа жағымды естілуі.

Сөз дәлдігі. «Тіл дәлдігі деп ойлаған ұғымға сөз мағынасы сәйкес келуі айтылады.

Жоғары оқу орындарындағы студенттердің немесе мектептегі оқушылардың білімге деген құштарлығы, ынтасы, талпынысы сабақ берер мұғалімінің жан-жақтылығына өз мамандығының шебрлігіне жәнете сөйлеу мәдениеттілігінде. Себебі әр оқушы сол оқытушысына ұқсауға талпынады.

Қорытындылай келе, педагог-музыканттардың сөйлеу мәдениетін тәрбиелеуде қойылатын мақсат – әдебиеттің мәні, тарихы мен бүгіні, шешендік өнердің алуан түрлі сипаттары туралы мағлұматтар бере отырып, оқушылардың сөз мәдениетін жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне сай орынды жұмсай білуге үйрету, интеллектуалдық қабілеттерін арттыру. Осы мақсатқа сай туындайтын негізгі міндеттер:

- сөйлеу мәдениеті негіздерін меңгерту;
- сөз қолданудың ұлттық дәстүрлерін жаңғырта отырып, сөз әдебінің нормаларын меңгеру;
- іс-қағаздары үлгілерін сауатты жазуға дағдыландыру, жазба тіл мәдениетін қалыптастыру;
- қарым-қатынас түрлерінің сөз мәдениетімен, стильмен арақатынасын таныту; - шешендік өнердің мәні мен тарихы туралы мағлұмат беру;
- шешен сөйлеуге төсемді әлеуметтік-тілдік дағдыларын қалыптастыру;
- пікірталас түрлері, олардың маңызы туралы білім беру;

- оқушыны пікірталас мәдениетіне баулу;
- ұлттық көркем сөз нормаларын меңгерту ауқымында белгіленді .

Яғни, бүгінгі таңда білім беру саласында кәсіби тілді, терминологияны меңгеріп, дамыту қазіргі кезде музыкалық педагогикада қажет ететін үрдіс дегіміз келеді. Себебі жас орындаушылар өздері ойнап жүрген шығармалар туралы мазмұнды баяндай алса, туындының тыңдаушыға да әсері мол болады. Ал, педагог-музыканттардың сөйлеу мәдениеті неғұрлым жоғары болса, орындаушылықтың қыр-сырын үйренушіге жеткізуде көмегі мол болары сөзсіз

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Педагогическая энциклопедия.- М.: Советская энциклопедия, 1965.-311 с. Т.2.
2. Абалкова Б., Игібаева А.К. Интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениетін дамыту / Б. Абалкова, А.К. Игібаева // С. Аманжолов атындағы ШҚМУ –дың жас ғалымдары конференциясының баяндамалары.-Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы,2004.-392 б.
3. Қазақ тілінің сөздігі /Т. Жанұзақов. – Алматы: Данк Пресс, 1999. -776 б.
4. 190. Рубинштейн С.А. "Бытие и сознание" О месте психического во всеобщей взаимосвязи явлений материального мифа. - М., АН СССР, 1957. - с.328.
5. Апраксина О.А. О праве учителя-музыканта на эксперимент //Музыкальное воспитание в школе. - М.: Музыка, 1978. - Вып. 13.-С. 66-76.
6. Назарбаев Н. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы туралы. Президенттің Қазақстан халқына жолдауы. – Қазақстан-2030. – Алматы, 2004. – Б. 13
7. Закон Республики Казахстан. Об образовании. // Казахстанская правда. - 1999.-11 июня.-с. 3.
8. Ушинский К.Д. О народности в общественном воспитании. Педагогические сочинения: В 6 т. Т.1. /Сост. С.Ф.Егоров. -М.: Педагогика, 1988.- с. 194-256.
9. Алтынсарин Ы. Избранные произведения. Алма-Ата, 1967. - с.291.
10. Сперанский М. Правила высшего красноречия. М. 1996
11. Аль-Фараби. Избранные трактаты. /Перевод с арабского. -Алматы: Ғылым, 1994.-С.337.
12. Баласағунский Юсуф. Благодатное знание // В кн. К.Б.Жарыкбаева, С.К.Калиева "Антология педагогической мысли Казахстана". — Алматы: Рауан.1995. -с.47-48.
13. Жумабаев М. Педагогика. - Алматы: Ана тип, 1992. - 69 - 134 б.
14. 20. Макаренко А.С. Художественная литература и воспитание. Сп. изд. 2-е. Т.5. АПН РСФСР, 1960. - с. 358-387.
15. Кертаева Ғ.М. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 38
16. Белинский В.Г. Взгляд на русскую литературу 1847г. Избр. философ. соч., т.II., Москва - 1948.
17. Кертаева Ғ.М. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 38
18. Жүнісов А. Бабалар дәстүрі. – Алматы, 1992. – Б. 10
19. Даналардан шыққан сөз. Құрастырған. Асыллов Ұ. – Алматы, 1987. – Б. 312-322

20. Құнантаева Қ. Қазақстанда халыққа білім беру ісінің дамуы. – Алматы: Ғылым, 1998. – Б. 138
21. Дистервег А. Избр. пед. соч. – М., 1956. Б 73
22. С.А.Ұзақбаева “Тамыры терең тәрбие” Алматы 1995 ж.
23. Маманов Ы.Е.“Тіл мәдениеті ” Алматы. Білім 1985 ж.
- 24 Бейсембаева З. Б.“Тіл байлығы – ой байлығы” Алматы 1983 ж.
25. Сыздықова Р.“Сөз мәдениеті мәселелері – Қаз. ССР Ғылым академиясы” Хабары, филология сериясы № 1. 1985 ж.
26. Уалиева Н. “Сөз мәдениеті” Алматы. Білім 1985 ж.
27. Сұлтанова М.С. “Оқытушылардың, аспиранттардың және ғылыми ізденушілердің мақалалар жинағы” Алматы 1996 ж.
- 28 Байтурсынов А. Акжол: өлендер мен тәржешелер, публ. мақалдар және әдеби зерттеу. / Құрастырған Р.Нургалиев. - Алматы: Жалын, 1991. - 464 б.
- 29 Алдамуратов. Ә. Жалпы психология.-1996ж.
30. Тұранқұлова Д. Көркемсөз оқу шеберлігі. – А.: «Білім», 2001 ж.
31. Қалимұқашева Б.Д. Студенттерге шешендік өнерді үйрету әдістемесі. –А., 2000 ж
32. Теплов Теплов Б.М. «Психология музыкальных способностей» - М., 1978.
33. Дмитриева Л.Г. Творческие задания на уроке музыки / // Искусство в школе. - 2006. - № 2. - С.14-17.
34. Маманов Ы.Е. “Тіл мәдениеті ” Алматы. Білім 1985 ж.
35. Исаева М.С., Бисембаева З.Б. “Тіл мәдениетінің негіздері ” Алматы 1988 ж.
36. Джардемалиева Р.Р. “Слова учителя на уроке музыки” Радянька школа. Киев
- 37 . Сұлтанова М .С. “Педагогическая рефлексия и формирования речевых навыков учителя – музыканта” Поиск. Алматы 1999 г.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1. Сөйлеу мәдениеті ұғымы және оның мәні.....	5
2. Сөйлеу мәдениетінің құрылымы.....	19
3. Әдеби тіл нормалары.....	31
4. Болашақ мұғалімдердің сөйлеу мәдениетін қалыптастыру және дамыту	40
5. Коммуникативтік функциялар, сапалық көрсеткіштер, мұғалімнің сөйлеу техникасы.....	53
6. Музыкалық педагогикадағы сөйлеу мәдениеті мәселесін зерттеу жағдайы.....	60
Қорытынды.....	75
Пайдаланылған әдебиеттер	77
Мазмұны.....	79